ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

# МУЗЕЙ ӘЛЕМІ

ғылыми-танымдық журналы №4-2025





Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.

Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ


Бас редактор:
**Айгүл Айтмуханова**

Жауапты редактор:
**Эльмира Абдукамалова**

Редакторлар:
**Қымбат Елтайқызы**
**Тазагүл Қабыкенқызы**

Суретші-дизайнер:
**Аида Смайлова**

Фототілші:
**Қанат Мусин**

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №4-2025
ISSN: 3106-4485

*Редакцияның мекенжайы:*
010000, Астана қаласы
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме
*Байланыс телефондары:*
+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)
e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

*Журнал жылына 4 рет шығады*
Пішімі 205х275 мм. Офсеттік басылым 4+4
Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

«Астана қаласының жас мүгедектері»
*Баспахана мекен-жайы:*
Астана қ., Е 489, 6
*Тел.:* 8 701 251 90 17

# МАЗМҰНЫ


**Халықаралық тәжірибе**

**Халимбай А.** Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыс және бүгінгі сабақтастық....4

**Алимхожина А.** Мәдениетаралық диалог пен шығармашылық ынтымақтастықтың дамуы: Ә. Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің халықаралық көрмелері....9

**Костюкевич А.** Отдел научной консервации археологических артефактов Института истории НАН Беларуси – основные функции и перспективы развития....14

**Мұра және қалпына келтіру**

**Тулегенова К., Шайкенова А.** Совместная реставрационная работа в рамках сотрудничества между Нацмузеем РК и Национальным центром рукописей и редких книг....22

**Тұлғалар тағылымы**

**Мукашева Г.** Оразак Исмагулов – основоположник Казахстанской антропологии....25

**Қадірімбетова Н.** Қазақ археологиясының тұңғыш қызғалдағы....28

**Кубашева Е.** «Она умела превращать рассказ в искусство...»....33

**Дидар Ш.** Жанында жүр жақсы адам....35

**Исабаева К.** Понимающая все Алмагуль....40

**Жұманиязова Ә., Кусайнканова Ж., Сейсембаева Ш.** Виктор Селевин және музей....45

**Таймагамбетов Ж.** Он предан науке....48

**Тарихи орын**

**Исина З.** 10 лет жизни, проведенных в исправительно-трудовом лагере....52

**Шарипов Р.** Ортағасырлық Қастек қалашығы....57

**Қор қазынасы**

**Абдибекова Ш.** Ұлттық музей қорының қызметі....60

**Рахтаева А.** Қазақ халқының дәстүріндегі сандықтың рөлі....61

**Аксакалова Ж.** Ұлттық музейдегі «Бейнелеу өнері залы №1» экспозиясындағы кескіндемелік туындыларға көркем шолу....68

**Ибрагимова Э.** Жүмекен әлемі жәдігер тілімен....75

**Мұратбекова Б.** Қола дәуірінің сүйек конькилері....76

**Жарылқасын А.** Құлдықтан – сұлтандыққа: қыпшақ мәмлүктерінің тарихы....78

**Музей тынысы**

**Халимбай А.** Ұлттық өнердің ұлағаты....81

**Сафуллин Ж.** Пушкиннен Шолоховқа дейін: уақыт үндестігі....85

**Тауасарова Д.** Алманың алтын бесігі: Алатау баурайындағы сиверс ғажайыбы....88

**Рахатова М.** Ш. Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейінің құрылу тарихы мен қызметі....91

**Тауасарова Д.** Жібектalks: өнер мен жанның диалогы....95

**Қонысбекқызы Қ.** Мәдениет қайраткері Қонысбек Ақжасар есімін ардақтаған байқау....98

**Мәдени мұра**

**Кемелова К.** Қазақ халқының салт-дәстүрінің бүгінгі жай-күйі....102

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ БҮГІНГІ САБАҚТАСТЫҚ

***Амангүл Халимбай***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Мәдениет – ұлттың рухани коды, яғни, оның өткенін болашақпен жалғап тұратын киелі көпір. Әр халықтың мәдени өмірі көрші елдермен байланыс арқылы байып, өркениеттердің тоғысуымен кемелденеді. Дәл осындай тарихи өзара ықпалдастықтың тамаша үлгісі – Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыс. Бұл байланыс мыңжылдық тарих қойнауынан бастау алып, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жаңа мазмұнмен қайта жаңғырды.

Қазақ жері мен Қытай арасындағы мәдени байланыстардың бастауы Ұлы Жібек жолы дәуірімен тікелей байланысты. Ежелгі дәуірде бұл жол арқылыжібек, фарфор, шай мен дәмдеуіштер ғана емес, сонымен қатар идеялар, өнер, жазу және музыка таралып, халықтар арасындағы рухани байланыстар нығайды. Сол дәуірдегі мәдени ықпалдастық бүгінгі Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени дипломатияның негізіне айналды.

Тәуелсіздік жылдарында бұл тарихи байланыс жаңа мазмұнмен толығып, жаңа кезеңге қадам басты. 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнап, мәдениет, білім, туризм, әдебиет пен өнер саласында кең көлемді ынтымақтастық басталды.

2022 жылы екі ел басшылары өзара келісім нәтижесінде Бейжің қаласында Қазақстан мәдениет орталығы және Астана қаласында Қытай Мәдениет орталығын ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Бұл шешім көпғасырлық мәдени сабақтастықты жаңғыртудың стратегиялық қадамы болды.

2025 жылғы 22 мамырда Қазақстан Үкіметі «ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Бейжің қаласындағы Қазақстан мәдениет орталығын» ашу туралы қаулы қабылдады. Бұл – Қазақстанның шетелдегі алғашқы мемлекеттік мәртебесі бар мәдениет орталығы. Орталық Бейжің қаласының Чаоян ауданында орналасқан және оның жалпы аумағы – 620 шаршы метрді құрайды.

Орталықтың басты мақсаты – Қытай қоғамына Қазақстанның бай мәдени мұрасын,тарихы мен ұлттық өнерін және заманауи шығармашылығын кеңінен таныстыру, сондай-ақ екі халық арасындағы рухани байланысты нығайту.

Орталықтың құрылымы мен мазмұндық бағыттары:

- Көрме залы (экспозициялық кеңістік) – бұлаймақ мәдени орталықтың маңызды бөлігі саналады. Мұнда жүзден астам тарихи жәдігерқойылған. Олардың ішінде сақ дәуірінен бастап XX ғасырдың бас кезіне дейінгі тарихтан сыр шертетін жәдігерлер мен артефактілер, ұлттық аспаптар, қару-жарақ, ұлттық киім үлгілері, зергерлік бұйымдар мен қазақстандық суретшілердің туындылары бар.

- Конференц зал мен кинозал – келушілер мультимедиялық экрандар арқылы Қазақстанның табиғи және мәдени көрікті жерлері жайлы деректі фильмдер мен бейнематериалдарды интерактивті түрде тамашалай алады.

- Кітапхана және коворкинг аймағы – бұлбөлімде еліміздің тарихы мен мәдениетіне арналған әдебиеттер, сондай-ақ қазақстандық авторлардың түрлі жанрдағы шығармалары шет тілдерде ұсынылған. Олардың қатарында Абай Құнанбайұлы еңбектерінің қытай тіліндегі нұсқалары да қойылған.

- Қазақ тілі кабинеті – мұнда балалар мен ересектерге қазақ тілі курстары өтеді және тілдік клубтар да жұмыс істейді.

- Музыка және шығармашылық кабинеті – бұлжерде дәстүрлі қазақ музыкасы жайында біліп қана қоймай, домбыра, қобыз аспаптарын ойнауды үйреніп, ұлттық қолөнердің қыр-сырымен таныса алады.

Бұған қоса, орталықта қазақтың ұлттық







тағамдарын ұсынатын елімізге танымал мейрамханалар желісі келушілерге этникалық мәдениетті дәм арқылы сезінуге мүмкіндік береді.

Ашылу рәсімі және жас буынның шығармашылық белсенділігі

2025 жылғы 2 қыркүйекте Бейжің қаласындағы Қазақстан Мәдениет орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, бұл орталықтың екі ел арасындағы достық пен мәдени әріптестікті нығайтудағы маңызын ерекше атап өтті.

Орталықтың ашылу күні ерекше мәдени іс-шаралармен есте қалды. Сол күні мен де осы игі шараға қуә болдым. Музыка және шығармашылық кабинетінде Чаоян педагогикалық университетінің жанындағы бастауыш мектептің 10-11 жастағы оқушыларына киіз басудан шеберлік сабағын өткіздім.Балалар қазақ халқының қолөнер түрімен алғаш рет жақын танысты. Шеберлік сабағында қазақ халқының тұрмысында кеңінен қолданылған киіз басу өнерінің тарихын білген соң, олар өз қолдарымен тәжірибе жасап көруге асықты. Жүннің жұмсақтығын сезініп,киіз басудың әдіс-тәсілдерін қызыға орындады. Әсіресе, киізден шағын ою-өрнек жасап, оны біріктіріп кілемшеге айналдыру сәті оқушыларға ерекше әсер қалдырды. Киіз басу үшін тек табиғи жүн мен сабынды судың жеткілікті болуы, яғни күрделі құрал - жабдықсыз, бар болғаны сабынды сумен жүнді уқалау арқылы әсем бұйымның пайда болуы балаларды таңғалдырды. Бұл сабақ жас буынға қазақ халқының тұрмыс-салты мен қолөнер дәстүрінің философиясын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Ашылу рәсімінің әсерлі сәттерінің бірі – қытай балаларының қазақтың қара домбырасымен орындаған попурриі болды. Олар қазақтың күйлерін және қытайдың әуендерін біріктіріп, ерекше музыкалық композиция ұсынып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Қазақ тілі кабинеті қытайлық оқушылар мен студенттер арасында









зор қызығушылық тудырды. Сабаққа қатысушылар қазақ тілінің әуезділігін, мақал-мәтелдердің мәнін тереңірек түсіне бастады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен мәртебелі меймандар шеберлік сабағын тамашалап, балалардың тартқан күйін тыңдап, қазақ тілін үйреніп жүрген балалармен тілдесіп, олардың қызығушылығы мен ықыласына зор баға берді.

Бейжіңдегі Қазақстан Мәдениет орталығының ашылуы – мәдени дипломатияның заманауи моделі. Ол – көрмелер мен концерттердің алаңы ғана емес, халықтардың жүрегін жақындататын рухани көпір. Бұл бастама арқылы Қазақстан өз мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттап қана қоймай, өзге халықтарға ұлттық дәстүр мен заманауи өнердің үйлесімін көрсетуге мүмкіндік алды. Ал Қытай халқы қазақ мәдениеті арқылы Еуразия кеңістігінің мәдени әртүрлілігін тануға жол ашты. Мәдени байланыстардың мұндай форматы бейбітшілік пен өзара сыйластық идеясын нығайтып, жас ұрпақтың бойында рухани төзімділік пен көпмәдениеттілік құндылығын қалыптастырады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстар терең тарихи тамырларға негізделген. Ұлы Жібек жолының шаң басқан іздері бүгінгі мәдени орталықтың шырайына жаңа тыныс беріп тұрғандай. Бұл орталық арқылы халықтар бір-бірінің өнері мен әдебиетін, тарихын ғана емес, адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды таниды. Мәдени байланыстар – халықтардың жүрегін біріктіретін алтын көпір. Сол көпірдің ар жағында өзара сыйластық, ынтымақ пен бейбіт өмір қатар өріледі. Қазақстанмен Қытайдың мәдени достығы – сол алтын көпірдің ең нұрлы жібі, өткен мен болашақты жалғаған мәңгілік рухани сабақтастық.

Фото: Ақорда, ҚР Ұлттық музейі

# МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ДАМУЫ: Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР ҰЛТТЫҚ ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕРІ

***Ақбота Алимхожина***
*Ә. Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейі*
*Алматы қ.*

Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі – еліміздің көркем мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан ірі мәдени орталықтардың бірі. Мұнда Қазақстан мен шетелдің бейнелеу өнері туындылары, қолданбалы өнер үлгілері және халық шығармашылығы кең көлемде қамтылған. Соңғы жылдары музей халықаралық деңгейдегі көрмелер ұйымдастыра отырып, өнерді жаһандық диалог алаңына шығарып келеді.

Соңғы үш жыл ішінде музей шетелдік музейлермен және мәдени орталықтармен тығыз ынтымақтастық орнатып, халықаралық серіктестікті белсенді түрде дамытып отыр. Атап айтқанда, Корея, Франция, Жапония, Түркия, Қытай және Ресей елдерінің өнер ұйымдарымен бірлескен көрмелер ұйымдастырылды. Мұндай халықаралық жобалар Қазақстан мәдениетін шетелдік көрерменге танытуға жол ашып, елдің мәдени дипломатиясына серпін беріп келеді.

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінде өткен маңызды халықаралық көрмелердің бірі – Корей фотосуретшісі Ок Сун Кимнің «Сенің және менің әңгімем» атты жеке көрмесі. Экспозицияда автордың 47 фотожұмысы ұсынылып, олар арқылы табиғат көріністері, қоршаған заттар мен түрлі себептермен – матримониялық мақсатпен қоныс аударған, жұмыс іздеген немесе табиғи апаттардан бас сауғалаған бейтаныс адамдардың тағдыры бейнеленді.

Кореяның жетекші фотосуретшілерінің бірі Ок Сун Ким өзіндік сана-сезім мен сәйкестік мәселелерін зерттеген алғашқы жұмыстары арқылы кеңінен танымал болды. Оның шығармашылығы патриархалды әлеуметтік құрылым аясында өмір сүретін әйелдердің тағдырына терең үңілуімен ерекшеленеді.

Бұл жұмыстар суретшінің көшіқон тақырыбына, әсіресе миграциялық үдерісті басынан өткерген жандардың жеке тағдырларына деген қызығушылығы арта түскенін айқын көрсетеді.

Өнер музейінде өткен тағы бір маңызды оқиға – Санкт-Петербург көркемөнер академиясы ұсынған «Фигуративті өнер» көрмесі. Көрме аясында Санкт-Петербург академиялық мектебінің оқытушылары мен түлектерінің жүзден астам туындысы қойылды.

Экспозицияға ұсынылған туындылар композициялық шеберлігімен, кең көлемді пішімдерімен, бояу палитрасының қанықтығымен және таңдалған тақырыптарының тереңдігімен ерекшеленді. Академияның ұзақ жылдар бойы жинақтаған кәсіби тәжірибесі мен бұл оқу орнынан шыққан әлемдік деңгейдегі ұлы суретшілер легі аталған білім ордасының өнер кеңістігіндегі беделін айқын көрсетті.

Цифрлы форматтағы көрмелер де назардан тыс қалмады. «Цифрлы күз: Ішінде болу» және «VR және фотосурет: Француз заманауи өнері» көрмелері қазіргі таңда өзекті болып отырған цифрлық даму дәуірінің талабына сай ұйымдастырылды. Көрме Алматы қаласында өткен «Цифрлы күз» фестивалі аясында жүзеге асқан болатын. Фестиваль Қазақстандағы Франция елшілігі мен Француз институты Less Media Group және Esentai Gallery серіктестігімен бірлесіп, өткізілді. Іс-шара аясында көрермендер француз цифрлы өнерінің үздік үлгілерін тамашалау мүмкіндігіне ие болды. Атап айтқанда, фотокөрме бөлімінде француздың салааралық суретшісі Адель Желански өзінің 25 жұмысын ұсынды. Оның туындылары көркемдік тәсіл мен сандық технологияны үйлестіре отырып, заманауи визуалды тәжірибенің жаңа өлшемін қалыптастырды.



2024 жылдың аса ірі көрмелерінің бірі – Әбілхан Қастеевтің (1904-1973) туғанына 120 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Әбілхан Қастеев. Ғасыр мұрасы» атты көрмесі.

Көрмеде XX ғасырдың көрнекті қазақ суретшісінің шығармашылық эволюциясын қамтыған ретроспективалық экспозиция ұсынылды. Онда Ә. Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейі қорынан 300-ден астам кескіндеме және графика туындылары қойылды.

Бүгінде суретші туындылары Қазақстан мен шетелдегі көптеген музей мен жеке коллекцияларда сақтаулы. Қастеевтің шығармалары туған ел мен оның адамдарына деген сүйіспеншілікті шынайы әрі әсерлі жеткізеді. Ол өз өнерін халқына қызмет етуге арнап, әрбір туындысында елінің жарқын болашағына деген сенім мен үмітті көркем түрде бейнеледі.



Көрме суретшінің тақырыпты бейнелеудегі шеберлігі мен тәжірибесін, сондай-ақ уақыт пен кеңістікті ұтымды пайдалану арқылы қалыптасқан қайталанбас, өзіндік қолтаңбасын айқындағанын тағы да бір мәрте дәлелдеді.

«Еркін суретшілер» өнер және мәдениетті дамыту ұйымының қолдауымен жүзеге асқан Латиф Қазбековтің «Қағаз әлемдері» және Андрей Бистидің «Темір мысқыл» атты көрмелері келушілердің ерекше ықыласына ие болды. Көрме Юрий Иванович пен Дмитрий Иванович Саулиди негізін қалаған идеяларға негізделген, олар – мәдени мұраны сақтау, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, тарихи байланыстарды түсіну және оларды қазіргі заманғы өнерде жаңаша пайымдау қағидаттарына сүйенген.

Экспозицияда авторлық техникада жасалған 111 акварельдік және бедерлі композиция, тушьпен орындалған суреттер мен иллюстрациялар, сондай-ақ 40 мүсін ұсынылды. Жоба Ресей мен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде танылды.

Латиф Қазбеков шығармашылығы ерекше техникасымен танымал. Суретші көп қабатты қағаз жасау әдісін ойлап тауып, акварельдік кескіндемеде түс пен фактураның үйлесімі арқылы әр парақты дербес өнер туындысына айналдырды. Андрей Бистидің жұмыстары өткен дәуірлердің утилитарлық сипаттағы заттарын композицияның бір бөлігіне айналдыра білуімен ерекшеленді.

Ал түрік заманауи суретшілері Онур Мансыз, Халил Петюк және Эмин Мете Ердоғанның көрмесі музей тынысына жаңаша серпін беріп, көрерменге заманауи өнердің өзге қырын көрсете білді. «Цикл: қазіргі заманды зерттеу» атты халықаралық көрме Түркия Республикасының Бас консулдығы мен Efes Art Space өнер кеңістігінің бастамасымен





ұйымдастырылды.

Экспозицияда авторлардың табиғат пен тарих жайлы идеяларын бейнелейтін туындылары бір топқа біріктірілген. Көрменің жалпы тұжырымдамасы – адам мен табиғаттың өзара байланысын зерттеу болды. Көрмеде ұсынылған заманауи өнер туындыларының мазмұны Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің тарихи қорымен үйлесімді үндестік тапқандай. Бейнелеу өнерінің эволюциясын көрсететін экспозициялық залдар көрерменді «Цикл: қазіргі заманды зерттеу» көрмесін ерекше мәнмәтінде қабылдауға баулығандай әсер қалдырды.

Жыл сайын 18 мамырда өтетін Халықаралық «Музей түні» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Жапон өнері. XVII-XXI ғасырлар» атты ауқымды көрме мен оның каталогы музей қорының байлығын әрі онда жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстың жемісті нәтижесін көрсетті.

Аталмыш каталогқа 250 шығарма енді, оның басым бөлігі 1936 жылдан бастап музей қорына Мемлекеттік Шығыс өнері музейінен, Қазақстан Мемлекеттік Орталық музейінен, Целиноград облыстық тарихи-өлкетану музейінен және басқа да көздерден берілген. Музейдің ғылыми қызметкерлері осы коллекцияны жан-жақты зерттеп, «Жапон өнері. XVII-XXI ғасырлар» атты каталогты дайындады. Бұл жоба 150 жылдық тарихы бар, кеңсе және кәсіби цифрлық баспаны дамытудың әлемдік көшбасшысы Konica minolta Kazakhstan компаниясының қолдауымен жарыққа шықты.

Көрмеге келушілер музей қорындағы қолданбалы және бейнелеу өнерінің барлық түрін тамашалай алды. Сонымен қатар, әлемдік көркемөнер мәдениетінде өзіндік орны бар қола бұйымдарды жасаудың күрделі технологиялары мен фарфорға өрнек салудың бірнеше дәстүрлі тәсілдері көрініс тапты. Экспозицияға графика шығармалары, металдан, керамикадан, ағаштан, матадан, сүйектен, шыныдан және қағаздан жасалған бұйымдар, дәстүрлі қуыршақтар, әртүрлі сәндік аксессуарлар, ксилография, сәндік желдеткіштер және тағы басқа ерекше өнер туындылары қойылды.

2025 жыл музей үшін тарихи тұрғыдан айрықша мәнге ие жыл болды. Бұл жылы музейге Президент жарлығымен «Ұлттық мәртебе» беріліп, музей өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Мерейтойлық іс-шаралар аясында өнер ордасында бірнеше маңызды халықаралық көрме ұйымдастырылды. Бейнелеу өнерінің жарық жұлдызы, көрнекті суретші Орал Таңсықбаевтың бірегей көрмесі суретшінің шығармашылығына жаңа қырынан қарауға тамаша мүмкіндік берді. Бұл көрме Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтуға арналған маңызды қадам саналады.

Экспозицияға Ташкент қаласындағы Мемлекеттік өнер музейі мен Орал







Таңсықбаевтың музей-үйінен, Нүкіс қаласындағы Қарақалпақстан Республикасы Мемлекеттік өнер музейінен, сондай-ақ Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейі қорынан алынған 78-ге жуық кескіндеме және графика туындылары қойылды. Көрме елінің мәдени мұрасын сақтау, насихаттау және қолдаумен айналысатын Өзбекстан мәдениеті мен өнерін дамыту қорының (ACDF) ұйымдастыруымен өтті. Орал Таңсықбаевтың өмірі мен ерекше сәттерге толы шығармашылық тағдыры, оның шеберлік қолтаңбасының күрделі эволюциясы жан-жақты көрсетілді. Мұнда суретшінің бастапқы модернистік эксперименттерінен бастап, терең символизм мен философиялық мағынаға толы монументалды пейзаждарға дейінгі кезеңдері ашылды.

Келесі айрықша көрме «Қытай өнерінің ой-мақсаттары – Қытай Ұлттық көркемөнер музейінің жауһарлары», Алматыдағы Қытай Халық Республикасының Бас консулдығының қолдауымен, Қытайдың Ұлттық өнер музейімен бірлесе отырып жүзеге асты. Экспозицияға Қытай Ұлттық көркемөнер музейінен кескіндеме, графика және мүсіннен тұратын 50-ге жуық туынды енді. Олар Қытай өнер шеберлерінің шығармашылық жетістіктері мен сол өңір суретшілерінің қолтаңбалық шеберлігін таныстырды.

2018 жылы Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейі Жібек жолы музейлері мен галереяларының Халықаралық альянсына мүше атанды. Бұл кәсіби өнер ұйымдарын біріктіру бастамасы Қытай Ұлттық музейіне тиесілі және қатысушы елдер арасында мәдени ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды дамытуға бағытталған тың жоба болды.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Мәдениет күндері аясында Мемлекеттік Третьяков галереясы мен Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің бірлесіп ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан өнерінің жауһарлары» атты көрмесін жұртшылық аса қызығушылықпен қабылдады және екі елдің мәдени байланыстарын нығайтуға айрықша үлес қосты. Көрмеде XX ғасырдың бірнеше буынына жататын дарынды шеберлердің





кескіндеме және мүсін бағытындағы 60-тан астам туындысы ұсынылды.

«Қазақстан өнерінің жауһарлары» атты көрме – ұлттық бейнелеу өнерінің таңдаулы туындыларын паш ететін ерекше жобалардың бірі. Көрмеге қойылған жұмыстар көшпелі дәстүр мен заманауи көркемдік ізденістерді тоғыстырып, Қазақстан бейнесін әлемдік мәдени кеңістікте жаңа қырынан айшықтады. Бұл көрме ұлттық бейнелеу өнерінің дамуы мен дәстүрлерін, заманауи ізденістер мен көшпелі мәдениет рухын ұштастыра отырып, қазақ өнерінің бірегей тарихы мен көркемдік құндылықтарын көрерменге терең әрі жан-жақты таныстыра білді. Бұл жобаның арқасында Қазақстан өнері әлемдік мәдениет кеңістігінде лайықты орынға ие болып, өзінің ұлттық тұлғасын

жаңа қырынан айқындауға мүмкіндік алды.

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің соңғы үш жылдағы көрмелері еліміздің мәдени өміріндегі маңызды оқиғалары ретінде қалыптасып, ұлттық және халықаралық деңгейде кеңінен бағалана бастады. Музей ұлы дәстүрлер мен заманауи өнерді ұштастыра отырып, көрерменге кең ауқымды шығармашылық тәжірибе ұсынды. Қазақстан мен шет елдердің мәдени алмасуына, жас өнерпаздардың дамуына және өнердің жаңа технологиялармен үйлесуіне жол ашқан бұл шаралар музейдің ұлттық мәртебесін одан әрі нығайтып, әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялауға елеулі үлес қосты. Осылайша, музей өз миссиясын – халықтың рухани дамуы мен өнерді кеңінен насихаттауды табысты жүзеге асырып келеді.

Сонымен қатар, музейдің ұйымдастырған көрмелері тарихи сабақтастықты қамтамасыз етіп, ұлттық өнердің рухани байлығын сақтап қалуда маңызды рөл атқарады. Әрбір көрме өнер туындыларын ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдени мұрасын, дәстүрін, қоғамдық өзгерістерін көрсету арқылы халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты арттыратын көпірге айналады. Бұл бағыттағы жұмыстары арқылы Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейі Қазақстанның мәдени дамуына өз үлесін қосып, жаһандық өнер әлеміндегі беделін нығайта түсуде.

# ОТДЕЛ НАУЧНОЙ КОНСЕРВАЦИИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ АРТЕФАКТОВ ИНСТИТУТА ИСТОРИИ НАН БЕЛАРУСИ – ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

***Анастасия Костюкевич***
*Институт истории НАН Беларуси,*
*г. Минск, Беларусь*

**Введение**

Институт истории Национальной Академии наук Беларуси активизировал работу по научной консервации археологических артефактов, что особенно проявилось после создания 1 марта 2025 года нового структурного подразделения – отдела научной консервации. До этого направление развивалось шесть лет в отделе сохранения и использования археологического наследия, где в 2021 году была открыта экспериментальная лаборатория стабилизации и консервации археологического железа. Лаборатория стала ключевой площадкой для разработки методик реставрации и накопления практического опыта.

За время работы отдела полный цикл реставрации прошла значительная часть железных, медных и свинцовых артефактов. Результаты реставрационных мероприятий регулярно отражаются в статьях, заметках и материалах научных конференций, публикуемых как в отечественных, так и в зарубежных изданиях, что демонстрирует значимость белорусского опыта в международном контексте. В перспективе предполагается подготовка и обучение новых кадров, расширение штата, а также дальнейшее сотрудничество с профильными организациями, включая международные партнёрства.

Реставрация и консервация археологических артефактов являются развивающимся и перспективным направлением в белорусской науке. В фондах Института истории НАН Беларуси хранится большое количество археологических коллекций прошлых лет, и количество предметов, ввиду активного археологического изучения страны, растёт с каждым годом. Все эти предметы остро нуждаются в консервационном

вмешательстве. Отдел научной консервации Института истории активно занимается сохранением этого уникального наследия для будущих поколений.

Предметы, прошедшие цикл реставрационных мероприятий, активно вводятся в научный оборот, а также экспонируются в музеях Беларуси (Национальный исторический музей, Научно-археологическая экспозиция Института истории НАН Беларуси, Витебский областной краеведческий и ряд районных музеев).

Отдел научной консервации археологических артефактов был создан в Институте истории Национальной Академии наук Беларуси первого марта 2025 г. по инициативе автора данной публикации и по приказу директора института В. Л. Лакизы

К этому времени направление научной консервации археологических находок развивалось уже шесть лет на базе отдела сохранения и использования археологического наследия, где в 2021 г. была создана экспериментальная лаборатория стабилизации и консервации археологического железа.

Изначально основным направлением в реставрационной деятельности являлась консервация лишь находок из железа из фондов Института истории, однако уже к концу 2021 г. экспериментальная лаборатория стала получать заказы из краеведческих музеев областных центров и районных историко-краеведческих музеев. За время существования лабораторией была проведена консервация более чем ста изделий из Национального исторического музея, Витебского областного краеведческого музея, Лепельского, Лиозненского и Рогачёвского районных историко-краеведческих музеев. Кроме этого, имелся успешный опыт сотрудничества с частными собраниями – музеем-усадьбой Старый Менск и собранием древностей при костёле святых апостолов Петра и Павла в агрогородке Гожа Гродненской области.

Основными категориями предметов, которые поступали на консервацию, были предметы вооружения (наконечники стрел и копий, боевые топоры, мечи-акинаки), предметы снаряжения всадника и верхового коня (удила, псалии, стремена и шпоры), орудия труда и предметы бытового назначения (хозяйственные топоры, многочисленные ножи, шилья, ушки от вёдер, скобы и замки), предметы костюма (в частности, застёжки и пряжки).

С 2023 г. в лаборатории начались работы по консервации изделий из меди и её сплавов, а также предметов из мягких металлов, в частности, свинца. Расширился ассортимент находок, увеличилось их количество и, соответственно, существенно возросла нагрузка на лабораторию.

Изначально экспериментальная лаборатория стабилизации и консервации археологического железа закрывала потребности Института истории и его научно-музейной археологической экспозиции, но в 2022 г. начались масштабные археологические исследования на городище Менка, давшие несколько сотен предметов из железа, десятки предметов из медных сплавов, а также тысячи фрагментов керамических изделий. Кроме этого, увеличился объём заказов из музеев.

В это время отдел сохранения и использования археологических артефактов кроме реставрационной деятельности занимался фондовой и выставочной работой, поэтому к 2024 г. стало понятно, что необходимо создание отдельного структурного подразделения, которое будет заниматься только консервацией и реставрацией. Этот вопрос был решен к марту 2025 г. созданием отдела научной консервации археологических артефактов.

На данный момент основными функциями отдела являются:

1. Консервация археологических артефактов из металлов (железо, медные сплавы, свинец), керамических изделий, находок из кожи;

2. Научная деятельность, заключающая в себе представление результатов исследований и работ на республиканских и международных конференциях;

3. Научно-педагогическая деятельность в виде сотрудничества с Белорусским государственным университетом (преподавание спецкурса реставрации и консервации для магистрантов-археологов);

4. Просветительская деятельность,

представленная лекциями, семинарами и мастер-классами для сотрудников музеев.

**1. Консервация археологических артефактов.**

Как следует из названия, данное направление деятельности является приоритетным для отдела.

Основными направлениями является консервация изделий из металлов и керамических изделий [7; 8; 9]. В настоящее время начинает развиваться консервация археологических находок из кожи [6].

В фондах Института истории НАН Беларуси хранится огромное количество археологических коллекций, собранных как при плановых, так и при спасательных раскопках на территории республики. Хранилища Института пополняются уже почти столетие, и с каждым годом количество предметов растет. Значительную часть этих собраний составляют металлические изделия различного назначения.

Все работы с археологическим металлом в Институте Истории НАН Беларуси ведутся по инструкциям, предложенным С. Г. Буршневой в её работах [4; 5]. Это, в первую очередь, использование стабилизации археологического железа в растворе щелочного сульфита с применением ультразвука. Для хрупких металлических предметов широко используется метод профпроклеек [1, с. 415 –416].

После ручной и механической очистки для стабилизации и консервации железных изделий применяется обработка при помощи ультразвука в растворе щелочного сульфида. Использование ультразвуковых ванн помогает сократить процесс стабилизации в растворе сульфита, растягивающийся на месяцы, до одного рабочего дня [2; 3, с. 140 – 141]. После стабилизации предметы многократно промываются в дистиллированной воде под воздействием ультразвука, после чего тщательно просушиваются и тестируются в специальной влажной камере на предмет активной коррозии. В случае положительного результата теста процесс стабилизации, промывок и тестирования повторяется до отрицательного результата.

Далее изделия подвергаются просушке, покрываются ингибиторами коррозии, а после консервируются при помощи полимеров. Затем, в случае необходимости, проводится восполнение утрат путём моделирования фрагментов предмета из полимерной мастики, окрашенной натуральными пигментами в тон изделия. Последним штрихом является покрытие поверхности составом из синтетического воска, который защищает изделие от агрессивных факторов воздействия окружающей среды и выравнивает тон поверхности экспоната.

Все вышеуказанные этапы являются обратимыми. Это нужно для того, чтобы впоследствии, если возникнет необходимость, без особых затруднений провести повторную реставрацию предмета.

Для консервации активных изделий из меди и её сплавов применяются структурирующая пропитка (в случае хрупкости предмета), механическая очистка, стабилизация путём многократного нагревания в дистиллированной воде (если выявлены признаки активной коррозии) и последующая консервация при помощи полимера и восковой композиции.

Консервационные мероприятия, применяемые к изделиям из свинца, включают в себя механическую очистку и консервацию. В случае отсутствия отслоения минеральных корок применяется электрохимическая очистка путём нагревания изделия, помещённого в жаропрочную посуду в цинковые гранулы в 10% растворе NaOH. После того, как реакция достигает пика, характеризующегося обильным выделением пузырьков газа, ёмкость снимается с плитки и оставляется под крышкой для завершения реакции, после чего предметы промываются под проточной водой с использованием щетинных щёток. Для сокращения срока промывания обычно применяется восстановление в 10% растворе серной кислоты с цинком. После завершения всех процедур предметы подвергаются активной промывке под проточной водой в течение получаса, а качество промывки контролируется при помощи полосок универсального индикатора. Изделия подвергаются просушке с последующей консервацией.

Всего за время существования лаборатории и отдела полный цикл

консервации прошли более 400 изделий из железа, 50 – из медных сплавов, 30 – из свинца.

В перспективе – расширение штата, закупка оборудования, освоение новых направлений.

**2. Научная деятельность.**

Данный вид деятельности отдела отражён в публикациях сотрудников и их выступлениях на республиканских и международных конференциях и конгрессах. Научные сотрудники и художники отдела принимают активное участие в подобных мероприятиях, публикуют свои работы в сборниках материалов и тезисов научных конференций, а также в специализированных журналах.

Так, в 2025 г. достижения отдела были представлены на III Казахстанском музейном конгрессе, Всероссийском музейном форуме и международной конференции «Итоги археологических исследований на территории Беларуси в 2024 г.».

Научная деятельность отдела отражена в десяти публикациях и четырёх тезисах, посвящённых проблематике консервации археологических находок из металла, керамических изделий и кожаных предметов.

Специалисты регулярно повышают свою квалификацию на международных стажировках и школах.

Научная деятельность отдела расширяется, привлекая коллег из Союзного государства и СНГ. Так, на конференции «Итоги археологических исследований на территории Беларуси в 2024 г.», которая прошла в мае 2025 г. впервые начала работу тематическая секция, посвящённая научной консервации. Кроме сотрудников отдела научной консервации Института истории участие в ней приняли специалисты из Новгорода, предоставившие доклады о консервации археологический древесины.

В планах отдела научной консервации археологических артефактов – организация Круглого стола, посвящённого реставрационной проблематике, а также расширение контактов и сотрудничество с коллегами из Казахстана, Узбекистана и России.

**3. Научно-педагогическая деятельность.**

В настоящий момент количество учебного времени, отведённое на данную дисциплину, составляет 63,7 часа. На лекционную часть приходится 18 часов, из которых 8 проводятся дистанционно на платформе Moodle. 24 часа отведено на семинары и практические занятия (из них 4 – дистанционно). Форма текущего контроля проводится в виде самостоятельных работ, на неё отведено 2,5 часа. Особо нужно выделить управляемые самостоятельные работы и коллоквиумы (10 и 4 часа соответственно). 2,5 часа определено для проверки письменных работ, 0,9 часа – для текущих консультаций. Итоговая аттестация проводится в форме зачёта (1,8 часа).

Занятия проводятся как на базе Белорусского государственного университета, так и на базе отдела научной консервации археологических артефактов Института истории НАН Беларуси, что позволяет проводить необходимые демонстрации и практические занятия.

В рамках данной дисциплины приоритет отводится практическим занятиям. На данный момент Институт истории может проводить полноценные практические занятия только по консервации металлов и керамики. Это обуславливается малым количеством часов, отведённых на курс. Невозможно провести циклы расчистки и консервации изделий из органических материалов в силу длительности их процесса.

Обязательным условием допуска к зачёту является написание учебных реставрационных паспортов по форме, одобренной Министерством культуры Российской Федерации. Данная форма является наиболее универсальной, в полной мере отражая типологию памятника, место хранения, каталожные данные, основание для реставрации (включающее в себя основные сведения по истории памятника, его состояние, данные лабораторных методов исследования), программу реставрации, непосредственно сами реставрационные мероприятия и приложение в виде иллюстративного материала. Практика написания учебных паспортов не только закрепляет полученные знания, но и способствует развитию навыков работы с необходимой документацией.

В перспективе – создание нового курса,

который будет совмещать археологическое и реставрационное материаловедение. Это позволит студентам глубже понять химические свойства как материала, из которого изготовлен сам памятник, так и реставрационного материала (какой является наиболее оптимальным именно для данного предмета, как поведёт себя в процессе консервации, чего ожидать в процессе хранения).

Ещё одним важным аспектом научно-педагогической деятельности Отдела является коллаборация с Институтом археологии имени А. Х. Халикова Академии наук Республики Татарстан. Так, автор публикации был приглашён для преподавания курса реставрации археологического железа в Международную археологическую школу в Болгаре, известный образовательный проект, объединяющий молодых археологов со всего постсоветского пространства и дальнего зарубежья. В рамках данного курса студенты ознакомились с методиками научной консервации находок из железа и необходимой реставрационной документацией. Впоследствии они смогут применить полученные навыки на практике.

**4. Просветительская деятельность**

Данный аспект деятельности отдела научной консервации археологических артефактов является важным в силу того, что в широком медийном поле отсутствует информация о научных методах консервации. Многочисленные ролики, представленные в сети Интернет, зачастую пропагандируют варварские методы очистки археологических находок, включающие обработку высокими температурами и агрессивными реагентами – щелочами и кислотами.

Важной частью просветительской деятельности являются популярные лекции, проводимые сотрудниками отдела в рамках мероприятий, проходящих под эгидой Национальной академии наук Беларуси. Это «Дни живой археологии» в Беловежской пуще, «Фестиваль науки» в Центральном ботаническом саду, «Академия молодых историков» на базе Института истории НАН Беларуси. В указанных лекциях в популярном формате объясняется необходимость и специфика консервации и реставрации археологических находок, даются базовые знания о реставрационных материалах и методиках, рассказывается о вреде непрофессионального вмешательства. Данные лекции пользуются большой популярностью среди различных возрастных групп и вызывают живой интерес у населения.

Кроме лекций набирают популярность мастер-классы, посвящённые очистке и консервации железных предметов этнографической сохранности. Мероприятия такого рода были презентованы на III Музейном Конгрессе в Астане (Республика Казахстан) и Международном музеологическом форуме в Кемерово (Российская Федерация). Данные мастер-классы, рассчитанные на музейных работников, включают в себя две части. В первой, теоретической, слушателям предоставляется информация о свойствах железа, современных реставрационных материалах и требованиях, предъявляемых к ним, методиках очистки и консервации. Вторая часть посвящена практике.

На данный момент сотрудниками отдела научной консервации разработан семинар для музейных работников.

Целью данного семинара является повышение грамотности музейных работников (хранителей коллекций, фондовиков) в сфере хранения археологических артефактов.

Проблема сохранения археологических коллекций в музеях Беларуси в данный момент является острой и актуальной в силу отсутствия у большинства сотрудников специальных знаний по сохранению археологических находок. Это диктуется нехваткой специалистов в области реставрации и консервации и отсутствием собственной реставрационной школы.

В настоящее время в Институте истории имеются специалисты, прошедшие подготовку в Центре развития компетенций Universum+ Института международных отношений и востоковедения Казанского федерального (Приволжского) университета и в Белорусском государственном университете культуры и искусств, имеющие должную компетенцию, базу теоретических знаний и владеющие практическими

навыками в консервации и реставрации изделий из металлов (археологической и этнографической сохранности) и керамики. Специалисты имеют квалификацию преподавателей и имеют опыт в преподавании.

Указанные направления являются приоритетными на данный момент в силу большого количества находок данных категорий в музейных фондах. В связи с масштабными археологическими работами на территории Беларуси их количество растёт с каждым годом. Железные изделия подвергаются стремительной пострасконочной коррозии и могут быть утрачены в течение нескольких лет, что означает выведение из научного оборота целого пласта уникальных находок. Керамика же, являющаяся массовым материалом, является важным маркером как быта населения, так и культурно-социальных связей.

После обучающего семинара специалисты в области музейного дела расширят свои знания в сфере сохранения и консервации археологических находок и будут знать:

- Условия хранения археологических коллекций (в частности, температурно-влажностный режим);
- Основные факторы, влияющие на сохранность находок;
- Свойства новых реставрационных материалов;
- Основные принципы реставрации находок в зависимости от их сохранности (в теории);
- Недопустимые методы очистки археологических предметов и применения для склейки клея ПВА, «Момент» и пр.

После прохождения семинара слушатели будут уметь:

- Оценивать состояние и стадии сохранности предмета;
- Проводить первичную очистку предметов от почвенно-пылевых загрязнений;
- Накладывать профилактические заклейки-бандажи на особо хрупкие изделия из металлов для их дальнейшего хранения и, при необходимости, для транспортировки в мастерскую;
- Очищать предметы этнографической сохранности с последующей консервацией и экспонированием;
- Изготавливать индивидуальную упаковку для предметов для их дальнейшего хранения.

Для семинара выделяется два дня. Мероприятие будет включает в себя теоретическую и практическую часть.

**Полученные результаты**

На данный момент полный цикл реставрационных мероприятий прошли более 400 предметов из железа, порядка пятидесяти изделий из медного сплава, тридцать из свинца и более тридцати керамических сосудов и изразцов.

Статьи, тезисы и материалы научных конференций, посвящённые реставрации археологических находок из металла в Институте истории, регулярно публикуются как в отечественных, так и в зарубежных журналах и сборниках. За текущий год сотрудники отдела приняли участие в четырёх международных конференциях, выступив с докладами, посвящёнными реставрации изделий из металлов и керамики.

Научная консервация археологических артефактов в Институте истории НАН Беларуси постепенно выходит на более высокий уровень – это не только непосредственно реставрационные мероприятия, это и обширное поле педагогической и просветительской деятельности. Сотрудники отдела приняли участие в двух образовательных программах (спецкурс «Реставрация и консервация» в магистратуре Белорусского государственного университета и секция реставрации металлов в Международной археологической школе в Болгаре, Республика Татарстан) и провели мастер-классы в Астане и Кемерово.

Также была составлена новая учебная программа дисциплины «Реставрация и консервация» для магистрантов, обучающихся по специальности «Археология» в Белорусском государственном университете. Данная программа включает в себя обширный блок реставрационного материаловедения, что способствует пониманию студентами свойств материалов, из которых изготовлены археологические находки, и их взаимодействия с реставрационными материалами.

**Анализ**



Предметы, прошедшие полный цикл реставрации в отделе научной консервации Института истории, используются для комплектации постоянных, и временных выставок как самого Института истории, так и музеев Республики Беларусь. Отреставрированные экспонаты привлекают посетителей, побуждая их узнавать больше об истории и культуре. Таким образом, экспонирование данных предметов способствует не только развитию науки, но и повышению исторической грамотности населения.

Отдел принимает активное участие в научной деятельности института. Доклады сотрудников вызывают интерес на конференциях и способствуют активному обмену опытом, что положительно сказывается на развитии международного сотрудничества и способствует повышению профессионализма сотрудников. Это хорошие перспективы на будущее.

Научно-педагогическая деятельность отдела заключается в участии в образовательных программах, как отечественных, так и международных. К настоящему времени курс реставрации и консервации прослушали три выпуска магистрантов Белорусского государственного университета. Данный курс, знакомящий с азами полевой консервации археологических находок и реставрацией изделий из различных материалов необходим для будущих археологов.

Просветительская работа также занимает значительное место в деятельности отдела. Популярные лекции способствуют развитию интереса к археологии, а мастер-классы и семинары для музейных сотрудников способствуют повышению профессиональной грамотности последних.

К сожалению, не обходится без трудностей. На данный момент существует проблема дальнейшей «музейной жизни» предметов, прошедших реставрацию: не во всех музеях (особенно районных) есть

системы климат-контроля и возможность соблюдения должного температурно-влажностного режима. Сами помещения, используемые для экспозиций, не всегда соответствуют условиям хранения.

Несмотря на существующие сложности, отдел продолжает своё расширение и развитие.

**Заключение**

Таким образом, отдел научной консервации Института истории НАН ведёт широкую и разноплановую деятельность и продолжает развиваться. В перспективах – обучение кадров, повышение квалификации сотрудников, проведение серии новых мастер-классов и семинаров, расширение штата и дальнейшее (в том числе и международное) сотрудничество с заинтересованными организациями.

**Список литературы:**


1. Буршнева С. Г. Опыт применения профпроклеек при реставрации археологического железа С. 414 – 418 // VII Грабарёвские чтения. Международная научная конференция. Доклады, сообщения, тезисы. 22-24 октября 2008 года. М.: Сканрус, 2010. С. 414 – 418
2. Буршнева С. Г., Смирнова Н. В. О сохранности археологического железа и дальнейшем развитии метода щелочного сульфита // Реставрация и исследование памятников культуры Русского Севера. Сборник статей, Вологда, 2011. С. 220-232.
3. Буршнева С. Г. [и др.] Исследование и тестирование метода стабилизации железных археологических предметов с применением ультразвука // Проблемы реставрации памятников культуры и искусства. Материалы III научно-практической конференции, посвященной 15-летию Эрмитажной школы реставрации. Екатеринбург, 2012. С. 139-146.
4. Буршнева С. Г. Реставрация археологических и этнографических предметов из железа: учеб.-метод. пособие / С.Г. Буршнева. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2019. – 88 с
5. Буршнева С.Г. Реставрация музейного металла. Основы материаловедения и общая методология: учебно-методическое пособие. – Казань. Издательство Казанского университета, 2022. – 241 с.
6. Граф В. И. Украшение изделий из кожи в XII – XIV вв. (по материалам археологических коллекций Полоцка и Витебска) / В. И. Граф // Міжнародная навукова-практычная канферэнцыя Вынікі археалагічных даследванняў на тэрыторыі Беларусі ў 2024 годзе. Праграма і тэзісы дакладаў. 14 – 16 мая 2025 г. Мінск – Навагрудак – Мінск. – 2025. – С. 85
7. Костюкевич А. В. Опыт стабилизации и консервации археологических находок из железа из собрания института истории НАН Беларуси/ А. В. Костюкевич // Вестник Кемеровского государственного университета. – 2022. – № 5 (93). – С. 541–548.
8. Костюкевич А. В. Коллекции археологического железа Института истории Национальной академии наук Беларуси: проблемы реставрации и экспонирования // Музей и наука. К 45-летию музея «Археология, этнография и экология Сибири» Кемеровского государственного университета, к 300-летию Кузбасса. Материалы международной научной конференции. – Кемерово: КемГУ, 2022. – С. 38 – 40.
9. Шатило А. С. Реставрация керамических изделий на базе Института истории НАН Беларуси / А. С. Шатило // Міжнародная навукова-практычная канферэнцыя Вынікі археалагічных даследванняў на тэрыторыі Беларусі ў 2024 годзе. Праграма і тэзісы дакладаў. 14 – 16 мая 2025 г. Мінск – Навагрудак – Мінск. – 2025. – С. 84

# МҰРА ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

## СОВМЕСТНАЯ РЕСТАВРАЦИОННАЯ РАБОТА В РАМКАХ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ НАЦМУЗЕЕМ РК И НАЦИОНАЛЬНЫМ ЦЕНТРОМ РУКОПИСЕЙ И РЕДКИХ КНИГ

***Куралай Тулегенова***
***Айнаш Шайкенова***
*Национальный музей РК*
*г. Астана*

С 3 по 10 июля на базе Национального центра рукописей и редких книг состоялась совместная работа специалистов двух организаций – Национального музея Республики Казахстан и Центра рукописей. Работа проводилась в рамках меморандума о сотрудничестве и стала продолжением многолетнего партнёрства, включающего обмен опытом, участие в мероприятиях, проведение мастер-классов и чтение докладов.

В этот период специалисты обеих сторон сосредоточились на практических аспектах сборки книжных листов после реставрации уникального памятника – книги «Тафсир аль-Фаваид Корана» Хусейна ибн Амр-хана, изданной в Казани в 1307-1889 гг., объёмом 536 страниц, из фондов Национального музея РК.

Реставрационные работы велись почти год. Сотрудники Национального музея, художники-реставраторы Айнаш Шайкенова и Куралай Тулегенова, аккуратно демонтировали тетради, реставрировали каждый лист отдельно, устраняя последствия времени: следы старого ремонта, проколы, остатки клея, загрязнения и повреждения, вызванные насекомыми.

Был проведён комплекс исследований, включая биологические анализы, антисептирование, обеспыливание и механическую очистку. Поверхность листов очищали кистью с мягким ворсом на подложке из фильтровальной бумаги, обходя участки с сильными повреждениями. Стойкие загрязнения и мушиные засиды аккуратно удалялись кончиком скальпеля.

Повреждения, вызванные микроорганизмами, грибами, насекомыми и грызунами, относятся к биоповреждениям. Они возникают при несоблюдении температурно-влажностного и санитарно-гигиенического режимов хранения, отсутствии регулярного мониторинга состояния книги и профилактических мер.

Каждый лист после очистки и укрепления













проходил прессовку и подготовку к сборке в блок.

Основные этапы работ включали:

1. Проверку нумерации листов и разборку блока.

2. Очистку и промывку листов, нейтрализацию и сушку.

3. Подготовку высушенных листов: выравнивание, фальцовку, дополнение формата.

4. Подрезку краёв, прессовку, проверку

нумерации и формирование блока.

5. Сшивание и разработку внешней обложки.

Завершающим и важным этапом стала сборка книги в тетради и формирование единого блока. На этом этапе реставраторы Национального музея обратились за консультацией и практической поддержкой к коллегам из Центра рукописей.

Сейчас книга собрана, но впереди не менее важная работа – изготовление новой обложки. Как и каждый этап реставрации, переплёт требует точности, внимательности и профессионализма. Каждую тетрадь предстояло сшить вручную, что особенно трудоёмко при большом объёме. К книжному блоку был добавлен форзац из специальной бумаги. В нижней части каждого блока пробили отверстия на равном расстоянии, через которые пропускалась нить, образуя последовательную «цепочку». После сшивания блок был помещён под пресс, на корешок нанесён клей, сверху приклеена марля, а к верхнему и нижнему краям – каптал (тканевая полоска, защищающая корешок и служащая декоративным элементом).

Старая обложка не могла быть использована повторно: на ней сохранились следы заражения микроорганизмами, насекомыми и грызунами, картон деформировался и стал хрупким. Поэтому было принято решение изготовить новый твёрдый переплёт.

Для основы использовали бескислотный картон толщиной 3 мм. Две пластины были склеены для формирования крышки, ещё две образовали рамку толщиной 5 мм. Новый дизайн нашей книги соответствует исторической эпохе книги. Для оформления выбрали кожу крупного рогатого скота двух цветов: красновато-коричневого и зеленовато-оранжевого. Обложку обтянули кожей, приклеив её к форзацам первой и последней страниц блока.

Для тиснения кожу предварительно увлажнили, на отмеченные участки наложили рельефные клише и зажали в прессе. Затем тиснёные элементы окрасили итальянской краской в два слоя тёмно-коричневого цвета с помощью губки, после чего закрепили специальным фиксирующим реставрационным клеем. Тиснёные фрагменты приклеили к центру обеих сторон обложки.

Благодаря опыту и мастерству специалистов Национального центра рукописей и редких книг и Национального музея Республики Казахстан рукопись обрела вторую жизнь.







# ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

## ОРАЗАК ИСМАГУЛОВ – ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСТАНСКОЙ АНТРОПОЛОГИИ

(к 95-летию доктора исторических наук, профессора О. Исмагулова)

***Гульсара Мукашева***
*Национальный музей РК*
*г. Астана*

В 2025 году исполнилось 95 лет со дня рождения выдающегося казахстанского учёного, доктора исторических наук, профессора Оразака Исмагулова – основателя отечественной школы антропологии, внёсшего значительный вклад в развитие историко-антропологических исследований Казахстана и Центральной Азии.

На протяжении многих десятилетий Оразак Исмагулов исследовал антропологический облик и этногенез народов Казахстана и Центральной Азии. Его труды стали фундаментом для формирования национальной школы антропологии. Благодаря его исследованиям была создана научная база, позволившая по-новому взглянуть на происхождение и историческое развитие населения региона.

В октябре 2025 года в Национальном музее Республики Казахстан состоялся круглый стол, посвящённый 95-летию профессора Оразака Исмагулова. В мероприятии приняли участие коллеги, студенты, представители научных и музейных учреждений. Обсуждались основные этапы научной деятельности учёного, его вклад в развитие антропологии, а также значение антропологических исследований в современном научном контексте (рис.1, 2).

Несмотря на почтенный возраст, учёный продолжает активно заниматься научной




*Рис. 1. Круглый стол, посвящённый 95-летию профессора Оразака Исмагулова*




*Рис. 2. Круглый стол, посвящённый 95-летию профессора Оразака Исмагулова*

деятельностью, участвует в конференциях, готовит новые публикации.

На юбилейном круглом столе профессор Исмагулов представил результаты своих многолетних исследований, сопровождая выступление в своей презентации графиками и схемами, демонстрирующими методы анализа и полученные данные.

Профессор Оразак Исмагулов не раз подчёркивал, что на его научное становление повлияли слова, приписываемые Абаю, в которых говорится, что стыд заключается не в происхождении народа, а в том, что его корни и история остаются неизученными. Эта мысль стала для него нравственным и профессиональным ориентиром, определившим стремление посвятить жизнь исследованию происхождения и антропологического облика казахского народа.

Обращаясь к присутствующим, он поделился личными мыслями о своей научной деятельности: «Моё счастье в том, что я изучаю путь биологического развития – по направлениям биологических наук. Именно поэтому я счастлив». Эти слова показали участникам, что для профессора Исмагулова исследование происхождения казахского народа было не только научной задачей, но и источником радости и вдохновения.

Далее в своем выступлении учёный сказал: «В мире насчитывается около трёх тысяч этнических групп, однако до настоящего времени казахский народ не был изучен в комплексном антропологическом аспекте. Историки и этнографы рассматривают народ с культурной и исторической точек зрения, тогда как антропология изучает развитие человека и народа в биологическом измерении. Мною были проведены исследования по пяти направлениям биологической антропологии – соматологии, одонтологии, серологии, дерматоглифике и краниологии. Эти методы позволили выявить самостоятельный путь формирования антропологического облика казахов» [1].

В частности, были продемонстрированы данные, подтверждающие, что деление казахов на жузы с точки зрения популяционной генетики и антропологии не имеет научного обоснования. Эти выводы важны для понимания единства казахского народа и дальнейшего развития антропологической науки.

На мероприятии, посвящённом 95-летию Оразака Исмагулова, дочь профессора Айнагуль Оразаковна рассказала о своём выборе профессии и о том, как её отец стал для неё не только научным ориентиром, но и жизненным наставником. По её словам, именно он предложил ей стать



*Рис.3. Дочь профессора Айнагуль Оразаковна*

генетиком. Сегодня она продолжает научное дело отца, помогая ему в исследованиях и укрепляя традиции его школы (Рис.3).

Особое место в деятельности О. Исмагулова занимает сотрудничество с Национальным музеем РК, при котором была создана Лаборатория физической антропологии. Она стала центром изучения антропологического наследия страны, где продолжаются исследования, начатые самим учёным.

Сегодня в лаборатории антропологии Национального музея Республики Казахстан работают молодые исследователи, продолжающие традиции научной школы Оразака Исмагулова.

Молодые учёные изучают антропологические коллекции из фондов музея, включая кости, черепа и другие антропологические предметы. Регулярные консультации с антропологом позволяют решать актуальные вопросы и развивать новые направления в области антропологических исследований, что способствует дальнейшему развитию науки.

Особое значение для музейного фонда имеют предметы из личных вещей учёного – рукописи, дневники, книги, переданные в фонд Национального музея РК два года назад.

В юбилейный год коллекция пополнилась новыми предметами. Среди них: радиоприёмник – символ повседневной жизни учёного и его интереса к событиям страны и мира. Ланцет и глюкометр – инструменты, которые использовались профессором для контроля здоровья и отражают заботу о себе и окружающих. Читательский билет – свидетельство любви к книгам и научной литературе. Бейдж (удостоверение) – напоминание о профессиональной и общественной активности учёного (Рис. 4).

Эти предметы помогают лучше понять личность исследователя, его привычки, увлечения и отношение к науке, становясь частью культурного




*Рис.4. Личные вещи профессора О. Смагулова*

и научного наследия страны.

Наследие профессора Оразака Исмагулова занимает особое место в истории казахстанской науки. Его многолетняя деятельность способствовала становлению антропологии как самостоятельной дисциплины и формированию национальной научной школы. Его труды продолжают вдохновлять новое поколение исследователей, а переданные им в дар материалы становятся частью культурной и научной памяти страны.

**Список литературы и источников:**

1. Исмагулов О. Этногенез казахского народа (антропологические аспекты). – Алма-Ата: Наука, 1982.

2. Фондовые материалы Национального музея РК (Акт приема №43 от 02 октября 2025 г.; Протокол заседания ФОК №7 от 17.10.2025 г.).

3. Материалы круглого стола, посвящённого 95-летию профессора О. Исмагулова. – Астана, Национальный музей РК, 2025.

Фото: Қанат Мусин

# ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

***Назгүл Қадірімбетова***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

«Уақыт байланыстырушы – жіп» бағдарламасында еліміздің көрнекті қоғам қайраткері, жазушы Мұрат Әуезовтың «*Сіздің сериктестеріңіз немесе ізбасарларыңыз бар ма? Сіз жүргізген экспедициялардың фотоларынан экспедиция мүшелерін көрдім. Олар өзгеріп тұрады ма, әлде өзіңіз сияқты ісіне берілген шәкірттеріңіз бе?*» деген сұрағына түрколог Айман Досымбаева: «*Бар, бар, шәкірттерім бар! Олар ғылыммен энтузиазммен, сүйіспеншілікпен айналысып қана қоймайды. Шәкірттерім үшін түркі мұрасы мәселесі өте маңызды!*» деп, мақтанышпен жауап берді.

Иә, маған ғалым-түрколог, шығармашылық географиясы кең тұлға – Айман Медеубайқызы Досымбаеваның шәкірті болу бағы бұйырды.

2006 жылдың күзі болатын. Кездейсоқ университеттегі ұстазым Гүлнұр Жұмаханқызымен қарама-қарсы ұшыраса кеттік. Қал-жағдай сұрастық. Аспирантураға құжат тапсырғалы жатқанымды айтып, тақырыбым төңірегінде баяндауға кіріскенім сол еді, ол сөзімді бөліп жіберіп: «Сен қыз, кешке үйге кел. Асықпай отырып сөйлесейік», – деп, мекенжайын айтып кете барды. Кешқұрым кездестік. Әңгіме-дүкен құрдық. Ақыл-кеңесі мен бағыт-бағдарын берді. Екі күн өткен соң, Алматыға жол тарттым. Бағытым – Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының «Түркі мұрасы» бөлімі.

«Түркі мұрасы» бөлімі деген жазуы бар темір есікті жүрексіне ашқан мені жүзі жылы, еркекке тән сабырлылығы мен салмақтылығы басым танымал түрколог Айман Досымбаева қарсы алды. Қош, сонымен сол сапардан Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының ізденушісі һәм Айман апайдың шәкірті атанып, бір сөмке кітап арқалап, Тараз шаһарына кері қайттым.

Айман Медеубайқызы 1954 жылы 8 желтоқсанда Алматы облысы Қаратал ауданы Тастөбе ауылында өнегелі ұстаздар отбасында дүниеге келген. Әкесі Досымбаев Медеубай Бижанұлы тарих пәнінің, анасы Жақанбаева Чаруа математика пәнінің мұғалімі еді. Әкесінің мінезі мен болмысы жөнінде Айман апай: «Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы» деп, мінезінің әкесінен дарығандығын жиі айтып отыратын. Сабақ түсіндіргендегі сөз саптауы өте шебер, тарихқа ұйытып әкететін дейтін.

1971 жылы Алматы облысы Қаратал ауданы Кальпе станциясының «Кальпе» орта мектебін аяқтаған Айман Медеубайқызы әкесінің ұзақ уақытқа созылған сырқатына байланысты өндірісте еңбек етіп, тек 1978 жылы әке жолымен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих мамандығына оқуға түседі. Студенттік жылдары асқан ыждағаттылықпен ғылымға ден қойып, құлшына кіріседі. 3-ші курста Мәскеу мемлекеттік университетінің халықаралық студенттер конференциясында «Жетісу аумағындағы қола дәуірінің ескерткіштері» тақырыбында баяндама жасап, көзге түседі. Дипломдық жұмысын да аталған тақырып аясында жоғары деңгейде қорғап, өмір жолын археологиямен байланыстыруға



*1980 жыл. Альпинистермен*

бел буады.

Еңбек жолын 1985 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институты археология бөлімінің инженері ретінде бастайды. 1991 жылы археология бөлімінің Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты ретінде қайта құрылуына байланысты кейінгісіне ауыстырылады. Ғалымның ғылым жолындағы тағдыры осы Институтпен тығыз байланысты болып, 1998 жылы кандидаттық, ал 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғайды.

Іздемпаз жас ғалымға ғылым жолындағы бағытты әрі ешкімнің тісі бата бермейтін тақырыпты таңдауға өз кезінде дұрыс жол сілтеген ғалым-археолог Сержан Мұсатайұлы Ақынжанов болатын. Бұл жөнінде Айман Медеубайқызы: «*Жаңадан оқу бітіріп келген кезім. Қазақ даласын ежелден мекен еткен бабаларымыздың тегі мен тілі туралы ғалымдардың пікірі әр алуан еді. Осы мәселе төңірегінде Сержан Мұсатайұлымен жиі әңгімелесетінбіз. Ол қазақтың ежелгі тарихының ақтаңдақтарының жазба деректерде көптеп кездесетінін және археологиялық ескерткіштердің қойнауында көміліп жатқанын әрдайым қайталап отыратын. Түркі дәуірі ескерткіштерінің бірқатарын белгілі археолог Элеонора Новгородоваға көрсеткенін, оларды терең әрі тыңғылықты зерттеудің өзекті екенін жиі тілге тиек ететін. Сондай бір сұқбат барысында аға ғалым маған «Айналайын Айман, түркі мұрасын зерттеуді қолға алу керек. Сенің оған мүмкіндігің де, қарым-қабілетің де жетеді»* деген еді деп, ғылым жолындағы алғашқы ұстазын сағына еске алып отыратын-ды.

Өкінішке орай, Сержан Мұсатайұлы көп ұзамай өмірден озады. Аға ғалымның аманатын арқалаған жас зерттеуші Э. Новгородовамен кездеседі. Өз кезегінде Элеонора Афанасьевна Айман Медеубайқызын көрнекті кеңестік және қазақстандық түркітанушы-ғалым Юрий Алексеевич Зуевпен таныстырады. Осы бір таныстық жас ғалымның өмірін түбегейлі өзгертеді. Ал оның ғылыми қызығушылығы мен таңдаған бағытын естіген түркітанушы Айман апайымыздың тілімен айтқанда «*өмірге қайта келгендей болды, балаша қуанды*». Ю. Зуев білім-білігімен, ойларының биіктігімен, ханнан да қадірлі ұстаз бола білді. Ұстаз бен шәкірт арасында ғылыми үндестік орын алып, бұл үндестік шәкірттің ғылым жолындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашады.

Көп ұзамай А. Досымбаева Жамбыл



*Ұстазы әрі ғылыми жетекшісі Ю.Зуевпен*

облысы Мерке ауданы Мерке тауларының бөктерлеріндегі алғашқы түркі ескерткіштеріне зерттеу жүргізеді. Алайда, ескерткіштерді зерттеу және түркілер этногенезінің түп бастауын ғылыми тұрғыда зерделеу нәтижесі үнемі үйсін этногенезі мәселесімен ұштаса берді. Нәтижесінде жазба деректер мен археологиялық ескерткіштерді қайта саралап, талдап шыққан А. Досымбаева үйсіндер түркілердің тікелей ұрпағы деген тұжырымды ең алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыда негіздейді.

Алғашында Шу өзенінің аңғарында орналасқан Мерке тауларының төменгі бөктерлеріндегі бірлі-жарым ескерткіштерді зерттеген ғалым 5-6 жылдың ішінде, жолдың болмауына қарамастан, 3600 шақырым биіктікте шоғырланған жүзден аса ескерткішті анықтайды. Анығын айтқанда, А. Досымбаеваның есімімен Жамбыл облысындағы «Мерке» және «Жайсан» ғибадатханалары, Ақмола облысындағы «Құмай» археологиялық-этнографиялық кешені тікелей байланысты. Ғалым аталған түркі дәуірі мұраларын іздеп, тауып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп қана қоймай, оларды түгелдей қалпына келтіріп, құжаттап, картаға түсірді. Ашық аспан астындағы музейді, одан әрі отандық туризм орталығына айналдыруды армандап, бар күш-жігерін салды.

А. Досымбаева – ескерткіштерді мәдени ландшафт мәнмәтінінде сақтау идеясының авторы. Сондай-ақ, оны іске асыруға, жүздеген ескерткіштің баяғы қалпында сақталуына және оларды елдің рухани қажетіне жаратуға саналы ғұмырын арнады. Өмірінің соңына дейін Түркі көшпенділері мұрасының керемет үлгісі – Құмай, Жайсан және Мерке ғибатханаларының далалық, мәдени ландшафты Әлемдік табиғи және мәдени мұралар қатарынан өзінің лайықты орнын алады және ұрпаққа қызмет етеді деп сенді. Мерке мемлекеттік ұлттық табиғи және этномәдени паркін, Жайсан мемлекеттік қорығын құруды ғылыми тұрғыда негіздеді. Осы ғылыми дәлелдері түркі көшпенділерінің эталондық киелі аумақтарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламалық құжаттарына енгізуге негіз болды.

Ғалым-ұстаз өмірінің соңына дейін 200-ден аса ғылыми еңбек жазды. Оның ішінде 15-ке жуық монография, оқу-әдістемелік құралдары

бар. Ғалымның жаңашыл ойлары Батыс Түрік қағанатының этникалық өзегін құраған көшпенділер мәдениетінің автохтонды даму процесін тұжырымдауға және ортағасырлық түркілердің қазақтардың этногенезіне қосқан үлесін негіздеуге дәйек болды.

Әсілінде, ағылшын жазушысы, детектив жанрының хас шебері Агата Кристидің «Археологтар – өткеннің детективтері» деген сөзі менің Айман апайыма арналғандай...

2009 жылдың көктемі болатын. Президенттік мәдениет орталығының ғылыми қызметкері, белгілі зергер Берік Әлібайдан Ақмола облысында егістік жерлерін жырту кезінде тас мүсін табылғанын естіген Айман апай дереу Сарыарқа даласының ескерткіштеріне арналған әдебиеттерді зерделеп шықты. Олардың бірі де бірегейі ғалым Әлкей Марғұланның еңбектері еді. Көп ұзамай маусым айында ұстазым бастаған шағын экспедиция құрамы Ақмола облысының Ерейментау ауданына жолға шықтық.

Қош, сонымен Ерейментау ауданына кірген бетте аудан әкімдігіне табан тіредік. Әкімдік Құмай өзені аңғарындағы жазық далада кездесетін ескерткіштерден хабардар болғанымен олардың тағдырынан бейхабар болып шықты. Сәл кідірістен соң Балықты кентіне бет алдық. Кент тұрғындары археологтарды өте жылы қарсы алды, тіпті ескерткіш орнын білетіндер де табылды. Жергілікті тұрғындардың жол көрсетуімен атақты «Қос батыр» ескерткішінің орнын тауып, алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргіздік.

Төртбұрышты ғұрыптық құрылымның шығыс қабырғасында орналасқан бір мүсін алғашқы қалпында жатқанымен, екіншісінің төменгі бөлігі ғана сақталған екен. Орнынан табылмады. Қуанышымызға орай А. Досымбаеваның табандылығы мен кәсібилігінің арқасында екінші батырымызды табу қиынға соқпады. Жұбынан ажыраған батырымыз Ерейментау ауылының музейіне экспонат ретінде қойылыпты. Ғалым мен жергілікті басшылар арасында жүргізілген тиімді келіссөздердің арқасында батырдың сыңары символдық «үйіне» қайтарылды. Сол сәттегі апайымның көңіл-күйін жеткізу мүмкін емес. Қандай мамандық маңдайға жазылса да, соның қызығын көру және одан ләззат алудың өзі бақыт екенін сол сәтте сезіндік.

Сондай бір бақытты сәттердің біріне 2006 жылы куә болдым. Менің алғашқы экспедициям еді. Мерке тауларына көтеріліп келеміз. Михаил Бондарьев жездеміз алдымыздан кездескен



*2009 жыл. «Қос батыр» ескерткіші.*
*Шәкірттері: Ә.Нұсқабай, Н.Қадірімбетова, Б.Есбергенова*

ескерткіштерге жақын келмей, алыстан тоқтады. Апайым көліктен түскен соң барлығымыз да артынан ердік. Апайымның алғашқы шәкірті Бану жеңімнен түртіп, Сұлусайға келдік деді. Мен аң-таңмын. Екі әйел тас мүсінінің жанына келген ұстазым орыс тілінде (ол кезде орыс тілінде сөйлейтін) «Дорогая привет! Как дела? Соскучилась? Я тоже!» деп, тас мүсіндердің әрқайсысын мейірлене құшақтады. Жанарында сағыныш пен қуаныштың көз жасы тұрды. Бұл апайымның бабаларына деген құрметі әрі сүйіспеншілігінен туған сезім еді.

Профессор Айман Медеубайқызы шәкірттерінің әрбір қадамын қатаң қадағалайтын, жетістікке жету жолында еш аянып қалмайтын Тұлға болатын. Оның тамаша тәлімгерлік, ұстаздық, дәріскерлік қасиеттері біздің магистрлік, докторлық диссертациямызды жазуда өзінің өшпейтін өрнегін салды.

Ғалым-ұстаздың шәкірттері көп-ақ. Олардың ішіндегі бірі де бірегейі өзінің ұлы Алан екенін айпай кетуге болмас. Сәби кезінен-ақ Алан ата-анасымен бірге археологиялық экспедициялардың басы-қасында болып,



*2013 жыл. Жайсан-1 ескерткіші. Ұлы Алан Бондарьевпен*

ескерткіштерді танып өсті. Ұстазымыздың туған ұлының есімін Алан деп қоюының өзі тегін емес-ті. Біріншіден, кезінде қазақ жерінен Кавказға қоныс аударған сарматтардың бір бөлігі алан тайпасының, екіншіден, қазақ ежелден текті әрі батыл санап, пір тұтқан барыстың баласы аланның, үшіншіден, белгілі энтузиаст-ғалым, геолог-археолог Алан Георгиевич Медоевтың құрметіне атаған.

Шынтуайтында, осындай жауапты жолды таңдау қыз баласы үшін жауапкершілік жүгін екі есе ауырлататыны белгілі. Дегенмен, отбасының, ең алдымен жолдасы Михаил Бондарьев пен ұлы Аланның қолдауы ұстазымызға сарқылмайтын күш-жігер сыйлап, орасан зор жаңалықтарды ашуға мүмкіндік берді.

Ғалым-ұстаз ғұмырын, қадір-қымбаты мен сыр-сымбатын ғылымға арнады. Алмағайып кезеңді басынан өткерді. Ғылым жолында тосқауылдың болғаны да жасырын емес. Сондай кезеңдерде отбасы мен төл шәкірттері: Бану Есбергенова, Әбдінұр Нұсқабай, Нұрболат Бөгембаев, Бахтияр Бутеев сынды жас ғалымдар жанынан табылдық. Көзімізбен көрдік. Алайда, апайым аумалы-төкпелі кезеңді, қысымды басынан кешіргенімен, мойымады. Өршіл рухы, ғылымға деген сенімі һәм ұстанымы демеу болды. Қара қылды қақ жарар турашылдығымен ғылым әлемінде өзінің қолтаңбасын қалдырды.

Барлық жоғары кәсіби және адамгершілік қасиеттеріне қарамастан, Айман Досымбаева қарапайымдылығымен қатар ғылыми ортада қатаң әрі принципшілдігімен ерекшеленді. Оның сыртқы бейнесі, ұстамды әрі нақты сөйлеу мәнері оның күрделі интеллектуалды тұлға екенін көрсететін. Ғалым өз пікірлеріне әрі ғылыми тұжырымдарына өте сенімді болды, қоғамдық пікірмен келіспесе де, өз көзқарасын өзгерткен емес, зерттеушілік ұстанымдарын, сондай-ақ академиялық этика мен ғылыми жауапкершілікті әрдайым бірінші орынға қойды.

«Жүрген соң бауырында күнде көріп, таулардың биіктігі байқалмайды» демекші, өкінішке орай, көзі тірісінде ғалымның еңбегі еленбеді, құрметке бөленбеді. Десе де, әлем түркологтарын мойындатқан ғалым артына ескірмейтін ескерткіш қалдырды. Дүние қумады, абырой жинады. Археология саласындағы қазақ қызғалдақтарының қайраткерлік үлгісін көрсетті.

# «ОНА УМЕЛА ПРЕВРАЩАТЬ РАССКАЗ В ИСКУССТВО...»

(Светлой памяти Учителя)

***Елена Кубашева***
*Музей Д. А. Кунаева*
*г. Алматы*



«Масштаб личности определяется масштабом её деяний и доброты. А доброта – это язык, который могут слышать глухие и видеть слепые», – сказал мудрец. Эти слова как нельзя лучше отражают суть жизни и характера Бахытхан Камаловны Оразымбетовой.

2 сентября этого года не стало замечательного человека, профессионала, истинного подвижника музейного и туристского дела Казахстана. Заслуженный работник туризма РК, Заслуженный экскурсовод Казахстана, методист НИИ туризма КазАСТ – это лишь часть её званий. Но для всех, кто учился у неё, работал рядом или хотя бы раз слушал её экскурсию, она прежде всего останется человеком с огромным сердцем и особым даром – даром увлекать, воспитывать и вдохновлять.

Родившись и выросши в Алматы, Бахыт Камаловна, как ее все называли, с юности была примером усердия и стремления к знаниям. После окончания школы с отличием она поступила в Казахский государственный женский педагогический институт, где выбрала профессию учителя русского языка и литературы. Первые годы её трудового пути прошли в школе, но вскоре её сердце нашло себя в другом – в экскурсионном и музейном деле.

Став экскурсоводом, она открыла для себя новый мир – мир, где каждое слово, каждая история способны оживить прошлое и сделать его близким для людей. Её рассказы о Казахстане отличались не только глубиной знаний, но и особой образностью. Она говорила так, что история становилась живописью в словах. Меня всегда восхищали ее глубокие знания и эрудиция. Какой бы уголок необъятного Казахстана не посещала Бахыт Камаловна, она могла запросто, без подготовки провести потрясающую экскурсию на любом памятнике или в любой местности.

Духовное развитие нации она обозначила словами, ставшими для нас путеводной звездой: «Нацией культурной и духовной мы будем тогда, когда будем знать наши музеи».



С годами её опыт и талант росли. Бахыт Камаловна возглавляла экскурсионный отдел Центрального государственного музея, преподавала, разрабатывала проекты республиканского и международного уровня, являлась членом Национального комитета ЮНЕСКО по нематериальному культурному наследию, членом Национального комитета по музейной деятельности, национальным тренером WFTGA и UNWTO. Её труды навсегда останутся в таких проектах, как подготовка экскурсоводов для археологического комплекса «Таңбалы» – объекта Всемирного наследия ЮНЕСКО, авторских экскурсиях «Рухани шамшырақ» (Свет духовности) по культовым местам, «Космос и музыка Коркыт-Ата» по Байконыру и многих других.

Своим красноречием и обширными знаниями она покоряла даже самых требовательных слушателей. Среди её экскурсантов были главы более 100 государств, видные деятели науки и культуры, высокие гости из разных стран мира. Но так же тепло и с такой же любовью она рассказывала и для школьников, студентов, жителей Алматы и других городов.

За свой труд Бахыт Камаловна была отмечена множеством наград и званий, таких как «Лучший экскурсовод Казахстана» 2003, 2013, 2016 годов, нагрудный знак Министерства культуры РК «Мәдениет қайраткері», нагрудный знак «За заслуги в развитии туризма Республики Казахстан», медаль Международного совета музеев (ИКОМ) «За вклад развития музейного дела Республики Казахстан». В 2024 году она была награждена почетной грамотой Президента РК Касым-Жомарта Кемелевича Токаева за активную деятельность в работе с общественностью.

Но, пожалуй, её главная награда – это признательность коллег и благодарность тех тысяч людей, которым она открыла красоту и богатство истории нашей страны.

В воспоминаниях коллег она останется



человеком высокой культуры, жизнерадостной и отзывчивой, всегда готовой поддержать словом и делом. Она любила повторять: «Наш рассказ – это живопись в словах». И действительно, каждый её рассказ был произведением искусства.

Сегодня, оглядываясь на её жизненный путь, мы понимаем, что Бахыт Камаловна оставила нам не только наследие профессионала, но и уроки человечности, тепла и веры в силу культуры. Её имя навсегда вплетено в историю туризма и музейного дела Казахстана, а её доброта – в сердцах тех, кто имел счастье быть рядом.

И мне несказанно повезло, что моим Учителем и в профессии, и в жизни была Бахыт Камаловна Оразымбетова.

Пусть память о ней будет светлой, а её слова и дела продолжают вдохновлять новые поколения гидов, экскурсоводов, музейных работников и всех, кто верит, что культура способна менять общество.

Она ушла, но её голос, её рассказы, её улыбка и её доброта останутся с нами навсегда.

# ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ...

***Шолпан Дидар***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Жанында жақсы адам жүрсе, өмір де нұрлана түседі. Сол жақсы жандардың бірі – ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, кескіндемеші, керамика саласының білікті маманы, ҚР Ұлттық музейі «Өнертану» бөлімінің ғылыми қызметкері Смағұлова Ақтоты Көлкеқызы. Ақтоты Көлкеқызы әлемге бояумен жан бітіріп, көңілдің тереңінен шыққан сырды кенеп бетіне өрнектейді. Оның қолындағы қылқалам тек құрал ғана емес, жүрегінің жалғасы іспетті.



Суретші әйелдің жаны нәзік, ойы терең болады. Ол табиғаттың үнін де, ананың мейірімін де, баланың күлкісін де бояу арқылы сөйлетеді. Әр түс, әр сызық – оның ішкі әлемінің айғағы. Кейде ол күннің алтын шапағынан үміт іздейді, кейде желдің сарынына мұң артады. Сондықтан оның туындыларында әрдайым өмірге деген сүйіспеншілік пен жарыққа, жақсылыққа деген ұмтылыс болады.

Суретші әйелдер қоғамға сұлулық сыйлайды. Олар сөзсіз тілдесетін өнер арқылы жанға мейірім мен рухани тазалық дарытады. Суретші әйел – өмірдің бояуларын жүрек көзімен көріп қана қоймай, оны өзгелерге де сезіндіре алатын ерекше жан.

Ақтоты Көлкеқызы қазақтың ұлттық дәстүрлерін заманауи стильмен ұштастырады. Оның туындылары терең философиялық мағынаға ие болып, табиғат пен адамның ішкі жан дүниесін шебер суреттейді.

Енді суретшінің шығармашылығы сөйлесін:

«Қазына» туындысы – қазақ халқының ұлттық мәдениетіне арналған көркем шығарма. Сурет атауының өзі халықтың ішкі байлығын, яғни салт-дәстүр, өнер және табиғатпен үндес тіршілікті айшықтайды. Жеті қазына – қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі.

Туындының ортаңғы бөлігінде құмай тазы бейнеленген, сол жағында аңшының бөркі мен берен мылтығы, ал оң жағында қыран бүркіт орналасқан. Үш бейненің орналасу реті қазақтың аңшылық дәстүріндегі тұтас жүйені, яғни адам, ит және қыранның бірлігін білдіреді. Бұл элементтер тұрмыстық заттар ғана емес, ұлттың рухани және мәдени құндылықтарының, жеті қазынамыздың көрінісі ретінде алынған. Артқы фондағы кестелі тұскиіз қазақ әйелінің шеберлігін паш етіп, картинаның этникалық және тұтастық мазмұнын тереңдетеді.

Туынды жылы және қанық түстермен орындалған. Қызыл, сары, жасыл және күлгін реңктердің үйлесімі қазақтың дәстүрлі текемет, сырмақ, киіз өрнектерінің бояу палитрасын еске түсіреді. Мұнда түс тек декоративтік элемент емес, ұлттық реңк мен рухты жеткізуші құрал.

«Қазына» картинасында реализм мен символизм элементтері үйлесім тапқан. Нысандар нақты бейнеленгенімен, олардың орналасуы мен түстік шешімі шартты және көркемдік ойды жеткізуге бағытталған. Ұлттық оюлар мен таңбалар заманауи композициялық тәсіл арқылы беріліп, дәстүр мен қазіргі заман арасындағы көркем көпір ретінде қызмет атқарады. Суретшінің мақсаты – көрерменге ұлттың рухани қазынасын эстетикалық тілмен жеткізу, дәстүрдің мәңгілік маңызын ұғындыру.

«Отау» картинасында қазақтың дәстүрлі өмірі, соның ішінде отау тігу, яғни жаңа отбасының шаңырақ көтеру сәті бейнеленген. Композиция ортасында киіз үй уығын көтеріп жатқан адамдар көрінеді. Бұл – бірлік пен




*«Отау» кенеп, майлы бояу 100х120, 2017 жыл.*

ынтымақтың, ұлт тіршілігін жалғастыру символы. Кейіпкерлердің киім үлгісі, ат үстіндегі жігіттер, жан-жануарлар, ұлттық тұрмыстық заттар – бәрі қазақ халқының тұрмыс-салтын, этнографиялық ерекшелігін аша түседі.

Түстердің жылы, үйлесімді қолданылуы көрініске мейірім мен қуаныш сезімін береді. Суретші халықтың өмір салтын символдық түрде жеткізген, уықтар мен шеңберлі пішіндер өмірдің шексіздігі мен ұрпақ сабақтастығын білдіреді. «Отау» туындысы – дәстүр мен заманауи көркемдік тіл үйлесімінен туған еңбек.

«Ақ сонар» картинасы бір қарағанда қыстың салқын тыныштығын бейнелесе, астарына үңілсең, өмірдің жылы лебі сезіле түседі. Картинадан қансонарда аңшылыққа аттанып бара жатқан ерін шығарып салып тұрған әйелді көреміз. Әйел адам аттың маңдайын алақанымен аялай сипап тұрса, ер адам тізерлеп отырған күйінде қымыздан дәм татуда. Бұл – жай ғана көрініс емес, қазақтың болмысын, табиғатпен үндестігін бейнелейтін терең философиялық ой.

Бүркіт – қайсарлық пен ерліктің символы. Қазақтар оны қасиетті құс санаған, тіпті батырлармен тең қойған. Ат – көшпенді тіршіліктің тірегі. Ал тазы – аңшылықтағы адал серік. Бұл үштік – қазақтың ертеден келе жатқан аңшылық дәстүрінің көркем көрінісі.

Суретшінің бояу таңдауы ерекше, жұмсақ, ақшыл, бір-біріне сіңісті реңктер арқылы қыс мезгілінің тыныштығы мен даланың кеңдігін, алғашқы ұлпа қардың әсерін боямасыз жеткізеді. Сурет құрылымы да назар аударуға тұрарлық. Композиция орталығындағы адамдар мен жануарлар арасындағы нәзік байланысты




*«Ақ сонар» – Қазына IV сериясынан кенеп, майлы бояу 100х120, 2015 жыл*

аңғармау мүмкін емес. Қар астындағы шынайы сезім, ауызбіршілік пен түсініктің жылы лебі көрерменге бірден сезіледі.

«Ақ сонар» туындысы арқылы суретші қазақтың ұлттық мәдениетін, ата-баба жолын, табиғатпен үндесе өмір сүруін терең сезіммен бейнелейді.

«Саят» туындысында қазақ халқының ежелгі саятшылық дәстүрі бейнеленген. Композиция ортасында ат үстіндегі аңшылар мен олардың серіктері құмай тазы, қыран бүркіт, аңшыларға сусын ұсынып тұрған әйел көрініс табады. Бұл көрініс – қазақтың табиғатпен етене жақын болғанын, ерлік пен сұлулықты қатар қадірлеген мәдениетін паш етеді.

Суретші кеңістікті түрлі кейіпкерлер мен жануарлар арқылы байыта түскен, бүркіт, құмай тазы, киік, құстар, түйелер мен жылқылар – барлығының қозғалыста болуы картинаның динамикасын күшейтеді. Алдыңғы пландағы аң мен құс бейнелері саятшылықтың тартымды сәтін көрсетсе, артқы фондағы киіз үй мен оюлы арка, шатырлы шымылдық дәстүр мен мәдениеттің терең тамырларын айқындай түседі.

Түстердің үйлесімі де ерекше: жылы сарғыш, жасыл және қоңыр реңктер табиғаттың байлығын, қазақ даласының тынысын шебер жеткізген. Суретші майлы бояудың мүмкіндігін шебер пайдаланып, фактура мен өрнек арқылы ұлттық нақышқа басымдық берген.

Саятшылық – ер азаматтардың еркін рухын, табиғатпен үндес өмір салтын және қазақтың аңшылық мәдениетін дәріптейтін туынды. Бұл картина – ұлттық болмыстың көркем тілмен бейнеленген поэтикалық көрінісі.



*«Саят» кенеп, майлы бояу 100х120, 2024 жыл.*

Суретші «Байғыз» картинасы арқылы қазақ халқының дүниетанымындағы терең мифологиялық және мәдени ұғымдарды көркем жеткізеді. Байғыз – ежелден қасиетті құс, даналықтың символы. Байғыз жайындағы аңыздың барлығында оның ақылды құс екені жазылады. Суретші осы құстың бейнесін кенептің ортасына, қанатын жайған күйде бейнелеп, оны адам бейнесімен және ежелгі мәдени белгілермен байланыстырады.

Туынды композициясы көпқабатты, символдық элементтерге бай. Орталықта әйел бейнелі адам мүсіні берілген, оның үстінде қанатын кең жайған байғыз орналасқан. Төменгі бөліктегі қара-сұр түсті жолақта тарихи және мифологиялық бейнелер көрінеді. Бұл халықтың өткені мен тарихын, өмір сүру дәстүрін меңзейді.

Жылы және суық түстердің контрасты (қызыл, сары, көк, қоңыр) шығармаға эмоционалды тереңдік береді. Байғыздың ақшыл-сары реңкі оның рухының тазалығын, даналықтың нұрын білдірсе, артқы фонда қызыл және күлгін түстер адамның ішкі күйзелісін, тарихи күресті суреттейді.

Суретші шынайы реалистік тәсілден гөрі шартты, декоративтік формаларды қолданған. Туындыдағы әрбір деталь мағыналық жүк арқалап тұр. «Байғыз» картинасы даналықтың, жақсылықтың, қорғаушы күштің символы ретінде көрерменді өз тегін, мәдени тамырын есте сақтауға үндейді.

«Алақай» картинасы – өмірге деген қуаныш пен ұлттық рухты тоғыстыра түсетін экспрессивті әрі символикалық шығарма. Суретте қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ойын-сауығы, өнері мен ертегілік дүниетанымы үйлесім тапқан. Композиция ортасындағы



*«Шебер әйел» кенеп, майлы бояу 65х80, 2000 жыл.*

ат үстінде қуана «алақайлаған» бала бейнесі қозғалыс пен еркіндік идеясын әсерлі жеткізген. Бұл кейіпкер халықтың еркін мінезі мен өмірге деген құштарлығын айшықтайды. Оны қоршаған кейіпкерлер, би билеп, ән айтқан жастар, ойнап жүрген балалар – барлығы да қуаныш пен шаттыққа толы ортақ көріністі сомдайды.

Фондағы бай өрнектер, киімдердің алуан түстері мен ұлттық оюлар қазақ мәдениетінің сәндік элементтерін көрсетеді. Ал мифтік бейнелер мен жануарлар, мысалы, пырақ, қыран, арқар – рухани әлем мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысты меңзеп тұрғандай.

Суретші майлы бояудың ашық, қанық реңктерін шебер пайдаланып, картинаның атауына сай көңілді, мерекелік атмосфераны сезіндіреді. Туынды ұлттық болмысты, тарихи қуанышты сәттерді заманауи бейнелеу тілімен жеткізіп, көрерменге позитивті энергия сыйлайды.

«Шебер әйел» туындысы – қазақ әйелінің ішкі жан дүниесі мен ұлттық өнерге деген терең әрі нәзік ілтипатын бейнелейтін символикалық шығарма. Картинаның орталық кейіпкері – кесте тоқып отырған қазақ әйелі. Оның позасы, бет-бейнесіндегі сабырлылық пен терең ой қолөнердің тек тұрмыстық емес, рухани мәнге ие екенін айшықтайды. Шебер әйел бейнесі – қазақ әйелінің бейнесі ғана емес, бүкіл халықтың өнерге деген терең құрметінің жинынтық бір көрінісі дерсің.

Әйелдің үстіндегі киімі ұсақ мозаика тәрізді өрнектермен көмкерілген. Бұл стиль Густав Климт стилін еске түсіреді. Бұдан әлемдік өнер мен ұлттық стильдің өзара байланысын көреміз. Шеңбер пішінді кесте тоқу құралы – шексіздік, мәңгілік символы ретінде бейнеленген. Ол өнердің ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз жалғасып келе жатқанын аңғартады. Туынды қазақ әйелінің шығармашылық болмысын, оның ішкі сұлулығын, ұлттық мұраға адалдығын көрсетеді.

«Шебер әйел» картинасының Ұлттық музей залында ілінуі – оның көркемдік құндылығының, тарихи-мағыналық салмағының жоғары екендігінің айғағы. Музей – ұлттың рухани қазынасын жинақтап, келер ұрпаққа аманаттайтын киелі мекен. Бұл туынды сол орынға лайықты түрде қойылған. Өйткені туынды қазақтың дәстүрлі қолөнерін көркем тілмен дәріптейді.

Бейнелеу өнері – халықтың рухани жадын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін алтын көпір. Қазақ халқының табиғатпен біте қайнасып өмір сүргені, олардың салт-дәстүрді қадір тұтуы суретшілердің туындыларында ерекше көркемделген.

Осы тұрғыда Ақтоты Көлкеқызының әр шығармасы – ұлттық болмысты ұлықтаған, қазақ мәдениетінің көркем бейнесін көз алдымызға әкелетін құндылығымен ерекше есте сақталады. Еңбектері көзбен көруге ғана емес, жүрекпен терең сезінуге арналған. Суретші шығармашылығы арқылы біз табиғат пен адам арасындағы үндестікті, дәстүр мен рухтың мәңгілік мәнін сезіне аламыз.





Ақтоты Көлкеқызының еңбегі тек қылқаламмен шектелмейді. Ол – өз елінің нағыз патриоты. Сол кездегі Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және көркемөнер институтының «Көркемөнер» факультетінің 1 курс студенті 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде батылдық танытып, алаңға шыққан жастардың қатарында болды. Бұл оның өнер адамы ғана емес, елінің тағдырына бейжай қарамайтын жанашыр жан екенін де дәлелдейді.

Желтоқсан – қазақ жастарының еркіндік пен әділдік жолында жан аямай күрескен жан айқайы еді. Ақтоты Көлкеқызы сол күндері алаңға шыққан жастармен бірге болып, тәуелсіздікке деген ұмтылыстың шынайы да жарқын көрінісін паш етті. Бұл әрекеті оның өмірлік ұстанымының, ішкі рухының биіктігін айқындайды. Суретшінің сол оқиға кезіндегі әңгімесін тыңдағанда жанымыз түршігеді. Сол ауыр жылдардың естеліктерінен ел мен жердің, еркіндіктің бағасын ұғып қана қоймай, оны сақтап қалу үшін аянбай еңбек ету керектігін де ұғына түсесің.

Ақтоты Көлкеқызы – бүгінгі күнге дейін өнерімен де, азаматтық позициясымен де көпке үлгі. Оның шығармалары арқылы біз өткен тарихымызды еске алып, ұлт ретінде қалыптасуымыздың терең мәніне бір сүңгігендей әсер аламыз.

Осындай терең ойлы, рухани бай, елін сүйген тұлғамен бірге жұмыс істеу – үлкен мәртебе әрі шексіз шабыт көзі. Ақтоты Көлкеқызының әр ісі мен сөзі өзгеге үлгі, ал шығармашылығы – нағыз ұстаздық мектеп десе артық айтқандық емес. Оның жанында жүрген әрбір сәт – рухани өсу мен кәсіби дамудың қайнар бұлағы іспеттес.

# ПОНИМАЮЩАЯ ВСЕ АЛМАГУЛЬ

***Клара Исабаева***
*Арт-критик, ветеран музейной работы*

Музей современного искусства Almaty Museum of Arts (AMA), посвященный обширной коллекции известного мецената Нурлана Смагулова, открылся в сентябре 2025 года с масштабной ретроспективной выставкой Алмагуль Менлибаевой «Я все понимаю». Еще в годы распада Советского Союза так называемое актуальное (современное) искусство стало проникать в Казахстан, отвергаемое доминировавшим официальным социалистическим реализмом, но обретя независимость наша страна стала все больше интегрироваться в мировое культурное пространство с современными стилями и

формами выражения в искусстве. Одним из таких художников, добившихся большого успеха в современном искусстве на международном уровне, стала Алмагуль Менлибаева, которая выставляется за рубежом с 2000-х. Ее выставки проходили в Музее Арнем и Гранд Пале в Париже, Берлине, Шардже, Гуанчжоу, Лахоре, Москве, на Венецианской, Сиднейской и Киевской биеннале, а работы экспонируются в Филадельфийском музее (США), Музее современного искусства в Антверпене (Бельгия), Национальной художественной галерее Квинсленда (Австралия), Музее Кастеева и других.

В постоянной коллекции Музея современного искусства в Антверпене находится около пятнадцати работ Алмагуль. Они были созданы для ее персональной выставки в этом музее в 2011 году. Изначально это рассматривалось как одна большая инсталляция, включающая работы в разных медиа – лайтбоксы, фотографии и видеоинсталляции.

«Работы я снимала в регионе Центрального Казахстана, – рассказывает Менлибаева, – в селе Аксуу-Аюлы – там, где родилась моя мама, Гульбиби. Я создала несколько проектов в этом месте, потому что мне было важно понять, откуда моя мама, её корни. Несмотря на то что у неё была большая семья, она оказалась изолирована от своих родственников и рано ушла из жизни. Через осмысление её судьбы я пыталась повлиять на собственную семью, наладить взаимодействие и понимание. В свои перформансы и проекты я приглашала местных жителей и своих родственников. Я верю, что творчество способно помочь нам глубже понять самих себя. Переосмысление истории – одна из важнейших тем в моём творчестве».

Фонд современного искусства Sharjah Art Foundation в Шардже (Объединённые Арабские Эмираты) также имеет в своей коллекции четыре крупные видеоинсталляции Менлибаевой: Ride the Caspian / Вдоль по Каспию (коллаборация с иранско-американской художницей Бахар Бехбахани), Kurchatov 22 – пятиканальная видеоинсталляция о Семипалатинском ядерном полигоне в Казахстане и инсталляцию о самаркандском астрономе Улугбеке, десятиканальное видео, реализованное для Лахорского биеннале при поддержке арт-фонда PCAI (Греция).

Через АЛЖИР прошли жены многих известных репрессированных людей: Гульбарам Сейфуллина, жена писателя и государственного деятеля Сакена Сейфуллина – 7 лет заключения; Гульжамал Майлина, жена писателя Беймбета Майлина – 5 лет лагеря. Азиза Рыскулова, жена дипломата, государственного деятеля Турара Рыскулова – 8 лет заключения.

Дамеш Жургенова – Ермекова, жена политика Темирбека Жургенова, сестра деятеля Алаш-Орды Алимхана Ермекова – осуждена на 8 лет. Рабига Лапина, жена ученого, врача Санжара Асфендиярова, осуждена на 5 лет. Рахиль

Мессерер-Плисецкая, мать знаменитой балерины Майи Плисецкой.

В этом лагере женщины находились в невыносимых условиях, но самым страшным унижением были массовые изнасилования, которые устраивала охрана. О масштабах этого позора можно судить по одной цифре – с 1938-го по 1953 годы в лагере родились 1507 детей. Закрыли лагерь в 1953 г. после смерти Сталина.

В 2007 году по распоряжению Первого Президента Н. Назарбаева открыли музей жертвам сталинских репрессий.

***Степлаг (Степной лагерь), Особлаг (Особый лагерь) № 4. Годы существования: 1948-1956 гг. Максимальное число заключенных: около 8 тысяч.***

Степлаг (Степной лагерь), Особлаг (Особый лагерь) № 4 для политических заключённых в системе ГУЛАГ, управление которого располагалось в поселке Кенгир (ныне в черте г. Джезказган) Карагандинской области. Организован 28 февраля 1948 года на основе Джезказганского лагеря военнопленных № 39. В мае-июне 1954 года Степлаг стал местом одного из самых известных и трагичных в истории ГУЛАГа восстаний, жестоко подавленного с применением танков.

Репрессивная сталинская машина не обошла и нашу семью. Мой отец Исин Умбетжан, 1922 года рождения, во время Голодомора, в 1931 году потерял всех родных: отца, мать и 9 братьев и сестер. В 9-летнем возрасте он остался сиротой, воспитывался в детском доме, получив неполное среднее образование, отучился на курсах по комсомольской линии. В 18 лет вступил в ряды коммунистической партии, 1941 году получил бронь от участия в ВОВ. В его рабочий стол подложили напечатанную на машинке записку определенного содержания и подделали подпись. В результате 22 января 1942 года он был задержан, как шпион Германии, и осужден на 10 лет по статье 58-10 (пропаганда или агитация, содержащие призыв к свержению, подрыву или ослаблению Советской власти или к совершению отдельных контрреволюционных преступлений…). За этот промежуток времени, он прошел все круги ада, пыток и мучений, не признаваясь в том, в чем его обвиняли. Он провёл свои молодые годы, отбыв от звонка до звонка 10 лет в Восточно-Уральском ИТЛ, в посёлке Тавда Свердловской области.



Исин Умбетжан (1922)

**Дата рождения:** 1922 г.
**Место рождения:** Карагандинская обл., Жанааркинский район, аул N5
**Пол:** мужчина
**Национальность:** казах
**Образование:** неполное среднее
**Профессия / место работы:** служащий аулсовета
**Место проживания:** Карагандинская обл., Жанааркинский район, Атасу пос

**Где и кем арестован:** УНКВД по Карагандинской области
**Мера пресечения:** арестован
**Дата ареста:** 22 января 1942 г.
**Обвинение:** 58, п. 10 УК РСФСР.
**Осуждение:** 20 сентября 1942 г.
**Осудивший орган:** Карагандинский облсуд
**Статья:** 58-10 УК РСФСР
**Приговор:** ИТЛ, 10 лет
**Дата реабилитации:** 17 ноября 1959 г.
**Реабилитирующий орган:** Верховный Суд Каз
**Основания реабилитации:** за отсутствием состава преступления

**Источники данных:** БД "Жертвы политического террора в СССР"; Сведения ДКНБ РК по Карагандинской обл.; МВД Республики Казахстан

Биография [добавить информацию]

Исин Умбетжан 1922 года рождения казах. Место рождения Карагандинская обл., Жанааркинский район, аул N5. Образование: неполное среднее. До ареста проживал: Карагандинская обл., Жанааркинский район, Атасу пос. работал служащий аулсовета. Кем и когда арестован: 22.01.1942 года, УНКВД по Карагандинской области. Кем и когда осужден: Карагандинский облсуд, 20.09.1942 года Статья: 58-10 УК РСФСР. осужден к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 17.11.1959 года, Верховный Суд Каз.ССР. Причина прекращения дела: За недоказанностью состава преступления

Категории: Жертвы политического террора в СССР (База данных); ДКНБ РК по Карагандинской обл.; МВД Республики Казахстан; Казахстан.

*Карточка Исина Умбетжана, находящего в Открытом списке жертв политических репрессий*

Востураллаг, тип деятельности – лесозаготовки;
Годы существования – 1942-1960 гг., Свердловская область, город Тавда;
Восточно-Уральский ИТЛ организован 8 мая 1942 года на базе Санкинского, Туринского, Азанковского, Шарыгинского, Тавдинского лагерных отделений и Сарапульского отдельного лагерного пункта Северо-Уральского ИТЛ. Управление Востураллага располагалось в городе Тавда Свердловской области. Основной задачей лагеря было проведение лесозаготовок. Максимальная численность заключенных – 1952 год – 30 314 человек.

В Поиске по открытому списку жертв политических репрессий в СССР, в котором уже 3 281 985 записей о людях, я нашла данные на своего отца.

Данная карточка моего отца сохранена в картотеке Департамента по правовой статистике и специальных учетов Генеральной прокуратуры РК по Карагандинской области.

17 ноября 1959 года Верховным судом КазССР отец был реабилитирован за отсутствием состава преступления, его восстановили в партии, вернули партбилет. Впоследствии папа работал на руководящих должностях в родной Жанаарке, вышел на пенсию в 1983 году, а в 1998-м, в возрасте 75 лет, покинул этот мир.

Для нас, его детей, папа всегда был и остается человеком несломленным духом, является эталоном высокой порядочности и человечности.

На примере моего отца можно увидеть сколько безвинных людей прошли через жернова сталинских репрессий, многие из них погибли в тюремных застенках. Те, что были реабилитированы, пронесли через всю жизнь глубокую психологическую травму. Часть постаралась справиться со своим прошлым, которое могло омрачить будущее, и с большим мужеством строила свою жизнь дальше. Ради них нельзя забывать о жертвах чудовищных репрессий, которых не могли избежать ни больные, ни женщины, ни дети.



Использование принудительного труда заключенных занимало важное место в экономике СССР в 1930-е-1950-е годы. На ГУЛАГ приходилось освоение около 10 % капиталовложений в капитальном строительстве. Однако в некоторых отраслях значение ГУЛАГа было больше: в добыче угля, металлов, руды, в том числе золота и урана, алмазов, кобальта, апатитов. 100% золота, около 70% олова и 33% никеля добывались силами заключённых. На них приходилось 15% работ на лесоповале и значительная доля работ на гидротехническом и дорожном строительстве. Среди объектов, возведенных руками заключенных, необходимо выделить заводы ферросплавов в Казахстане, никелевый завод на Кольском полуострове, Норильский никелевый комбинат, портовые сооружения в Находке и Советской Гавани.

Поистине общенациональное и международное значение имела деятельность академика Манаша Козыбаева в качестве президента историко-просветительского общества «Әділет». Реабилитация 125 тыс. политических репрессированных, издание многотомных «Книг скорби», открытие памятников жертвам репрессий высоко подняли престиж Республики Казахстан в глазах международной общественности как правового и демократического государства. Нужно ценить свою историю, и особенно трепетно относиться к трагическим событиям такого масштаба, чтобы жертвы политических репрессий, выжившие и погибшие, пострадали не зря. Они преподали будущему поколению урок и показали цену мирного неба над головой.

**Использованная литература:**

1. «Научно-исторический центр «Мемориал», при содействии фонда Фелтринелли и кафедры картографии географического факультета МГУ». Карта ГУЛАГа (Gulag map). «Мемориал», Россия. Получено 29 августа 2012.

2. Гарф Ф.Р. Положение об исправительно-трудовых лагерях 1930 года./ГУЛАГ,1918-1960. Документы. М., 2002.

3. Постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР №1443-719с от 25 октября 1956 г.

4. Материал из Википедии – свободной энциклопедии.

# ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАСТЕК ҚАЛАШЫҒЫ

***Ринат Шарипов***
*«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы*
*Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы*

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылынан 2,5 шақырым оңтүстікке қарай, Суық төбе тауының етегінде орналасқан ортағасырлық Қастек қаласы археологиялық зерттеулердің маңызды нысаны болып саналады. Археологиялық деректер қаланың ортағасырлық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қорғаныс ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Алматы облысының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жиынтығын жасау барысында көптеген археологиялық ескерткіш тіркелген.

2006 жылы Алматы облысында археологиялық барлау экспедициясының далалық маусымдағы зерттеу жұмыстары Жамбыл ауданындағы Дегерес, Бесмойнақ, Басбатыр, Қозыбасы тауларының территорияларындағы шатқалдар мен жазықтықтағы археологиялық ескерткіштерге жүргізілген. Қорғандық қорымдар, яғни жерлеу орындары негізінен ежелгі көшпелілердің қабірі ретінде болды. Олар көп жағдайда тау шатқалдарында, төбелер мен бөктерлерде, өзен-су арналарының жағалауларына жақын орналасқан. Басбатыр тауының тікелей жиектерінде қыстақтардың да орны табылды. Оларды қола дәуіріне жатқызуға болады. Мұндай қорытындыға келуге маңындағы қола дәуірінің қорымдары (қорымдар құрамындағы тас қоршаулардың ішіндегі құрылымы ерекше қола дәуіріне жататын тас жәшіктер) себеп болды. Тау жиегіне шығар тұстағы жартастардан петроглифтер табылған. Олардың арасында аң аулау көріністері, көзілдірік тәріздес бейнелар мен дөңгелек пішіндер де бар.

Суықтөбе тауының солтүстік-шығыс беткейлеріндегі ескерткіштерге археологиялық барлау жұмыстары жүргізілген кезде бұл аймақтағы таулы қыраттардың суаттармен бөлінген кең биік террасаларды құрайтындығы анықталды. Бөктерлердің төбелеріне қорғандық қорымдар шоғырланған, алжоталары менолардың аралықтарынан қазаншұңқырлар тізбегінен тұратын қыстақтар табылған. Жеке қыстақтар соңғы мыңжылдықтарда көп пайдаланылған болуы керек. Оған тұрғын қазаншұңқырларының сан алуандығы (15-тен астам), ыңғайлы орналасуы дәлел бола алады. Ірі қорғандардың тізбегі жазық далаларда орналасқан. Ескерткіштердің ерекше таңғаларлық топтары Қоғамшыл ауылының оңтүстік-шығысында тіркелген.

Алматы облысы аймағынан табылған қола дәуірі ескерткіштерінің тарихи маңызы ерекше. Олардың бірі Сұңқар ауылынан (Жамбыл ауданы) оңтүстік-шығысқа қарай 3,5 шақырым жерде, таулы аймақта орналасқан. Қорымдық даланың ені – 110 метр, осы шақырымда қорымның оңтүстігіне қарай тасты жәшіктер, 140 және 200 метрде қорымның солтүстігіне қарай қорымның тасты құрылымдары бой түзеген. Қорым мал шаруашылығы фермасының жанында, ал оның аумағында құдық және суат орнатылған. Қорым аумағынан көлік жолы өтеді. Аумақты шаруашылық мақсатында пайдалану салдарынан көне қабат бұзылып, топырағы шайылып, бірнеше қабір тас ашылып қалған.

Жамбыл ауданы аумағында жүргізілген археологиялық барлау кезінде құрылысқа пайдалану мақсатында топырақ және тас алу кезінде көптеген қорған бұзылғаны анықталды. Жамбыл ауданының аумағындағы Аңырақай тауларының солтүстік-шығыс және шығыс етектерінде жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша ең көне ескерткіштердің қатарына Таңбалының тастағы бейнелері мен қола дәуірінің қыстақтарын жатқызуға болады. Петроглифтер Таңбалыдан солтүстік және солтүстік батыстағы Қоғалы шатқалы мен Қарақыр тауынан батысқа қарай жатқан жазықта салынған. Қыстақтардың үстіңгі қабатынан бірнеше дуал мен үйлердің шұңқырлары кездеседі. Сонымен бірге, жануарлардың сүйектері мен керамикалық қалдықтарды да табуға болады.

Барлау жұмыстарының нәтижесінде табылған ескерткіштердің негізгі бөлігін ерте темір дәуірінің жерлеу орындары құрайды. Бұл қорымдар диаметрі 4-12 м дейінгі бірнеше (3-15 дейін) кішкентай қорғаннан тұрады.

Сонымен қатар, ортағасыр кезеңін қамтитын ескерткіштерді де кездестіруге болады.

Осындай тарихи археологиялық ескерткіштердің бірі – Жамбыл ауданы Қастек ауылынан 2,4 шақырым жерде орын тепкен ортағасыр кезеңіндегі шағын қалашық. Қалашық Жетіжол тау тізбегінің етегінде, Алматыдан



*Археологиялық қазба жүргізілген аймақ*

солтүстік батысқа қарай 90 шақырым жерде орналасқан.

Географиялық тұрғыда қала өте қолайлы жерде орналасқан. Айналасы мал жайылымдарына жайлы. Қастек шатқалы басталған жердегі қалашықтың жоғары жағында асу бар. Сол арқылы Шу аңғарына жетуге болады. Қараханидтердің астанасы Баласағұн (Қырғызстандағы Тоқмақ қаласына жақын) қаласымен тығыз байланысы болған. XIV ғасырдың соңында осы асу арқылы Темір әскері өткен деген болжам бар. Қаланың төменгі жағында Қастек өзені ағып жатыр.

Шартты атауы Қастек-1 (қаланың орта ғасырда қалай аталғаны белгісіз) деп аталатын ортағасырлық елді мекенді зерттеу жұмыстары 2011 жылы басталған.

Қаланың археологиялық қазба жүргізілген бөлігінің жалпы аумағы – 4 гектар. Қазба жұмыстарының қалған 26 гектары археологиялық зерттеулерді қажет етеді. Қалашық Қараханидтер мен Қарлұқтар дәуіріне жататын бес мәдени қабаттан тұрады.

Қастек-1 қалашығының археологиялық қазба жүргізілген бөлігі цитадель болып шыққан. Ғалымдардың айтуы бойынша, Қастек VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында қала ретінде қалыптаса бастаған. XIII ғасырдың басына дейін гүлдену кезеңін бастан өткерген. Жүргізілген зерттеу барысында мұнда ауқатты адамдар мекен еткені белгілі болды. Көне Қастек қаласы топографиясы мен қорғаныс жүйесі бойынша Іле Алатауындағы ірі ортағасырлық қалалардың бірі болғаны байқалады. Табылған артефактілер қаланың экономикалық, шаруашылық, мәдени, сауда орталығы болғанын айғақтайды. Қала орнынан бірнеше үй-жай, көлемді архитектуралық және ғұрыптық құрылыстардың іздері анықталды. Тұрмысы орташа отбасылар цитадельден бөлек жерде тұрған. Қалада 14 мұнара, цитадельде 32 үйдің болған, сонымен қатар, сол жерде өмір сүрген адамдардың тандыр пайдаланғаны белгілі болды.

Қалашықты зерттеу кезінде археологиялық қазбалардан керамика, металл, сүйектен жасалған бұйымдар табылған.

Қалашық маңында өзеннің ар жағынан



*Археологиялық қазбадан табылған тарихи жәдігерлер*

үйілген тастар көзге түседі. Археологиялық болжамдар бойынша, бұл үйсіндердің қорымы болуы мүмкін. Олардың басым көпшілігі сол замандарда тоналғанға ұқсайды. Осы уақытқа дейін жүргізілген археологиялық қазбалардың нәтижесінде бай экспонаттар мен алынған құнды мәліметтер туралы 30-ға жуық ғылыми мақала жарияланған екен. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағындағы бұл археология ескерткіші кең ауқымды археологиялық зерттеулер жүргізілетін ескерткіштердің бірі саналады.

Өкінішке қарай, 2020 жылдағы археологиялық қазба жұмыстарынан кейінгі зерттеулер жалғасын таппады. Яғни, зерттеу жұмыстары уақытша тоқтатылды.

Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне сүйену – тәуелсіздікке қол жеткізген әр ел үшін заңды құбылыс. Бүгінгі атқарылып жатқан істерді еліміздің жарқын келешегі, елдігіміздің негізі үшін іске асыруымыз қажет. Өткен тарихи мәдениетімізге зер салып қарасақ, бабалардан қалған ескерткіштердің бізге берер тағылымы да аз емес екенін аңғара түсеміз.

Болашағымызға жол сілтеу үшін бабаларымыздың «өмір тамырына» үңілуге бағытталған зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да өз жалғасын табары сөзсіз.

**Әдебиеттер:**


1. Ақышев К.А. Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалаларын зерттеу перспективалары // Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық қалалық мәдениеті. – Алма-Ата, 1983. – С. 5-11.

2. Аболин Р.И. Балқаш маңы шөл даласынан Хан Тәңірі шыңына дейін // Қаз АССР Алматы округінің оңтүстік бөлігінің геоботаникалық және топырақтық сипаттамасы. – Ташкент, 1930. – С. 1. – Б. 60-61.

3. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата, 1974. С. 78-79.

4. Бартольд В.В. 1893-1897 жылдардағы ғылыми мақсатпен Орта Азияға жасаған сапары туралы есеп // шығармалар. – М.: ғылым ГРВЛ, 1966. – Т. – Б. 38. 81-83.

5. Өмірзақов С.У. Қырғызстанның тарихи топонимикасына // Орта Азияның ономастикасы. – М.: ғылым ГРВЛ, 1978. – Б. 53-58.

6. Нұржанов А.А. Жетісу-қазақ ұлтының алтын қалыбелі. Ой. Алматы, 2013. с. 19-22.

7. Нұржанов А.А., Терновая Г.А. VIII-IX ғғ. Жетісу тұрғындарының әдет-ғұрып тәжірибесі туралы сұраққа // XX Бүкілресейлік археологиялық съездің «IV» еңбектері, Қазан, 2014, 312-316 беттер.

8. Байпақов К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Жетісудың солтүстік-шығысындағы ортағасырлық қалалар мен қоныстар. – Алматы, 2005. – 188 с.

9. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Оңтүстік Қазақстанның отырықшы қоныстары мен қалаларының тарихынан. Қазақ КСР ҒА АЭИ еңбектері V том. 1958. 181-185 бет.

10. Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, 1971. 212 б.

11. Сенигова Т.Н. Тараздың жарықтандыру құралдары және олардың от табынуымен байланысы // кеңестік Археология. – 1968. – № 1. – Б.208.

# ҚОР ҚАЗЫНАСЫ

## ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

***Шолпан Абдибекова***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қорында еліміздің ерте заманнан қазіргі кезеңге дейінгі тарихын сипаттайтын материалдық және рухани мәдениеттің құндылықтары сақталған.

Қорды жүйелі түрде толықтыру жұмыстары – музей ісіндегі басты ғылыми бағыттардың бірі. Музей қоры бірнеше жолмен толықтырылады. Негізгі түсім көзі – жекелеген ұйымдар мен тұлғалардың сый-тартулары, жеке адамдардан сатып алу, сондай-ақ жинақтау жұмыстарын жүргізу, арнайы тақырыптарды зерттеу үшін ұйымдастырылған археологиялық, этнографиялық және тарихи экспедициялар нәтижесінде алынған заттар. Музей қоры Қазақстанның белгілі тұлғалары, ғылым, білім, өнер, тарих пен мәдениет қайраткерлерінің жеке кешендері және мұрағатымен ұдайы толықтырылып тұрады.

Қазіргі кезде музей қорында 222 641 музей заты бар. Оның ішінде заттардың 176 739-ы тұрақты сақтауда (негізгі қорда – 121 356 бірлік, ғылыми-қосымша қорда – 55 383 бірлік), ал уақытша қордың музейлік заттарының саны – 45 902 бірлік. Олардың басым көпшілігі – түпнұсқа, тарихи, құндылығы жоғары бірегей жәдігерлер.

Соңғы жылдары музей қоры: күйші-домбырашы, музыка зерттеушісі Жарқын Шәкәрімнің үш ішекті домбырасы, Абай шәй ішкен самаурын, Араб қанжары (Ыстанбұл билеушісі Чағыр пашаның Қажымұқанға берген сыйы), қазақ журналистикасының мәтрі, қазақтың Левитаны атанған диктор Әнуарбек Байжанбаевтың микрофоны, ҚР-ның Америка Құрама Штаттарындағы Елшілігі тапсырған қыл қобыз (мерзімделуі: XVIII ғ.) және т.б құнды жәдігерлермен толықты.

Музей қорларын есепке алу – қор жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Барлық музей заты мен коллекциялары мемлекеттік есепке алынады. Музей заттары мен коллекцияларын есепке алу – бұл оларды сәйкестендіру, сақтауды ұйымдастыру, орнын анықтау, сақталу жағдайын бақылау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және оларды тиімді әрі ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында арнайы есепке алу-сақтау құжаттарына тіркеу процесі. Жұмыс жоспарына сәйкес негізгі, ғылыми-қосалқы және уақытша қорлардың түсім кітаптарына музей заттары туралы мәліметтерді тіркеу және оған тиісті жазбаларды енгізу жұмыстары жүйелі түрде атқарылып жатыр.

Түсім кітабына барлығы 134 751 бірлік (оның ішінде 97 806 бірлік негізгі қорда, 36 945 бірлік ғылыми-қосымша қорда) туралы мәліметтер







енгізілді. «АС Музей» жүйесіне 294 048 дерек енгізіліп (оның ішінен негізгі қор заттарынан 108 286 бірлік, ғылыми-қосымша қордан 51 368 бірлік, уақытша сақтаудан 134 394 бірлік), бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Қор сақтау бөлімінің негізгі міндеті – музейлік құндылықтарды сақтау және оларды зерттеу үшін қолайлы жағдай жасау. Музей заттарының коллекциясы деректер түріне, материалына қарай 15 қорға топтастырылды. Бүгінде «Бағалы металл» қоры музейдің ең маңызды коллекцияларының бірі саналады. Онда 50 мыңнан астам жәдігер бар.

Әртүрлі әдіспен жүргізіп отырған музейдің әрбір жинақтау жұмысының қорытындысы – музей қорының толығуымен қоса, музей зерттеулерінің ғылымға қосқан маңызды үлесі.

Фото: Қанат Мусин

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРІНДЕГІ САНДЫҚТЫҢ РӨЛІ

***Айгүл Рахтаева***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлының бастамасымен жуырда жаңадан ашылған «Этнография залы №2» қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, қолданбалы өнеріне арналған. Зал экспозициясында музейге келушілердің назарына қазақ халқының XIX-XX ғасырлардағы зергерлік әшекейлері, дәстүрлі киім үлгілері, киізден, ағаштан, былғарыдан жасалған тұрмысқа қажетті бұйымдар мен кілемдердің бірнеше түрі ұсынылған. Тарихы бай, тағылымы мол өткенімізге көз жүгіртсек, қазақтың дәстүрлі мәдениеті – халқымыздың көп ғасырлық еңбегінің, ізденістері мен тіршілігінің асыл көріністері саналатын мәдени мұрамыз.

Ұлттық музей қорында дәстүрлі қазақ



мәдениеті мен этнографиясына қатысты бай коллекция сақтаулы. Олардың ішінде қолдану мақсаттарына қарай жасалған сандық түрлері де ерекше орын алады. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы бізге аманат етіп қалдырған мұраларын сақтау, әрі оны көпшілік көрермендер назарына ұсынып, кең ауқымда насихаттау – біздің борышымыз. Атаулы залда халқымыздың асыл мұрасы саналатын сандықтар алуан түрлілігімен көзге түседі.

Қазақ халқының үй жиһаздары ұлттық қолөнер дәстүрі бойынша көшпелі тұрмысқа лайықталып жасалған. Түрлі материалдан жасалған үй бұйымдары киіз үй кеңістігіне сай үйлесім тапқан. Үй жиһаздары көп орын алмайтындай және көші-қон кезінде алып жүруге қолайлы болатындай етіп жасалған. Үй жиһаздары сандық, кебеже, жүкаяқ, әбдіре, асадал, шай сандық, қобдишалар сияқты жабдықтардан тұрады.

**Сандық** – халық тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздардың бірі. Заман ағымына сай дәстүрлі ортада қолданылған көптеген үй жиһазы бүгінде қолданыстан шықса да, өз қызметін жоғалта бастағанымен, сандықтар әлі күнге дейін ұзатылған қызға жасалатын жасаудың бірі ретінде өз мәнін сақтап келеді. Үй төрінен орын алатын сандықтардың үстіне жүк жиналады. Сондай-ақ, оның ішінде бағалы дүниелер, асыл бұйымдар, қымбат маталар, киімдер, тіпті ғұрыптық мәні бар заттар сақтаған. Сондықтан сандықтардың тұрмыстағы рөлі өте маңызды болды.

Ежелгі шеберлер ағаш бұйымдарын көбіне сүйекпен безендірген. Ежелден келе жатқан қазақтың: «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» деген нақыл сөзі осындай шеберлікті дәріптеген. Қазақ руларында бірінен-бірі асқан шеберлер көп болған. Әртүрлі бұйымды сақтау үшін үлкенді-кішілі сандық, шәй сандық, жағлан, кебеже, сүйектелген сандық т.б. түрлері кеңінен пайдаланылған.

Халық тілінде «сандық» деген ұғымын білдіру үшін абажа, әбдіре, арша, жағлан атаулары қолданылған. Мұндай атаулар сандықтың алуан түрлі болуына байланысты қалыптасқан. Сақталатын бұйымның ыңғайына қарай сандықтар үлкен және шағын көлемде жасалады. Жүк сандық – ағаш тақтайлардан құрастырып жасалатын сандықтардың ішіндегі ең үлкені. Оның ішіне өте көп зат сыйған. Сондықтан оны көтеру де, тіпті, қозғау да ауыр болған. Осыны





*(Сандық. Ағаш, металл, бояу. Оймалау. XX г. Солтүстік Қазақстан)*

ескеріп, оны көтергенде екі адам екі жағында тұрып, қос қолдарымен көтеру үшін шеберлер сандықтың екі бүйіріне тұтқаны қос-қостан орнатқан.

Үлкен ағаш сандықтың абдыра деп атаған, бұл сөз түркі, моңғол және парсы тілдерінде де кездеседі. Қырғыздар да үлкен сандықты абдыра, тувалар сандықты аптыра, хакастар кішкене сандықты абдыра, моңғолдар кебежені авдар, ал парсылар қол сөмкені абдора деп атайды.

Абдыра көшпенді халықтар үшін өте қолайлы болған. Сандықтың аузына көбінесе ішкі құлып, кейде аспа құлып орнатылады. Сандықты жерге қойғанда түбі дым тартпау үшін оның астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан аяқ орнатады. Сандықтың беті әртүрлі бояумен сырланып, өрнектеледі не айшықты қаңылтырмен, кейде өрнекті сүйекпен қапталады.

Сандық жасау асқан шеберлікті талап етеді. Шеберлер сандықты қайың, қара тал, емен ағаштарынан ойып жасаған. Сырты темірмен, мыс жапсырмамен, қатырма ою-өрнектермен көркем етіп безендірілген. Сандықтардың көлемі тұрмыста қолданылуына қарай әртүрлі болған. Кіші сандықтар 30-60 сантиметр болса, үлкендері 60-120 сантиметрге дейін жеткен.

Ерте кезде жағылан жасау үшін сапалы былғары мен күмісті табу оңай болмағандықтан, оны тек бай, ауқатты адамдардың қыздарына арнап жасатқан. Жағыланның жиектері мен бұрыштары әртүрлі күміс әшекейлермен безендірілген.

Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сыртын қаңылтырмен әшекейлеп қаптап қояды.

Экспозицияда сондай-ақ шай сандық орналасқан. Онда ұсақ-түйек бұйымдар мен әшекей-зергерлік бұйымдарды сақтайды. Оны ерекше сәндеп, сүйектеп, күмістеп, әшекейлеп ұстайтын болған.

Халық арасында сүйектен бұйым жасайтын шеберлерді өте жоғары бағалаған. Шеберлер қымбат бұйымдарды әрлеуде сүйек пен күмісті қатар қолданған. Кез келген шебер сүйектен бұйым жасай алмайды. Сүйекпен ағаш бұйымдардың сыртын, жылқының ер-тұрманын, саз аспаптарды безендірген.

Экспозицияда сүйекпен безендірілген сандық қойылған, оның негізгі құрылымы ағаштан тұрады. Сырты сүйек сынықтары арқылы сәнделіп, олардың әр бөлігіне жеке өрнек түсірілген. Жалпы, сүйекке түскен өрнек түрлері мен құрылысы жағынан киіз үй оюларына ұқсас болып келеді.

Мұндай тұрмыстық бұйымдар – ұлттық қолөнердің баға жетпес байлығы. Бүгінгі ұрпақ үшін олар өткеннің елесі, қиял ертегідей көрінеді.




*(Кебеже. Ағаш, металл, тері. Ойылау. Нақыштау. XX г. Солтүстік Қазақстан)*

Техника дамымаған бұрынғы заманда адамдар тұрмыстық қажеттілікті өтеу үшін сүйекті шикізат ретінде пайдалана білген. Мұны жас ұрпақтың бойына сіңіру маңызды.

Шеберлер үшін сүйекті өңдеп, бұйым жасау да оңайға соқпағаны байқалады. Ол үшін әдетте шебер ірі қара малдың қабырғасын жақсылап қайнатып алады. Одан соң ортасынан жарып, ыстық суға салып, балғамен ұру арқылы теп-тегіс, түзу етіп алып, бетіне үшкір құралдармен өрнек түсірген. Көп жерде өзінің мазмұнына қарай өрнектелген пластинкалар қысқа болғандықтан, оларды көрген көзге жақсы көріну үшін күміспен безендірілген шегелермен бекіткен.

Экспозицияда көненің көзіне айналған кебеже де бар. Көшпелі заманда ата-бабаларымыз жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп-қонып жүргендіктен, азық-түлікті сақтау үшін кебежеге құрт, ірімшік, май, сүр ет, талқан, басқа да тағамдарды салған. Кебеже – тамақ сақтауға арналған ағаш бұйым, түйеге теңдеп алып жүруге де ыңғайлы, тұрмысқа өте қажет бұйым болған.

Енді музей төрінен көненің көзін тамашалап отырмыз, ол алыстан-ақ қазақы ою-өрнегімен көз тартады. Әдетте кебежені молшылық пен берекені білдіретін ою-өрнектермен, ирек, құйынды гүл өрнекпен, шимаймен т.б. элементтермен сәндеген.

Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Қойылатын тағамдар бүлінбеуі, оған ауа кіріп тұруы үшін төменгі қабатынан тесік жасаған. Кебежені ерте ғасырларда сол кездегі ісмер ұсталар ағашты жонып, темір шегемен бекітіп жасаған. Құрылымына қарай кебежелердің түр-түрі кездеседі. Солардың бірі – қақпағы үстінен ашылатын кебежелер. Мұндай кебеженің қақпағы тұтас немесе жартылай ашылады. Көптеген кебеженің қақпағына топса орнатылады. Ол артқа қарай шалқалап ашылады.

Кебежелердің бір-бірінен айырмашылығы олардың алдыңғы бетін көркемдеу тәсілінен байқалады. Безендірілген әрі боялған кебеженің түрін «сырлы кебеже» деп атаған. Сүйекті кебежелердің бетіне геометриялық пішіндер мен ою-өрнектер түсіріледі, ал кейбір сүйекті кебежелерге күмістен ою-өрнек бекітіледі. Әдетте кебеженің алдыңғы бетін ғана оюлап, қалған бөліктерін өсімдіктерден жасалған бояумен сырлаған.

Кебеже әдетте төр жаққа емес, «сол жақ» деп аталатын қазанаяқ тұсында тұрады. Бір үйде 3-5



*(Асадал. Ағаш, сүйек, металл, оймыш. XX г. аяғы. Орталық Қазақстан)*

кебежеге дейін болған.

Экспозициядағы жиһаздың тағы бір түрі – асадал. Асадал – ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға арналған ерекше тұрмыстық мүліктің бірі. Ол кебеже, сандықтарға қарағанда биік болып келеді. «Асадал» сөзінің этимологиясы «ас» және «адал» сөздерінің бірігуінен шыққан. Яғни, «астың адал болуы», «астың адал һәм таза сақталуы» деген ұғымды білдіреді. Асадал түркі халықтарының арасында кең тараған жиһаз саналады.

Жиһаздың бұл түрі де биіктігімен ерекшеленеді. Асадал екі бөліктен тұрады: жүкаяғы және негізгі бөлігі. Олар қосауыз есікті болып келеді: үстіңгі бөлігінде тартпасы, ал төменгі бөлігінде сөрелер орналасқан. Түнде ыдыс-аяқ пен тамақ әрқашан асадалға қойылған. Халық наным-сенімі бойынша, ашық қалдырылған тамаққа зұлым күштер келеді деп саналған.

Ал асадалдың алдыңғы бөлігі, яғни қос есігі геометриялық өрнектермен ойылып сәнделген. Өрнектердің бір-бірімен дәл осылай қиылысуы, үйлесімді түзілуі шебердің ұсталық өнерінің жоғары деңгейін айғақтайды.

Қарапайым ғана асадал сияқты шағын тұрмыстық бұйымдардың өзінен табиғат аясында ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың сұлулық әлеміне жаны жақын, эстетикалық талғамы жоғары болғандығын аңғаруға болады.

Музей қорында сақтаулы мұндай жәдігерлер – халқымыздың баға жетпес асыл құндылықтары. Музей ісінде, қоғамдық ортада, тіпті әлемдік мәдениет кеңістігінде де сандық сынды ұлттық бұйымдар, құндылығы жоғары жәдігерлер өткеніміздің белгісіндей болып, халқымыздың баға жетпес, рухани асыл мұралары болып қала береді. Алдағы уақытта да біздің міндетіміз – бабаларымыздан қалған тарихи құнды жәдігерлерді сақтау, келешек ұрпаққа жеткізу болып қала бермек.









# ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕГІ «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЗАЛЫ №1» ЭКСПОЗИЦИЯСЫНДАҒЫ КЕСКІНДЕМЕЛІК ТУЫНДЫЛАРҒА КӨРКЕМ ШОЛУ

***Жазира Аксакалова***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Қазақстан Ұлттық музейінің «Бейнелеу өнері залы» – бұл ұлтымыздың рухани әлемі мен көркемдік қазынасы тоғысқан киелі кеңістік. Мұнда қазақ халқының көркем мұрасы өзіне тән бояуы, бедері арқылы ерекше көзге түседі. Кескіндеме, мүсін және графика сынды бейнелеу өнерінің басты үш бағыты арқылы ұлттың өткені мен бүгіні, дүниетанымы мен рухани әлемі терең әрі әсерлі түрде көрініс табады.

Кескіндеме өнері бөлімінде қазақ бейнелеу өнерінің жарты ғасырлық тарихын қамтитын тұрақты экспозиция ұсынылған. Мұнда қазақ кәсіби көркемсурет мектебінің қалыптасуына негіз болған Н. Хлудов, Ә. Қастеев, Ә. Ысмайылов, О. Таңсықбаев, В. Эйферт, Н. Крутильников сондай-ақ Қ. Тележанов, М. Кенбаев, А. Ғалымбаева, Г. Исмаилова, Ж. Шарденов, М. Хитахунов, Ш. Сариев, С. Айтбаев, М. Аманжолов сынды шеберлердің туындылары ұлттық мәдениеттің көркем шежіресіне айналды.

Зал экспозициясы қазақтың алғашқы кәсіби суретшісі Ә. Қастеевтің шығармаларынан бастау алады. Қылқалам шеберінің пейзаж жанрындағы «Шалкөде жайылымы», «Тоғаны бар мәдениет саябағының көрінісі» (1937), «Мәдениет саябағынан таулардың көрінісі» (1937) атты туындылары көрермен назарына ұсынылған. Пейзаж жанрындағы «Шалкөде жайылымы» (1959) атты кенебінде Алматы облысындағы Шалкөде жайлауының кең панорамалы әсем көрінісі бейнеленген.

Алдыңғы планда тауда жайқалып өскен көк шөп пен гүлдер, ортаңғы шепте жайылып жүрген қойлар мен шопан, ал артқы фонда таулар мен өзен көрінісі кеңінен суреттелген. Композицияда кең байтақ табиғаттың көрінісі арқылы жайлаудың тыныш әрі салқын атмосферасы шебер жеткізілген. Кенептің жартысын алып тұрған бұлтты аспан шынайы атмосфералық әсер берсе, жасыл, көкшіл және ақшыл-сұр реңктердің үйлесімі табиғаттың сабырлы әрі тыныш келбетін толықтыра түскендей. «Дәстүрлі дүниетанымдағы пантеизм, ондағы жүйелі ойлау қажеттілігі, табиғаттың ішкі үйлесімі мен тіршілік күшіне деген терең құрмет Ә. Қастеевтің шығармаларындағы композициялық және колористикалық құрылым ерекшеліктерінен көрініс табады» (Ергалиева, 2002:10). Осы дүниетанымның ықпалымен суретші картиналарында табиғаттың кеңдігін, сұлулығы мен тыныштығын ерекше шеберлікпен бейнелейді.

Залдан Қастеевтің замандастары Ә. Ысмайловтың «Ерментау тың алқабында» (1958), «Биік таулар» (1972), «Бейбіт Қазақстан жерінде» (1985) атты туындылары мен О. Таңсықбаевтың «Бурчмулла тауының етегінде» (1972), «Көл» (1960), «Жайылымда» (1959), «Дала» атты кеңістік пен мәңгілік табиғатты суреттеген бірнеше эпикалық шығармасын тамашалауға болады.

«Биік таулар» (немесе «Шамалганские горы») картинасында Әубәкір Ысмайлов Шамалған тауларының сұлулығын көркем шеберлікпен сипаттайды. Картинада таулардың алып көрінісі бүкіл кеңістікті алып жатқандай әсер қалдырады. Композициялық құрылымда суретші таулардың әр қабатын айқын ажырата көрсетіп, алдыңғы қатарда қою реңктер, артқы қатарда көкшіл түстер мен қарлы шыңдар контрастын қолдану арқылы тереңдік әсерін тудырады. Бұл элементтер картинаның көркемдік кеңістігін кеңейтіп, табиғаттың ұлан-ғайыр ауқымын және оның мәңгілік болмысын айқындай түседі.

Ал О. Таңсықбаевтың «Бурчмулла тауының етегінде», «Көл», «Жайылымда» атты туындыларында табиғатты романтикалық сипаттағы бейнелеуінде лирикалық көңіл күй басым екендігін аңғаруға болады (Мастера изобразительного искусства Казахстана, 2009:23).

Экспозициялық бұл залда пейзаж жанрына арналған туындылардың қатарында қазақ бейнелеу өнеріндегі белгілі пейзажист суретшілердің бірі – Ж. Шарденовтың «Қысқы Медеу» (1981), «Мүлгіген төбелер» (1982) атты туындылары ұсынылған. Шарденовтың қыл қаламынан туған бұл шығармалар рельефті бейнелеу әдісімен орындалып, түстер үйлесіміне баса назар аударғанын көруге болады. «Этюдтерді фрагменттерге айналдырған ол бедерлі, қалың бояу жағу мәнеріне көшеді. Сол фрагменттердің

өзін бояу іздерінің жағыстарының әсерімен белгілі бір формаға айналдыра отырып, үздіксіз, шексіз козғалысқа түсіреді» (Ыдырыс, 2019). Яғни, жоғарыда аталған туындылардағы табиғат көріністері де этюдтік сипатта бейнеленіп, бедерлі, қалың бояу жағыстары арқылы кеңістіктіктің тереңдігі мен құрылымы айқын сезіледі. Суретші бояу іздерін фрагменттерге айналдырып, оларды белгілі бір пішіндерге келтіре отырып, табиғаттың үздіксіз қозғалысын жеткізе білген. «Қысқы Медеу» композициясында қар жамылған ландшафт пішіндері мен жарық-көлеңке ауысымдары динамикалық ырғақ тудырып, табиғаттың тұрақты қозғалысын сезіндірсе, «Мүлгіген төбелер» атты туындысында кеңістіктің тербелмелі формалары арқылы шексіздік пен қозғалыс идеясы көркемдік тұрғыдан шебер жеткізілген.

Өз шығармашылығында қазақ даласы мен тұрмыс салтының, ұлттық ерекшеліктерінің бейнесін қалыптастырған Сахи Романовтың «Қапал-Арасан» атты туындысы да әсем табиғат көрінісіне арналған. Картинада жаз мезгіліндегі Жетісу өңірі таулы аймағының тыныш та жарқын көрінісі бар. Шаршы пішіндегі кенепте табиғаттың әсем көркі шартты түрде берілуімен ерекше әсер береді.

«№1 Бейнелеу өнері» залынан пейзаж жанрымен қоса, портрет жанрының да айрықша үлгілерін көруге болады. Мәселен, Николай Хлудовтың «Қарт әйелдің портреті» атты шағын туындысы өмірлік тәжірибе мен шынайылықты егде жастағы әйел бейнесі арқылы жеткізеді. Оң жақтан түскен жарық қарттың бет әлпетіндегі әрбір әжімді анық көрсетіп, оның өмір бойғы бейнет іздерін айқындай түседі. Мимика, жарық пен көлеңкенің үйлесімі – көркем бейненің шынайылығын арттыра түскен. Осындай шынайылық пен эмоционалды тереңдік В. Эйфертің «Әженің портреті» атты картинасынан да байқалады. Бұл екі туындыда көркемдік мәнері мен мазмұндық үндестігі жағынан өзара ұқсастық байқалады.

Портрет жанрындағы Айша Ғалымбаеваның «Автопортреті» суретшінің ішкі жан дүниесін, шығармашылық болмысын көркем тілмен ашып көрсетсе, Гүлфайруз Исмаилованың Дина Нұрпейісоваға арналған туындысы – қазақ өнерінің тарлан тұлғасына деген терең құрметінің белгісі іспеттес. Ал Шаймардан Сариевтың «Төраға Жақыпованың портреті» (1978) атты еңбегінде кең тыныс пен терең психологиялық сипаттама көрініс тапқан. Композицияның басты кейіпкері – қоғамдық қызметкер, қайраткер әйел. Картинада Жақыпованың көзқарасы қатулы келіп, көз жанары төменге бағытталып, екі қолы айқасқан күйде бейнеленген. Бұл арқылы тұлғаның ішкі толғанысын, терең ой үстіндегі күйін жеткізеді.

Мұндай психологиялық тереңдік тұрмыстық жанр мен еңбек тақырыбына арналған шығармалармен үндесіп, адам болмысы мен еңбектің рухани мәнін ашуға бағытталған ортақ идеяны бейнелейді. Бейнелеу өнері залында экспозицияланған туындылардың мазмұны бір-бірімен өзара үйлесіп, мазмұндық тұтастыққа негізделген.

Тұрмыстық жанр мен еңбек тақырыбына арналған Н.И. Крутильниковтың «Балқаш мыс балқытушылары» еңбегі индустрияландыру кезеңіндегі еңбек адамдарының топтық портретін ұсынады. Суретші жұмысшылардың бет-әлпеті мен киімдерінің драпировкасындағы жарық пен көлеңке ойыны арқылы олардың еңбекке деген адалдығы мен кәсібилігін паш етеді.

Еңбек тақырыбына арналған туындылар қатарында 50-жылдары қазақ бейнелеу өнерінің дамуына өз үлесін қосқан, белгілі суретші М. Кенбаевтың «Жайылымдағы мал шарбақ» (1981) атты картинасын атап өтуімізге болады. Қылқалам шебері ауыл өмірінің тыныш та бейбіт сәтін бейнелей отырып, табиғат пен адамның үйлесімді тіршілігін көрсетеді. Кенеп бетіндегі кең дала көкжиекке дейін шексіз созылып, көрерменді тыныштық пен терең ойға жетелейді. Табиғат та, адам да өз орнында, өз заңдылығымен үндесіп жатыр. Кеңістік пен тереңдік – ашық аспан ымырттың қоюлана бастаған түстері мен төменгі бөліктің қою реңтерімен бейнеленуі арқылы берілген.

Адам мен табиғат арасындағы үйлесім тақырыбына ұлттық сипат дарытқан суретшінің бірі – Қ. Тельжанов болды. Музейдің тұрақты экспозициясынан суретшінің «Көкпар» атты туындысын тамашалай аламыз. Қылқалам шебері бұл жұмысында қазақтың дәстүрлі ойынын ерекше динамикамен бейнеледі. Әрбір қимыл, қозғалыс арқылы суретші ойындағы шиеленіс пен тартысты ашып көрсетеді. Ойыншылардың аттары мен олардың әрекеттері кенепте кеңістікті толық игеріп, күш пен шеберлікті жеткізеді. Аттардың орналасуы мен қозғалыстың жылдамдығы көрерменге жылқылар ұшып бара жатқандай әсер қалдырады. Ал кең, ашық аспан мен төменгі сызық ойынның маңыздылығын арттырып, еркіндік пен кеңістік сезімін тудырады.

Қара түсті жылқылар мен ашық аспан арасындағы контраст динамиканы күшейте түседі. Сонымен қатар, суретші картинаны көрерменге өмірдің жарқын сәттерін, жеңіске деген құштарлықты сездіру үшін ерекше композициялық шешіммен ұсынады.

Залдағы келесі ұсынылатын туындылар тізбегі XX ғасырдың 60-шы жылдары құрылған ұлттық мектеп өкілдерінің шығармашылығына арналған. Атап айтсақ, С. Айтбаевтың «Табыншылар» (1974), «Отбасы» (1982), «Атасы мен немересі» (1992) композициялары кубистік тәсіл арқылы отбасы құндылықтарын, М. Аманжоловтың «Жылы дала» картинасы ауыл еңбеккерлерінің бейнесі мен күнделікті тұрмысын, М. Хитахуновтың «Нан» (1979) атты шығармасы еңбек пен өмірдің үйлесімін, адам тіршілігіндегі еңбек пен нанның мәнін терең түсіндіруге бағытталған.

Экспозицияда сондай-ақ заманауи қылқалам шеберлері – Ә. Сыдыханов, А. Ақанаев, Д. Алиев, Е. Төлепбай, А. Қазығұлов, Қ. Ахметжан, А. Есдаулетов, Қ. Әжібеков, Ж. Мүсәпір, Ө. Жұбаниязов, Н. Бубэ өз еңбектерінде ұлттық болмысты заман ағымымен үндестіріп, қоғамның терең өзгерістері мен рухани ізденістерін көркем тілде жеткізеді. Бұл суретшілердің шығармашылығында рухани тазару, отбасылық құндылықтар, әйел болмысы, табиғатпен үндестік, урбанизация мен ұлттық дәстүр арасындағы байланыс сынды тақырыптар қозғалған.

Рухани-символикалық мазмұндағы шығармалар қатарында Ә. Сыдыхановтың «Шипа» (1989 ж.) картинасы ерекше орын алады. Бұл туындыда рухани тазару мен емделу процесі символдық белгілермен беріліп, ақ түс тазалықтың, күн мен шеңберлер өмірдің жаңару символына айналған. Композиция тәңіршілдік элементтеріне негізделіп, қазақтың дәстүрлі дүниетанымына терең үңіледі.

Қазақтың тұрмыс-салтын, әйел бейнесін және отбасылық құндылықтарды бейнелеуге арналған жұмыстар ішінде Б. Табиевтің «Қымыз» (1987 ж.), К. Муллашевтің «Нәзіктік аурасы» (1998), Д. Әлиевтің «Отбасы» (1988 ж.), Т. Тоғысбаевтың «Өсімдік» сынды туындылары назар аудартады. Б. Табиевтің «Қымыз» (1987) атты картинасында ұлттық тұрмыс, әйел еңбегі мен кең дала көрінісі үйлесімді шешім табады. Композициядағы киіз үй есігі арқылы өткен мен болашақтың өзара байланысы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін көрсетеді. Ал Тоқболат Тоғысбаевтың «Өсімдік» атты туындысы модернистік бейнелеу тәсілі арқылы адам мен табиғат байланысты, жарқын келешекке деген үміт пен үйлесімділікті паш етеді.

К. Муллашев «Нәзіктік аурасында» аналар мен сәбидің бейнесі арқылы қазақ әйелінің нәзіктігін, дәстүр мен ұрпақ сабақтастығын сезіндірсе, Д. Әлиевтың «Отбасы» шығармасы – қалалық өмірдің қиындықтарына қарамастан, отбасылық жылылықтың, берекенің мәнін айқын жеткізеді. Композиция тар асүй кеңістігінде сыйысқан отбасы мүшелерінің тұрмыс-тіршілігін көрсетіп, қоғамдағы қиындықтарға өз үнін қосқан.

«...Д. Әлиевтың шығармашылығының негізгі бағыты – оның әлемі мен отбасы. Суретші үшін отбасы – үйлесімділік пен тыныштықтың әлемі» (Юсупова, 2009:42) деген тұжырым оның туындыларынан анық байқалады. Суретші бөлме ішіндегі жиһаздар мен ыдыс-аяқтарды тығыз орналастыру арқылы сол кезеңдегі отбасылық өмірдің шынайы келбетін, таршылық пен тығыздық атмосферасын нанымды жеткізген.

Музыка мен ішкі сезімді нәзік жеткізген жұмыстардың бірі – Ғани Баяновтың «Қобызда ойнап отырған қыз» (1976-1980) атты шығармасы. Композиция әйел болмысының поэтикалық болмысын терең ашады. Кенеп бетіндегі қыз бейнесі музыка әлеміне толықтай еніп, өз эмоциясына, ойына берілген, оның бейнесі салмақсыз, әуеде қалықтап тұрғандай әсер қалдырады. Осылайша, қылқалам шебері музыка иіріміндегі нәзік сезімдерді жеткізуге ұмтылыс жасаған.

Экспозиция залындағы абстрактілік және экспрессивті бағытта орындалған туындылар қатарында Е. Төлепбайдың «Келіншек» (2009) шығармасы айрықша ерекшеленеді. Келіншек бейнесі нақты пішін арқылы емес, қозғалыс, түстер мен ырғақ үйлесімімен беріліп, ұлттық образды жаңаша сипатта аша түседі.

Суретші келіншектің бет-әлпетін анық бейнелемей, көрермен қауымға картинаның атмосфераны және негізгі сюжетті өзінше интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Ал сюреалистік және ностальгиялық сипаттағы шығармалар ішінде Алпысбай Қазғұловтың «Менің балалық шағымдағы ауыл» (2001) картинасы ауыл өміріне деген сағыныш пен уақыттар арасындағы байланысты бейнелейді. Кенеп бетіндегі ауыл көрінісі аспан мен жер арасында қалқып тұрғандай әсер беріп, сағымдай көзден бұл-бұл ұшқан, тек көрермен жадысында сақталған ыстық естеліктер мен өткенге деген сағыныш, ностальгия сезімін оятады. Суретші детальді бейнелеуден гөрі, түс дақтары мен



*Д.Әлиев. Отбасы. 1988 ж.*



*Е. Төлепбай. Келіншек. 2009 ж.*

*А.Қастеев. Шалкөде жайылымы. 1959 ж.*

*К. Ажибаев. Сыр бойы. 120х90 см.*




*Ж.Мусапир. «Құрт жайған келіншектер» 2012 ж.*



колористикалық ауысымдарды пайдаланып, тұтас эмоционалдық образды құра білген.

Астарына терең философиялық мән жасырылған туындылар – А. Есдаулетов, Қ. Ахметжанов, Н. Бубэ сынды суретшілердің шығармашылық ерекшелігі десе болады. А. Есдаулетовтың «Атамекен» (2005) туындысы арқылы ата-баба жерінің маңыздылығы, ұрпақтар сабақтастығы дәріптелсе, Қ. Ахметжанның «Тораңғы» (1995) картинасында киелі ағаш бейнесі арқылы экология, табиғатты сақтау тақырыптары көркем тілмен ұсынылады. Ал Н. Бубэнің «Архаика» (2018) композициясында ұлттық идея символикамен астасып, сәндік декоративтік мәнермен үндестік табады.

Ұлттық мәдениет пен табиғат арасындағы үйлесімді көрсеткен туындылар қатарына Қ. Әжібековтың «Сыр бойы» (2017), Ө. Жұбаниязовтың «Қорқыт» (2017) және Ж. Мүсәпірдің «Құрт жайған келіншектер» (2012) атты еңбектері жатады. «Сыр бойы» композициясы көшпенді тұрмыс пен табиғат үйлесімін романтикалық мәнерде ұсына отырып, дәстүрлі өмір салты мен туған жерге деген сағынышты шынайы бейнелейді. Ал «Қорқыт» туындысында автор аңыз кейіпкері арқылы халықтың рухани тамырын, дәстүр мен уақыт ұғымын астастырып көрсетеді. «Құрт жайған келіншектер» атты композицияда әйел бейнесі арқылы тіршілік пен табиғаттың тығыз байланысы, жер мен аспанның мәңгілік бірлігі терең философиялық тұрғыда көрініс табады. Бұл туындылардың барлығы ұлттық дүниетанымды табиғатпен сабақтастырып, көрерменге қазақ халқының өмір сүру салты, наным-сенімін терең сезіндіріп, көз алдыңнан өткендей әсер қалдырады. Бұған қоса, шығармалар композициялық құрылымымен, бояу реңктерімен және символикалық мәнімен көркем өнердегі ұлттық идеяны айқын бейнелейді.

Ұлт тарихынан сыр шертетін Сейсенхан Маханбеттің «Қозыбасыдағы қоныс (Керей-Жәнібек хандардың Шу бойына келуі)» (2021) және Айдар Жамханның «Шайқас» атты туындылары қазақ хандығының бастауын бейнелейтін көркем шежіре іспетті. Бұл шығармаларда суретшілер елдік пен ерлікті ұлықтап, тарих толқынындағы жауға қарсы шапқан батырлардың жанқиярлық бейнесін айқын көрсете білген. Кескіндеме тілімен баяндалған көріністер ұлт рухын көтеріп, өткеннің өшпес өнегесін бүгінгімен сабақтастырады.

Қорыта келгенде, ҚР Ұлттық музейіндегі «№1 Бейнелеу өнері» залы – қазақ халқының рухани болмысы мен көркемдік дүниетанымының айнасы. Бұл кеңістік – тарих пен бүгінгі күннің, дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық сана мен көркем ойдың түйіскен тұсы. Экспозициядағы кескіндемелік туындылар арқылы көрермен қазақ халқының тұрмысын, табиғатқа деген қатынасын және адамгершілік құндылықтарын тереңнен сезіне алады. Ұлы даланың бояуы мен рухани тынысы суретшілер шығармашылығы арқылы жаңа бір кеңістікке еніп, ұлттық көркемсурет мектебінің терең тамыры мен көркемдік биігін паш етеді. Осылайша, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «№1 Бейнелеу өнері» залы халқымыздың өткенін дәріптеп, бүгінін зерделеп, болашағын көркем тілмен бейнелейтін рухани мекен ретінде дараланады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ергалиева Р. А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись. Скульптура. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002 – 183 с. Е 69 ISBN 9965-07-082-2

2. Мастера изобразительного искусства Казахстана. 4 выпуск / Ергалиева Р. А., Труспекова Х. Х., Шарипова Д.С. и др. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2029. – 200 с., иллюстр. ISBN 978-601-7152-23-9

3. Ыдырыс З. А. Импрессионист Шарденов. Қазақ әдебиеті, 18.06.2019. Қаралым уақыты: 24.06.2025. https://qazaqadebieti.kz/20688/impressionist-shardenov

4. Юсупова А. К. Живопись Казахстана. 1980-1990 гг.: пути и поиски. – Астана: Фолиант, 2009. – 152 с. ISBN 9965-35-776-5

5. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. 9-кітап, – Алматы: Signet Print 2011, 391-бет. ISBN 978-601-230-013-0

6. Шарипова Д. С. Очерки казахского изобразительного искусства: Период становления (1930-50-е годы). Монография. – Алматы: Арда, 2008. – 118.

7. Ергалиева Р. А. Этническое и эпическое в искусстве Казахстана. Алматы: ИД «Жибек жолы», 2011 – 432 с. ISBN 978-601-294-064-0.

# ЖҰМЕКЕН ӘЛЕМІ ЖӘДІГЕР ТІЛІМЕН

***Эльмира Ибрагимова***
*Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі*



Биыл қазақтың көрнекті ақыны, ұлт руханиятының ірі өкілі Жұмекен Сабырұлы Нәжімеденовтің туғанына – 90 жыл. Жұмекен Нәжімеденов – «Менің Қазақстаным» әнінің сөзін жазып, кейінгі ұрпаққа ұран болған, еліміздің мемлекеттік гимніне айналған туындының авторы. Оның поэзиясындағы лирикалық, эпикалық көркем жырлары мен прозасындағы «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» атты романдары, әлем әдебиеті туындыларын қазақ оқырмандарына танытқан көркем аудармалары арқылы классикалық әлем әдебиетіндегі шығармашылық тұлғалар деңгейінде танылған мол мұрасы – Ұлы Дала ұрпақтары үшін мәңгілік ұлықталатын рухани қазына.

Жұмекен Нәжімеденовтің көзі тірісінде киген қалпағы, плащы, қолданған көзілдірігі мен қаламы музейіміздің заттай қорында ерекше орын алады. Бұл жәдігерлер – ақын өмірінен хабар беретін, оның дара болмысы мен талғамын танытатын асыл мұралар.

Ж. Нәжімеденовтің киген бас киімі. Қою жасыл түсті, драп материалдан тігілген бұл қалың қалпақ, бұл ерекше бұйым ақынның тұлғалық бейнесін айқындай түседі. Қалпақтың пішіні жинақы, жиегі қара былғарымен көмкерілген. Сәні мен мәні үйлескен бұл бас киім – ақын бойындағы қарапайымдылық пен заманына сай талғампаздығының жарасымды үлгісі.

Ж. Нәжімеденовтің киген сырт киімі. Классикалық үлгідегі қою көк түсті плащтың алдыңғы жағында үш түймесі мен екі қалтасы, белбеуі бар. 48 мөлшерлі сырт киім кигеніне қарағанда, ақынның дене бітімі шағын болғанын білдіреді. Орлов қаласындағы «Толбухин» фабрикасында тігілген плащ 40% жүн мен 55% синтетикалық талшықтан өңделген. Бұл – ақын дәуірінің тынысын сездіретін жәдігер және Жұмекеннің ұстамдылығы мен жинақылығын айғақтайтын киім үлгісі.

Сонымен қатар, музейіміздің «Өлке мәдениеті мен әдебиеті» залында ақын өмірі мен шығармашылығына арнайы жасақталған







экспозиция сөрелерінде Жұмекеннің көзілдірігі (қабымен) мен қаламы, жыр жинақтары, ақын туралы естеліктер орналасқан. Музейдің құжаттай қорында ақынның фотосуреттері, автопортреті, жазу машинкасымен жазылған өмірбаяны, баспасөз беттеріне жарияланған қаламгер туралы мақалалар мен құжаттарының көшірмесі де сақталған.

Ақын Жұмекен Нәжімеденовтің 70 жылдық мерейтойына арналып «Алматы кілем» фабрикасында тоқылған бұл түкті кілемде қаламгердің ойлы бейнесі өрнектелген. Кілемнің түс гаммасы үйлесімді жасыл және қоңыр реңктермен беріліп, туындының көркемдік әсерін күшейтеді. Төменгі бөлігінде алтын түсті жіппен «Жұмекен 70» деген жазу кестеленген. Бұл бұйым – ақын мұрасына деген халық құрметінің, оның рухани тұлғасын ұлықтаудың жарқын көрінісі.

Ақынның көзі тірісінде тұтынған бұйымдары мен киімдерін, фото-құжаттарын музей қорына жұбайы Нәсіп Мұстахқызы тапсырған. Бүгінде бұл жәдігерлер Жұмекеннің өмір жолын, шығармашылық болмысын, азаматтық тұлғасын танытатын баға жетпес тарихи мұраға айналып отыр. Бұл – ұлт рухын ұлықтаған Жұмекен Нәжімеденовтей тұлғаның есімін мәңгілік есте қалдырудың жарқын көрінісі. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған осы жәдігерлер арқылы көрермендер Жұмекен әлемімен етене таныса алады.

# ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ СҮЙЕК КОНЬКИЛЕРІ

***Бақытгүл Мұратбекова***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қор жиынтығы тарих қойнауынан сыр шертетін құнды жәдігерлерге аса бай. Көне жәдігерлердің әрқайсысы – бір тарих.

Музей қорының археологиялық коллекциясында сақталған бірегей жәдігерлердің ішіндегі сүйек коньки ерекше көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Бұл артефактілер ежелгі адамдардың тұрмысы мен табиғат жағдайына икемделуін, сондай-ақ көне технологиялық ойлау деңгейін көрсетеді.

Артефакт 1980 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының қазба жұмыстары барысында Мыржық қорымынан табылған. Ескерткіш қола дәуірінің орта және соңғы кезеңіне жатады. Көне тарихтың куәсі болған құнды жәдігер жылқының жілік сүйегінен дайындалған. Коньки түтік тәрізді сүйекті дәл ортасынан қақ бөліп, бір жағын тегістеп, жылтыратып, еш ою-өрнексіз жасалған.





Оның жалпы ұзындығы – 21 см, ені – 4 см. Пішіні сопақша, түзу болып келген. Табаны жайпақ, ал бүйірлері мұқият қырланып, егелген. Сүйектің екі басына жақын тұстан бұрғылау әдісімен тесік саңылаулар жасалған. Диаметрі шамамен 6-7 мм. болатын бұл саңылауларлар арқылы қайыс бау өткізілгені анық, яғни сүйек коньки аяқ киімге байлап тағылатын болған.

Бүгінде «коньки» деген атауды естігенде әрине көз алдымызға табанында жүзі бар коньки елестейді. Алайда бұл көне бұйым қазіргі заманғы конькилерден әлдеқайда өзгеше: табанында жүзі жоқ, керісінше сырғанау үшін қосымша өңделген, нтегістетілген және жылтыратылған. Табанындағы ұсақ сызаттар оның тұрмыста жиі қолданылғанын дәлелдейді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, мұндай конькилерді ежелгі көшпелілер мұз басқан өзен-көлдердің бетінен өтуге және қары қалың аймақтарда аң аулау кезінде пайдаланған.

Аталған жәдігерлерді Ұлттық музейдің қорын толықтыру мақсатында 2016 жылы



Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының археологы Д.А. Байтілеу тапсырған. Жәдігер бүгінде музейдің «Ежелгі және орта ғасырлар тарихы» атты эскпозициялық залына қойылып, көпшілік назарына ұсынылған.

Тарихи деректерге сүйенсек, сүйек коньки қалдықтары Батыс пен Шығыс Еуропа және Қытайдың солтүстік-батысынан Қазақстанға дейінгі аумақта табылған.

Қазақстан аумағындағы сүйек конькидің алғашқы үлгілерін 1948 жылы кеңестік танымал археолог О. А. Кривцова-Гракова Қостанай қаласынан 20 шақырым жердегі Тобыл өзенінің бойында қола дәуіріне жататын Садчиков қонысының жертөлелерінен тапқан. Кездейсоқ табылған керемет олжа туралы археолог өзінің отбасына жазған хатында: «Андроновтықтар Тобыл бойында сырғанап жүрген екен» – деп атап өтеді.

Кейінірек 1964-1968 жылдары қазақстандық белгілі ғалым Ә. М. Оразбаев қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аймақ ауылының маңында орналасқан Шағалалы қонысынан тағы да төрт сүйек коньки табады. Ғалым бұл теңдесі жоқ табылымдарды терең зерттеп, сүйек конькилер туралы ғылыми-зерттеу мақаласын Мәскеуде шығатын «Советская жизнь» атты ғылыми журналда жариялайды. Осы зерттеулер нәтижесінде қазақ жерінде үш мың жыл бұрын адамдар мұз үстінде сырғанау үшін сүйек коньки қолданғаны ғылыми тұрғыда дәлелденеді.

Пішіні мен құрылымы ұқсас дәл осындай конькилер 1983 жылы Қостанай облысы Әулиекөл ауданындағы әртүрлі тарихи дәуірлерді қамтитын Бестамақ қонысынан да табылған. Қазба жұмыстарын археолог В.Н. Логвиннің жетекшілігімен жүргізген Торғай археологиялық экспедициясы бұл конькилердің де жылқының жіліншік сүйегінен жасалғанын анықтаған. Ортасынан бөлініп, екі ұшы қайқайтылып егелген конькилердің ұзындығы 26,5 см және 28 см. Конькилердің әрқайсында бау тағуға арналған тесіктері бар. Қазіргі таңда олар Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған.

Сондай-ақ, мұндай сүйек коньки типтес бұйымдар Ертіс алабынан, Орталық Қазақстан, Алматы өңірінде де кездескен. Қазақстан петроглифтерінде бейнеленген табанына сырғытпа байлаған аңшылардың суреттері осындай бұйымдардың сол дәуірде кең қолданылғанын дәлелдейді.

Қазақстан аумағынан табылған сүйек конькилер – ежелгі адамдардың табиғи ортаға бейімделу қабілетін, технологиялық шеберлігін және тұрмыстық жаңашылдығын дәлелдейтін маңызды археологиялық айғақ. Бұл бұйымдар қола дәуіріндегі адамдардың мұз үстінде қозғалу, аңшылық пен көші-қон әрекеттерін жеңілдету мақсатында ойлап тапқан көне көлік құралдарының бірі болғанын көрсетеді.

Қазіргі заманда коньки спорты өркениет пен мәдениеттің дамыған көрінісі ретінде қабылданады. Ал археологиялық сүйек конькилер осы мәдениеттің түп-тамыры үш мың жыл бұрынғы қазақ даласынан бастау алатынын айғақтайды.

# ҚҰЛДЫҚТАН – СҰЛТАНДЫҚҚА: ҚЫПШАҚ МӘМЛҮКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

***Ақниет Жарылқасын***
*«Ұлы Дала Елі» орталығы*
*Түркістан қ.*

«Мәмлүк» сөзі араб тілінен «иелік етілген», «біреудің қол астында болған», «құл» деген мағынаны білдіреді. Яғни, алым-салық негізінде сатып алынған немесе сыйға берілген күң мен құлдарға қатысты атау. Мысырда Айюбилер әулеті заманынан бастап «мәмлүк» термині негізінен «әскери құл» ұғымында қолданылып, көбінесе ақ нәсілді балаларға қатысты айтылған. Дегенмен, бұл сөз ересектер туралы емес, негізінен шапқыншылықтар кезінде алып кеткен, тұтқынға алынған балалар мен жасөспірімдерге қатысты қолданылды. Оларға ислам дінін қабылдатып, араб тілін үйретіп, арнайы жабық әскери тұрақтарда қызметке дайындады.

Мәмлүктер Мысырға XII ғасырда Салах ад-Дин сұлтан тұсында келді. Олар негізінен түркі және кавказ тектілерден шығып, Жошы әскерлерінің жорықтарынан кейін тұтқынға түскендер болатын. Итальян көпестері оларды Қара теңіз арқылы құлдыққа сатып жіберген. Сатып алынған бұл

құлдар уақыт өте келе арнайы тәрбие мен оқудың арқасында кәсіби жауынгерлерге айналды. Дәл солардан Айюбилер әскерінің соғысқа қабілетті өзегі құрылып, кейінірек Мысырдың өз әскери элитасына айналды. Оларды сұлтанның немесе әмірлерінің әскеріне қызметке бөлді. Мәмлүктер тарихы бастапқыда құл жағдайында болған адамдардың тұтас мемлекеттің тағдырында шешуші рөл атқара алғанын көрсетеді.

Мысыр тарихындағы мәмлүктер кезеңі (1250-1517) үш ғасырға жуық уақытқа созылып, мұсылман әлемінің тарихындағы аса маңызды дәуірлердің бірі болды. Билікке жат жұрттық билеушілер келді, ал олардың әскері де сырттан келгендерден құралды.

1249-1250 жылдары мәмлүктер айрықша көзге түсіп, крест жорықшыларына тойтарыс беруде шешуші рөл атқарды. Кейін дәл солар Мысырда билікті қолына алды: ең құнарлы жерлер, қолөнер орталықтары мен негізгі лауазымдар олардың иелігіне өтті. Әскери-құлдық жүйені сақтай отырып, мәмлүктер 24 бектің қолбасшылығындағы қуатты атты әскері бар мықты мемлекет құрды. XIII ғасырдың соңына қарай олардың иеліктері Киренаикадан (қазіргі Ливия) Нубияға (Судан) және Таур тауларына дейін созылды. Ал исламның қасиетті орталықтары – Мекке мен Медина олардың қамқорлығында болды.

Ендеше, неге негізінен қыпшақтардан құралған мәмлүктер әскері ең күшті болып саналды? Біріншіден, бұл түркі-қыпшақтардың жауынгерлік мәдениеті мен көшпелі өмір салтына байланысты еді. Қыпшақтар атты садақшылары даладағы ең таңдаулы жауынгерлер болды. Олардың шапшаңдығы, төзімділігі және жылдам айла-әрекет жасау қабілеті оларды қаһарлы күшке айналдырды. Олар бала кезден бастап жаттықты. Әскери өнер тәрбиенің ажырамас бөлігі болды. Оған садақ ату, атқа міну, найза мен қылышты меңгеру кірді.

Қыпшақтар мәмлүк (әскери құл) атанғаннан кейін үздік әскери дайындықтан, қатаң тәртіптен өтті. Сондай-ақ, ең озық қару-жарақ пен тактиканы қолдануға мүмкіндік алды. Олардың психологиялық беріктігін де атап өткен жөн. Құл-жауынгерлер ретінде мәмлүктер сұлтанына және әскери қызметке толықтай берілген еді. Бұл оларды әскердің элитасына айналдырды.

Кейбір тарихи деректерде қыпшақтар мәмлүктері арасында әйел-жауынгерлердің жасақтары болғаны айтылады. Олар әскерді қорғау мен жолсерік ісіне қатыса алған. Бұл құбылыс белгілі бір кезеңдерге тән ерекшелік қана болғанымен, олардың мәдени тұрғыдан ерекше екенін көрсетеді.

Қазіргі таңда да бұл мұра назардан тыс қалған жоқ. Мысалы, «Ұлы Дала Елі» орталығында келушілерге қыпшақ әйел жауынгерінің әскери киім үлгісінің көшірмесі ұсынылып, ежелгі дәуірдің жауынгерлік мәдениеті көрнекі түрде таныстырылады.



Киім тұрғысынан алғанда, қыпшақ жауынгерлерінің негізгі киімі белдікпен буылған ұзын тон немесе мықты матадан, былғарыдан тігілген шапан болған. Оның үстінен сақтану үшін темір сауыт киген. Басы мен мойнын қорғау үшін торы бар дөңгелек дулыға қолданған. Қолындағы қылыш және садақ – қыпшақтардың нағыз қаруларының белгісі еді. Ал кеуде тұсындағы металл диск бейнелері жүрек тұсын қорғау үшін қарастырылған.

Әйел-жауынгерлердің шағын былғары не киізден тігілген қапшықтары әрі қалташалары болған. Олардың ішінде емдік шөптер, әшекей бұйымдар, тұмарлар немесе әйелге қажет тұрмыстық заттар сақтау мүмкін еді. Сондай-ақ, киім оюлары, жасалған матасы әйелдің мәртебесі мен оның жасын білдірген.

Бұл бейненің ғылыми негізі бар. Алайда, ол толық тарихи дәлдікке жатпайды. Археологиялық зерттеулерге сүйенгенімен, мата түсі, киімнің нақты пішіні реконструкция болып саналады. Мұндай жәдігерлер қыпшақ қоғамының жан-жақты болмысын, ер-азаматтармен қатар әйелдердің де тарих сахнасында із қалдырғанын дәлелдейді.

Мәмлүктер арасында көрнекті тұлғалар да болды. Солардың ішінен Бейбарысты (1223-1277) ерекше атауға болады. Ол Мысыр мен Шамның ең ұлы сұлтандарының бірі ретінде тарихта қалды. Қыпшақ даласында туған ол жас кезінде құлдыққа түсіп, сол арқылы билік шыңына бастар жолға аяқ басты. Мысырда әскери мектептен өткен Бейбарыс сирек кездесетін қабілеттерін көрсетіп, мәмлүк әскерінде тез көзге түсті. Оның алғашқы ірі жеңісі 1250 жылы Әл-Мансура шайқасында болды. Ол француз патшасы Людовик IX әскерін талқандап, патшаның өзін тұтқынға алды. Көп ұзамай мәмлүктер Айюбилер әулетін тақтан тайдырып, Бейбарыс сұлтан тағына отырды.

Тақта отырған кезінде ол қолбасшы ғана емес, мемлекет қайраткері ретінде де танылды. Бейбарыс моңғолдар қиратқан қамалдарды қалпына келтіріп, әскерді күшейтті, флот құрып, Мысырды Шаммен біріктіре алды. Оның билігі кезінде мәмлүк сұлтанаты крест жорықшылары мен моңғолдарға төтеп бере алатын Таяу Шығыстағы басты күшке айналды.

Бейбарыстан бұрын да түркі мәмлүктерінің ішінде тарихта айтарлықтай із қалдырған тұлғалар болды.

Мәмлүк әскерінің гүлденген дәуірі Мысырдағы қыпшақ кезеңіне тұспа-тұс келді. Исламды қабылдап, мұсылман билеушілеріне қызмет еткенмен, олар көшпелі салттарының бір бөлігін сақтап қалды: қымыз ішіп, жылқы етін жеді. Бұл әдеттер мұсылман қоғамына жат көрінгенімен, қыпшақтар үшін өз болмысының белгісі болып қала берді.

Мысырда билікке келгенге дейін-ақ қыпшақтар мұсылман мемлекеттерін басқаруда тәжірибе жинаған еді. Мәселен, XI ғасырдың соңында қыпшақ өкілі Акинчи Хорезм шахы атанып, бұл туралы Тахир әл-Марвази жазған. 1210 жылы Үндістанда қыпшақ Шамс ад-Дин Ильтутмыш Солтүстік Үндістанға бірнеше онжылдық билік еткен Шамсия әулетінің негізін қалады. Әзірбайжанда болса, селжұқтар әскеріндегі қарапайым жауынгер Шамс ад-Дин Ильдениз атабек-билеуші дәрежесіне дейін көтеріліп, тұтас әулеттің бастауына айналды.

XIII ғасырдағы жеңілістер қыпшақтар үшін жаппай тұтқынға түсумен аяқталды. Олардың көбін Хорезм мен Дамаск арқылы құлдыққа сатып жіберді. Солардың арасында кейін Мысыр сұлтаны атанған Құттыз да бар еді. Оны сатып алып, Ніл аңғарына әкелген. Мұнда түркі құлдарын «бахриттер» деп атады. Бұл атау олардың әскери тұрақтары орналасқан Нілдегі аралдан шыққан.

Осылайша, қадам-қадаммен түркі-қыпшақтар көшпенді жауынгерлер мен құлдардан тұтас мемлекеттердің билеушілеріне айналды. Олардың жолы – дала халқының құлдық сынақтарын биікке көтерілу мүмкіндігіне айналдырып, мұсылман әлемінде басты орынға ие бола білген тарих.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Филиппов А. А, Становление власти мамлюков в Египте, Веснік БДУ, 2008

2. Шайхисламов Т. Р., Шайхисламов Р. Б, Мамлюки и становление Мамлюкской системы власти в Египте, Вестник Башкирского университета, 2015

3. H.Muhammad Rabie, Baybars – Mamluk sultan of Egypt and Syria, online encyclopedia Britannica, 2017

4. Пилипчук Я, Кыпчаки, покорившие Египет: как рабы-мамлюки приняли ислам и стали правителями, электронный журнал – Реальное время, 2018

5. Пилипчук Я, Кыпчаки в Индии: как элитные рабы покорили Южную Азию, электронный журнал – Реальное время, 2018

# МУЗЕЙ ТЫНЫСЫ

## ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ҰЛАҒАТЫ

***Амангүл Халимбай***
*ҚР Ұлттық музейі*
*Астана қ.*

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі – халқымыздың тарихи жадын, мәдени мұрасынжәне рухани құндылықтарын сақтап, ұрпақ санасына жеткізетін қасиетті орда. Бұл – халқымыздың сан ғасырлық тарихын заманауи үлгіде ұсынатын, ұлттық құндылықтарды ғылыми, мәдени және тәрбиелік тұрғыдан дәріптейтін орталық. Музей – тек жәдігерлерді сақтау мен көрсету алаңы емес, ол – тәрбиенің, танымның және ұлттың рухани өмірін қалыптастырып, келер ұрпақ бойына тарихи сананы сіңіретін маңызды мекеме. Осыбағытта жұмыс істейтін негізгі құрылымдардың бірі – Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі. Бұл бөлімҰлттық музейдің мәдени-білім беру тұжырымдасамын жетілдірумен қатар, жас ұрпақтың рухани тәрбиесін жүзеге асыруда ерекше рөл атқарып келеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық тәрбие беру – әр мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Ғаламдық ақпарат ағынының күшеюі, өзге мәдениеттердің ықпалы мен технологиялардың жылдам дамуы жас буынның дүниетанымына, ой-психологиясына, олардың құндылық жүйесіне айтарлықтай әсер етіп отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел болашағы. Сол себепті өскелең ұрпақтың бойына ұлттық рухты, төл мәдениетке құрметті, ата-баба дәстүріне тағзым мен сүйіспеншілікті дарыту – қоғам алдындағы басты борыш.

Ұлттық тәрбие – өткенге тағзым ғана емес, ол – қазіргі заман талабына сай ойлай білу, өз мәдениетіне құрметпен қарау және әлемдік өркениетпен үндесе отырып, ұлттық болмысты сақтау. Осы бағытта музей педагогтары түрлі форматтағы іс-шаралар: дәрістер, танымдық сабақтар, шеберлік сабақтар, әдеби-көркем кештер мен ертеңгіліктер, квест сабақтары және түрлі көрмелер арқылы жас ұрпақтың рухани дамуына, ұлттық сана мен патриоттық сезімнің қалыптасуына үлкен үлес қосып келеді. Сондай мазмұнды іс-шаралардың бірі – «Әсемдікке құштарлық» жобасы аясындағы «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты республикалық шығармашылық фестивалі. Бұл фестиваль білім саласы қызметкерлеріне, бейнелеу өнері, көркем еңбек пән мұғалімдері және олардың білім алушыларына арналды. Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық қолөнер мен мәдени мұраның тәрбиелік мәнін арттыру, балалар мен жас өспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Ауқымды іс-шараны Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана қаласының «Білім басқармасы», ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Астана қаласының әдістемелік орталығы» МКҚК, «Техникалық және көркем шығармашылық орталығы» ШЖҚ МКК және С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы бірлесе ұйымдастырды. Фестивальге еліміздің түкпір-түкпірінен 8-16 жас аралығындағы 150-ден астамдарынды оқушы мен жасөспірімдер қатысып, өздерінің ұлттық нақыштағы шығармашылық туындыларын ұсынды.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, фестивальдің сәтті өтуі – мұқият дайындықтың нәтижесі. Алдымен іс-шара өтетін орын таңдалып, көрме мен шеберлік сабақтарына арналған алаңдар жасақталды.

Ұйымдастырушылар ұсынған ережеге сәйкес, көрмеге қойылатын жұмыстар ұлттық нақышта, автордың өз қолымен орындалған жұмыстар болды. Әр туындыға оның техникасы мен идеясы туралы қысқаша сипаттама қоса берілді. Осы талаптарға сәйкес жұмыстар іріктеліп, Ұйымдастыру-көрме және имидждік жұмыстар қызметі мамандарының көмегімен көрме экспозициясы жасақталды. Әрбір бұрыш көркем безендіріліп, шығармашылық шабыт пен рухани серпін сыйлайтын орта қалыптастырылды.

Мерекелік іс-шараның шымылдығын Қ. Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейінің «Шабыт» оркестрі (жетекшісі Б.Ш. Шампетов) Құрманғазының әйгілі «Сарыарқа» күйімен ашты. Күйдің әуезі көрерменнің рухын оятып, сахнаға ұлттық леп беріп, көрермендер арасындатамаша көңіл-күй қалыптастырды. М. Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының «Бәйтерек» халық би ансамблі









(жетекшісі М.М. Байтенова) орындаған «Ерке сылқым» биі нәзіктік пен сұлулықтың үндестігінкөрсетті. Ал Шейх Халифа бен Заид Әл-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейінің оқушылары (жетекшісі Н.К. Мусина) ұсынған «Ару қыздар» топтамасы, Жамбыл облысы Талас ауданындағы А. Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының «Ажар» киім топтамасы (жетекшісі Л.Б. Естебекова) және С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясының оқушылары (жетекшісі Л.Б. Атыбай) дайындаған «Кең дала» сән үлгілері көрерменге ұлттық стиль мен заманауи эстетика үйлесімінпаш етті.

Фестивальдің келесі бөлігі «Менің Қазақстаным» балалар орталығында жалғасты. Мұнда қатысушылар дәстүрлі және заманауи қолөнер бағыттары бойыншашеберлік сабақтарын өткізді. Балалар мен жасөспірімдер зергерлік бұйымдар жасау, киіз басу, кілем тоқу, ши тоқу, ағаш ою, этнографиялық бұйымдар дайындау, ұлттық өрнекті заманауи бұйымдарға енгізу, дәстүрлі және заманауи қолөнер бағыттары бойынша тәжірибе алмасты.

Әр бұрыш ұлттық өнерді түрлі қырынан аша түсті. Киізден жасалған бұйымдар, ою-өрнектермен безендірілген киімдер, текеметтер, кестелер, ағаштан, сүйектен ойылған ұлттық нақыштағы бұйымдар,зергерлік бұйымдар, түрлі бағытта салған суреттеркөрерменнің ерекше қызығушылығын тудырды.Балалар ата-бабадан мирас болып жеткен дәстүрлі өнерді меңгеріп қана қоймай, көрерменге оныңтерең философиялық мәнін түсіндіріп,өз еңбектері арқылы өнердің рухани қуатын сезіндіре білді. Көрермендер де ұлттық қолөнердің қыр-сырын тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік алды. Бұл сәт ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани сабақтастықтың айғағы іспеттес болды.

Фестиваль бағдарламасы концерттік қойылымдармен жалғасты. Техникалық көркем шығармашылық орталығының «Шұғыла» би тобы(жетекшісі О. Бекмұрат) «Береке» биінмың бұрала билесе, №78 мектеп-гимназиясының оқушысы Алпамыс Тоғызбаевтың орындауындағы «Мен қазақпын» әні жас ұрпақтың бойындағы елдік рухты асқақтатты. Ал «Алтын Орда» мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Тәуір Сейтбекұлы қазақтың жазиралы кең даласындай«Сайра бұлбұлым» атты әсем әнімен көрермен қауымды бір серпілтті.

Іс-шара соңында барлық қатысушылар мен жетекшілерге Ұлттық музей атынан алғыс хаттар мен марапаттар табысталды. Бұл – олардың еңбегіне берілген әділ баға әрі ұлттық өнерге деген сүйіспеншіліктің артуына себеп болған ерекше қуанышты сәт болды.

Фестивальге қатысқан балалар мен ұстаздар Ұлттық музейдің негізгі экспозицияларын тамашалап,ел тарихымен мәдени мұрасыментереңірек танысуға мүмкіндік алды. Республиканың әр өңірінен келген балалар үшін өз еңбектерін осындай ірі мәдени мекемеде көрсету – зор мақтаныш. Бұл тәжірибе олардың бойында ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік пен туған еліне деген мақтаныш сезімін ұялатады.

Осындай ауқымды жобалар музейдің мәдени-ағартушылық қызметін бай тәжірибе ретінде көрсетуге, жас ұрпақтың тәрбиесі мен шығармашылығын шыңдай отырып, тәрбиелік мәні зор рухани орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі – осындай игі істердің ұйытқысы. Бұл бөлім ұлт руханиятын дәріптеп, музейді білім мен тәрбие ордасына айналдыру жолында табанды еңбек етіп келеді.

Қорыта келсек, «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» фестивалі – тек шығармашылық шара емес, рухани сабақтастықтың, мәдени тұтастықтың, ұлттық тәрбиенің нақты көрінісіне айналды. Әрбір қатысушы ұлттық мұраның бір бөлшегін жүрегінен өткізіп, шығармашылық арқылы рухани кемелдікке көтерілді. Жаһандану дәуірінде жастардың ұлттық өнерден ажырамайтынына ата-бабамыздың «ел іші – өнер кеніші» деген ұлағатты сөзі демеу. Осындай іс-шаралар осы сөздің айқын дәлелі ретіндеұлттық сананы нығайтып, мәдени тұрақтылық тірегіне айналып отыр.

Фото: Қанат Мусин

# ПУШКИННЕН ШОЛОХОВҚА ДЕЙІН: УАҚЫТ ҮНДЕСТІГІ

***Жантас Сафуллин***
*Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі*

15 қазан күні Астана қаласындағы Ұлттық музейде тарих пен рух сабақтастығын дәріптейтін «Пушкиннен Шолоховқа дейін: уақыт үндестігі» атты ерекше көрменің салтанатты түрде ашылуы өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылғы 24 сәуірдегі XXXIV сессиясында берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырмасымен Орыс әдебиетінің қос алыбы – Александр Сергеевич Пушкин мен Михаил Александрович Шолоховтың Ақ Жайық өңіріндегі музейлерінен көрме жасақтап, арнайы Астана қаласына алып бардық.

Бұл көрме – Тынық Дон өңірі мен Орал даласы арасындағы тарихи және мәдени байланыстарға тағзым, рухани үндестіктің айғағы. Екі өңірді жалғаған жол – халықтар арасындағы достықтың, өзара сыйластықтың, ортақ мәдени мұраттың көрінісі.

1773 жылы Емельян Пугачев Яицкий қалашығына (қазіргі Орал) келіп, өз жарының үйінде некелескен. Сол үй бүгінде түпкі қалпында сақталып, Пугачевтің мемориалдық музейіне айналған. Биыл бұл XVIII ғасырлық ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, оған реставрация жұмыстары жүргізілді. Уақыт сынынан сүрінбей өткен бұл шаңырақ – халық тағдыры мен тарихының тірі куәсі.

1833 жылы Александр Сергеевич Пушкин осы Пугачев көтерілісінің мәнін түсіну, халық аузындағы деректерді жинау үшін арнайы Орал қаласына келеді. Үш күн ішінде ұлы ақынның жан-жақты ізденіп, тынбай еңбек еткенін көруге болады. Кейінгі шығармаларында сол сапардың ізі айқын сезіледі. Пушкин түскен үй бүгінде Пушкин атындағы мемориалдық музейге айналған. Уақыт тынысын, сол дәуір рухын сақтап тұрған бұл үй биыл жаңартылып, қайта ашылды.

Жайық өзенін жағалап орналасқан Орал қаласына Александр Сергеевич Пушкиннің 1833 жылғы сапары – қазақ халқының тарихына, фольклорына және ауыз әдебиетіне деген қызығушылығының бастауы еді. Сол сапарында ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқасын жазып алып, қазақ руханиятын әлемдік әдебиет кеңістігіне паш етті.



Алаш қозғалысының қайраткері, білімді алғашқы қазақ офицерлерінің бірі, этнограф, фольклоршы, аудармашы Молданияз Бекімов 1903 жылы А. Пушкиннің «Капитанская дочка» романын қазақ тіліне аударып, Қазанда басып шығарған. Бұл аударма толық немесе қысқартылған нұсқада болуы мүмкін, әрі ол сол кезеңде қазақ оқырманы үшін маңызды еңбек ретінде бағаланды.

Бұл туралы Қазақ Ғылым Академиясының 1949 жылы №4 хабаршысында жарияланған Михайл Николаевич Фетисов пен Бейсенбай Кенжебайұлы Кенжебаевтың ««Капитан қызының» қазақ тіліне аударылуы» атты мақаласында айтылады. Мақалада қазақ оқырмандары Пушкин прозасының классикалық туындысымен, оның кейіпкерлерімен осы аударма арқылы алғаш таныса алғаны туралы атап көрсетіледі.

«Капитан қызы» (орысша «Капитанская дочка») – орыс жазушысы Александр Сергеевич Пушкиннің тарихи повесі. Бұл шығарманы қазақ тіліне бірнеше белгілі қазақ жазушылары мен аудармашылары аударған. Олардың ең танымалы – Мұхтар Әуезов, ол «Капитан қызы» повесін қазақ тіліне көркем тілмен аударған алғашқы тұлғалардың бірі саналады.

Кейбір деректерде Бейімбет Майлиннің де ертеректегі аудармасына сілтеме кездеседі. Жерлес ақын Қайрат Жұмағалиев кейінгі жылдары заманауи тілмен жаңаша аударған.

Поэмалар мен поэтикалық шығармаларынан «Евгений Онегинді» Абай Құнанбайұлы үзінділер түрінде аударса, кейін Қажым Жұмалиев, Хамит Ерғалиев, Төлеген Айбергенов, Ғали Орманов толық нұсқаларын аударған. Зейнолла Қабдолов сияқты әдебиет өкілдері кейбір әңгімелерін тәржімалаған. Пушкиннің жүздеген өлеңі қазақ тіліне аударылған. Аударғандар арасында Абайдан бастап, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Қасым Аманжолов, Ғафу Қайырбеков, Тұрсынбек Әлімқұлов, Өтежан Нұрғалиев және басқа да ақындар бар.

Қазақ әдебиетінің алыптары әлем әдебиетінің інжу-маржандарын авторлық құқықты сақтай отырып тәржімалау арқылы халықтар арасындағы мәңгі мызғымас ынтымақтастықтың берік негізін қалады.

Ал Тынық Дон өлкесінен шыққан тағы бір ұлы тұлға – Михаил Александрович Шолохов өз шығармалары арқылы кең дала өмірін, еңбек адамының тағдырын терең суреттеді. Оның туындыларындағы адамгершілік пен әділеттілік идеялары қазақ оқырманының жүрегінен де кең орын алды.

Әлем әдебиетінің классигі, Нобель сыйлығының лауреаты Михаил Шолохов – Жайық өңірінде өшпес ізі қалған тұлға. «Менің екі



Отаным бар. Тыныҡ Дон және Аҡ Жайыҡ. Донда мен казакпын, Жайыҡта қазақпын» деген сөзі М. Шолоховтың қазақ ұлтына деген айрықша құрметін білдіреді.

Михаил Шолоховтың шығармаларын қазақ тіліне бірнеше белгілі жазушылар мен аудармашылар аударған. «Тыныҡ Дон» романын Ғали Орманов, Қалтай Мұхамеджанов, Әбен Сатыбалдиев тәржімалап, романның үзінділері мен толық нұсқасы әр кезеңде бірнеше рет аударылып, түрлі басылымда жарық көрген.

Тағы бір сүйекті шығармасы «Адам тағдыры» («Судьба человека») повесін Әзілхан Нұршайықов, сондай-ақ «Күрес туралы әңгіме», «Шолохов әңгімелері» жинақтарын Әбен Сатыбалдиев, Сайын Мұратбеков, Зейнолла Қабдолов сынды әдебиет өкілдері тәржімалаған. Бір сөзбен айтқанда, Шолохов шығармаларын қазақша сөйлеткен аудармашылар – Ғали Орманов, Әзілхан Нұршайықов, Әбен Сатыбалдиев, Қалтай Мұхамеджанов.

Шолоховтың Қазақстанмен байланысы ең алдымен тарихи оқиғаларға негізделеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген Кеңес жазушылары Қазақстанға келіп, халықпен араласып, рухани қарым-қатынас орнатқан еді. Олардың қатарында М. Шолохов та бар. Ол қазақ халқының қонақжайлығын, кең пейілін жоғары бағалап, шығармашылық жолында қазақ жазушыларымен ерекше бауырластық байланыста болды. Михаил Александровичтің қазақстандықтармен танысуы Дариян ауылынан басталды.

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Дариян ауылындағы М. Шолоховтың мемориалдық музейі жерлес жазушы Николай Корсуновтың бастамасымен 1979 жылдың қыркүйегінде қоғамдық негізде ашылды.

2019 жылдан бастап музей Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлімі болып саналады. Музейдің ерекшелігі – жазушының көзі тірісінде құрылған және бұрынғы КСРО аумағындағы алғашқы музей.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы Ресеймен қарым-қатынасы екі тараптың да тұрақтылығымен және ынтымақтастыққа дайындығымен сипатталып келеді. Екі ел арасында ынтымақтастықтың берік құқықтық, экономикалық, саяси және мәдени негізі бар. Қазіргі заман тарихы Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың дамуы мен жоғары нәтижелілігі өзара құрмет, тең құқылық және стратегиялық әріптестік қағидаттарына негізделгенін көрсетті.

Бізді рухани байланыстар біріктіреді. Міне, сондықтан «Пушкиннен Шолоховқа дейін: уақыт үндестігі» көрмесі – халықтар арасындағы рухани көпірдің, мәдени сабақтастықтың, достық пен



өзара түсіністіктің нышаны.

Жылжымалы көрмеге 101 жәдігер қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. А.С. Пушкин музейіне қатысты 46 жәдігер, ал М.А. Шолохов музейіне қатысты 55 дана жәдігер ұсынылды.

Атап айтсақ, А.С. Пушкиннің Орал қаласына келген кезде қолданған заттарының көшірмелері, сол сапардың ерекше сәттері бейнеленген картиналар мен линогравюралар, қолжазбаларының көшірмелері бар. Сонымен қатар М.А. Шолоховтың өзі қолданған жеке заттары, жазба машинкасы, радио, қазақстандық ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерімен түскен, түрлі деңгейдегі халықпен кездесулері мен табиғат аясындағы демалыс сәттерінің фотосуреттері, достық түрінде жазған хаттары мен әр жылдары шыққан кітаптары да қамтылады.

Көрме 15 қазаннан бастап 10 қарашаға дейін ҚР Ұлттық музейінде келушілер назарына ұсынылды.

Тарихқа тағзым етіп, рухани байланысымызды дәріптей берейік!

Фото: Қанат Мусин

# АЛМАНЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ: АЛАТАУ БАУРАЙЫНДАҒЫ СИВЕРС ҒАЖАЙЫБЫ

***Дилорам Тауасарова***
*«Ұлы Дала Елі» орталығы*
*Түркістан қ.*

Алма – даналықтың, өмір ләззатының, нәпсіден арылудың, саулықтың, жеңіл де табиғи астың символы.

Біз қызыл, жасыл, сары, тәтті, қышқыл алмаларды күнделікті Түркістан базарларының сөрелерінен де, супермаркеттер мен дүкендерден де көріп жүрміз. Бірақ алманың қарапайым сыртқы бейнесінің тасасында мыңдаған жылды қамтитын терең тарих жатқанына мән бере бермейміз. Жабайы алмалар қайда өсетінін де көп адам біле бермейді. Ол Алатаудың баурайында өсетін ғажайып жеміс – сиверс алмасы.

Ғалымдардың айтуынша, бүгінде күллі



әлемге тараған алма ағаштарының түп тамыры дәл осы қасиетті қазақ жерінен бастау алады. Демек, жер шарындағы сан алуан алманың генетикалық отаны – Ұлы Дала, яғни Қазақстан саналады! Дәл қазіргі Алматы маңындағы Тянь-Шань тауларында алманың атасы – жабайы Malus sieversii ағаштары әлі күнге дейін өсіп келеді. Осы ағаштар қазіргі алманың көптеген сұрыптарының негізін құрайды.

Алма ежелгі мәтіндерде – Шумерлерден бастап Інжілге дейінгі жазбаларда кездеседі. Ежелгі Грекияда бұл жемісті махаббат құдайы Афродитамен байланыстырған, ал римдіктер болса, бақтарында ондаған сұрпын өсірген. Сол кездің өзінде-ақ олар ұнаған жемістің қасиеттерін жылдан-жылға сақтау үшін өсімдік екпесін (прививка) қолданып, алманы белсенді түрде егіп, жаңа сұрыптар өсіре бастады. Олар алма ағаштарын бүкіл Еуропаға таратты, сөйтіп танылуына үлестерін қосты. Орта ғасырларда Еуропада алма ағаштары монастырь бақтарында өсіріле бастады. Сол кезде қысқы сұрыптар – көктемге дейін сақталатын алмалар пайда болды. Алма христиан дінінде нәпсі мен күнәдан арылудың символы болып, сондай-ақ сидрден бастап бәліштерге дейін еуропалық асхананың ажырамас бөлігіне айналды. Еуропалықтар келгенге дейін Америкада алма өспеген. Ойлап қарасаңыз, бұл құрлыққа алғашқы көшеттер төрт ғасыр бұрын ғана, яғни, XVII ғасырда әкелінді. Кейінірек, Johnny The Apple Seed – (Джонни – Яблочное семечко, тарихи тұлға Джони Чапман!) есімді американдық елдің түкпір-түкпіріне жабайы алма ағаштарын отырғыза бастады.

Ал XIX ғасырда селекция ғылымға айналып, әр елде өз «жұлдыздары» пайда болды:

- Антоновка және Ренет Симиренко – Ресей мен Украинаның сүйікті сұрыптары;
- Кальвиль – *Людовик* XIV сарайында нағыз деликатес болған;
- Кокс Оранж Пиппин – ағылшын бағбандарының шедеврі.

Бүгінде саудада негізінен XX ғасырда шығарылған сұрыптар басым: Гала, Фуджи, Гренни Смит, Пинк *Леди* – тәтті, әдемі, тасымалдауға ыңғайлы. Бірақ олар дәмі жағынан әрдайым ескі сұрыптарға жете бермейді. Қазір селекционерлер ауруға төзімді, құрғақшылыққа шыдамды, химикатсыз өсетін жаңа сұрыптарды жасап жатыр. Алайда адамдар дәмдік және генетикалық әртүрлілікті сақтау үшін дәстүрлі, жергілікті сұрыптарға жиі оралып жүр. Неліктен бұл маңызды? Алма – жай ғана жеміс емес. Бұл –тарихымыздың, мәдениетіміздің және күнделікті тұрмысымыздың бір бөлігі. Бір алма жеген сәтте біз өзіміз сезбесек те, адамзат өркениетінің мыңжылдық тәжірибесіне бойлаймыз. Сондықтан келесі жолы жарқыраған «Гала» мен қарапайым «Папировка» арасында таңдау жасағанда, есіңізде


Malus Sieversii

болсын: әрбір алманың артында тұтас бір тарих жатыр.

Қазір әлемде 7500-ден астам алма сұрпы бар. Олардың түсі, дәмі, иісі мен қолдану ерекшелігі әртүрлі. Кішкентай қышқыл алмалардан бастап, келіден асатын алып тәтті жемістерге дейін – таңдау ауқымы кең! Алма – әлемдегі ең танымал әрі сүйікті жемістердің бірі. Қышқыл алмадан бастап, тіл үйірерлік балдай тәттіге дейінгі оның керемет алуан түрлілігі кімді болса да таңғалдырмай қоймайды.

Кәдімгі алмадан ерекше не табуға болады дейсіз бе? Селекционерлер – жаңалық іздеуден жалыққан емес, олар тынымсыз ізденісте. Олар қарапайым жемістің өзінен әсемдік пен ерекшелік тудыра алады.

Алма пішіні, қабығының реңкі, жылтырлығы мен құрылымы – оның дәмінің қандай болатынын және үзіп алып жеуге ме, бәлішке ме, әлде сидр жасауға ма, қай тағамға жақсырақ жарайтынын аңғартады.

Ауылдағы әженің үйінде өткен балалық шақ – естен кетпейтін ғажап кезең! Әсіресе көптеген жеміс пен көкөністер пісіп-жетілетін күзгі мезгіл ерекше есте қалады. Бір мезетте жиын-терім басталып, ал келесі таң сені кептіріліп жатқан балғын алманың жұпар иісімен қарсы алады. Супермаркет сөрелеріндегі неше түрлі жеміс-жидек пен экзотикалық дәмдер көздің жауын алғанмен де, олардың ешқайсысы алмамен теңесе алмайды. Себебі қызара бөрткен алманың бетінен тістеп алуға ешкім де қарсы тұра алмасы анық.

«Ұлы Дала Елі» орталығында алмаға арналған «Ұлы Дала бренді – сиверс алмасы» тақырыбында арнайы фотокөрме өтті. Көрмеде Ресей мен Еуропа бақтарында өсірілген көне, халықтық сұрыптармен қатар, ауруға төзімділігі мен дәм сапасы жақсартылған заманауи селекциялық гибридтерді де көруге мүмкіндік болды. Бұл фотосуреттер мен инсталляциялардағы әрбір алма – жай ғана жеміс емес, ол – климаттың, топырақтың, селекционерлер мен бағбандардың ерен еңбегінің көрінісі.

Көрермен назарына әлемнің әр түкпірінен жиналған бірегей алма коллекциясы ұсынылды. Бұл фотосуреттердегі әрбір сұрып – жеміс қана емес, мәдени, экономикалық, географиялық әрі селекциялық тарихтың айнасы. Ішінде бірнеше ғасырдан бері белгілі сұрыптар, жақында пайда болған сұрыптар бар. Олар бағбандар мен нәзік рецептор иелерінің жүрегін жаулап үлгерді.

- Ақ нал – ерте пісетін сұрып, жұмсақ еті мен сергітетін дәмі арқылы халықтың сүйіктісіне айналды.
- Грэнни Смит – ашық жасыл, қышқылдау, оны пайдалы тамақтанудың символы десе болады.
- Фуджи – Жапонияда шығарылған әлемдегі ең тәтті сұрыптардың бірі.
- Гала – шырынды әрі хош иісті, дүние







жүзіндегі супермаркеттерде жиі кездесетін алма түрі.

Бір қызығы, алма әрдайым біздің көзіміз үйренген пішінде бола бермейді, кейде ол пішінінің ерекше болуымен де таңғалдырады. Көрмеде әлемдегі ең кішкентай алмалардың бірі болды. Мұнда бір алманың салмағы небәрі 20-30 грамм! Көрмеге Қытай алмасынан бастап, сопақша, қара, тіпті көз алдыңа елестету мүмкін емес – төрт бұрышты пішіндегі алмалар да қойылған. Көрмені аралай жүріп, алмадан ауыз тию мүмкіндігі де бұйырды.

Көрме көрермендерге эстетикалық ләззат сыйлап қана қоймай, ауыл шаруашылығы, экология және генетика салаларындағы жаңа зерттеулер, идеялармен де таныстыруды мақсат етті. Көрмені отандық және Қытай, Өзбекстан, Түркия, Германия мен Франциядан келген музей қонақтары тамашалады.

Ұлы Дала бренді – сиверс алмасы табиғаттың сыйы ғана емес, халқымыздың рухани мұрасы. Оның дәміне қазақтың дархан даласының самалы, жапырағына асқар таудың тынысы, гүліне бабалардың аманаты сіңген.

Фотокөрме арқылы табиғаттың тағы бір таңғажайып тартуын жаңа қырынан тану мүмкіндігі туды. Әр сурет тарих пен тағылымды, сұлулық пен сырды тоғыстырған көркем туынды іспеттес. «Ұлы Дала бренді – сиверс алмасы» көрмесі – тек фотосуреттер жиынтығы емес, туған жердің бай қазынасын танып, мақтан тұта білуге үндеу!

# ШОҚАН УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ «АЛТЫНЕМЕЛ» МЕМОРИАЛДЫ МУЗЕЙІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

***Марал Рахатова***

*Ш. Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі*

Қазақ халқының ұлы перзенті, көрнекті ғалым, этнограф, саяхатшы, ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – XIX ғасырдағы қазақ мәдениеті мен ғылымының ірі өкілдерінің бірі. Ол қысқа ғұмырында халқымыздың рухани дамуына, ғылыми-ағартушылық өрлеуіне өлшеусіз үлес қосты. Шоқан өз заманының алдыңғы қатарлы ойшылдарымен тең дәрежеде пікір алмасып, туған елінің тәуелсіздігі мен мәдени өркендеуін армандады. Оның бай ғылыми еңбектері мен мұрасы бүгінде маңызын жоймай, өзектілігін сақтап отыр.

Шоқан Уәлихановтың өмір жолын, ғылыми қызметін және ағартушылық идеяларын кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Шанханай ауылдық округі Матай тауының бөктерінде «Алтынемел» мемориалдық музейі ашылды. Бұл музей – халқымыздың ұлы ғалымға деген құрметінің белгісі әрі мәдени-ағартушылық маңызы ерекше рухани мекеме.

Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай 1985 жылы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі өз есігін

айқара ашты. Музейдің құрылуы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1983 жылғы 20 қаңтардағы №19 Жарлығы және КСР Мәдениет министрлігінің 1986 жылғы 2 ақпандағы №42 бұйрығы негізінде жүзеге асты.

Ғимараттың архитектуралық жобасын белгілі сәулетшілер – Р. Сейдалин, Б. Ибраев және Р. Рүстембеков дайындады. Музейдің сәулеттік келбеті халық эпосының символикасымен үндесіп, ежелгі мазар пішінінде тұрғызылған. Құрылыстың төрт бұрышы – қазақ дүниетанымындағы әлемнің төрт тарабы ұғымын бейнелейді.

Ғимарат қасбеті Маңғыстаудың қызғылт-ақ тасымен қапталған, ал ішкі безендірілуі киіз үйдің ішкі көрінісін еске түсіреді. Бұл шешім қазақ халқының дәстүрлі эстетикасын және ұлттық мәдениетін көрнекі түрде паш етеді.

Музей көлемі 629,4 шаршы метр аумақты алып жатыр және экспозициялық, конференция залдары мен қор қоймасынан тұрады. Музейдің орталық залында Қазақстан халық мүсіншісі Х. Наурызбаев жасаған Ш. Уәлихановтың бюсті орнатылған. Бюсттің артқы жағында ұзындығы 10 метр, ені 6 метр түкті кілем ілінген, оны атақты суретші Ш. Қожахановтың «Заманту» шеберханасында тоқыған.

Экспозицияны толықтыру ісіне Қазақстан мен шетелдің бірқатар музейлері мен архивтері үлес қосты. Олардың қатарында Мемлекеттік Эрмитаж, Санкт-Петербургтегі Этнография музейі, ҚР Мемлекеттік орталық музейі, Қазақ ұлттық кітапханасы, Ресей география қоғамы бар. Бұл мекемелер қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, тарихын бейнелейтін бірегей жәдігерлерді сыйға тартты.

Мұнда Шоқанның жеке заттары – эполеттері, қару-жарағы, өзі жасаған карталары, экспедиция кезінде салған суреттері қойылған. Сондай-ақ, халық қолөнерінің бұйымдары, музыкалық аспаптар, ғалымның отбасы қолданған тұрмыстық заттар, ұстазы П. Семенов-Тянь-Шанскийдің күнделіктері мен Шоқан жинаған минералдар да бар.

Шоқанның қабірі басына ескерткіш орнату жұмыстары 1956 жылы басталды. Алғашқы жобаны алматылық сәулетшілер әзірлегенімен, кейін Мәскеуден сәулетші Маргарита Ващенко шақырылды. Ескерткіштің материалы ретінде Қордай карьерінен алынған қызғылт гранит пайдаланылды.

1958 жылы құрылыс аяқталып, ашылу салтанаты өтті. Митингке Қазақстанның түкпір-түкпірінен мәдениет, ғылым, өнер қайраткерлері, жазушылар, журналистер қатысты. Академик Сақтаған Бәйішев, жазушы Сәбит Мұқанов, академик Әлкей Марғұлан сияқты тұлғалар сөз сөйлеп, Шоқан мұрасының мәнін атап өтті. Салтанатты жиында ақ жамылғы алынып, көпшілікке қола барельефі бар еңселі гранит ескерткіш ұсынылды.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу облысына келген сапарында музей мен мемориалды кешенді қайта жаңғырту туралы тапсырма берген болатын. Соның нәтижесінде 2023 жылы республикалық бюджеттен 338 млн теңге





*Ш. Уәлихановтың зираты. 1958 ж.*

бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Экспозицияның жаңа тақырыптық құрылымы жасалып, заманауи ақпараттық технологиялар енгізілді. Led-экрандар, интерактивті дүңгіршектер, конференц-зал ашылды. Диорамада Шоқан мен Тезек төре ауылының көрінісі бейнеленді. Жаңа экспозиция алты тақырыптық бөлімнен тұрады: Шоқанның өмірі мен өскен ортасы, еңбек жолының басталуы, саяхаттары мен зерттеулері, Петербордағы кезеңдері, өмірінің соңғы жылдары, мұрасын зерттеушілердің еңбегі.





Музей тек экспозиция көрсетумен шектелмей, ғылыми-ағартушылық жұмыстарды да белсенді атқарады. Конференциялар, мерекелік кештер, жылжымалы көрмелер, кездесулер ұйымдастырылады.

Ғалымның мерейтойы аясында Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің қолдауымен және Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейінің ұйымдастыруымен Астана қаласында, Абай, Павлодар облыстарында, Жетісу ауданы Жаркент қаласында және Кербұлақ ауданында жылжымалы көрмелер өткізіліп жатыр. Бұл көрмелердің басты мақсаты – Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын кеңінен насихаттау, жас ұрпақты отансүйгіштікке, білім мен ізденіске баулу саналады.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 10 қазанда «Шоқан Уәлиханов: тарих және тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Бұл конференцияға отандық және шетелдік көрнекті ғалымдар мен зерттеушілер қатысты. Атап айтқанда, Қырғызстанның тарих ғылымдарының докторы Чолпон Турдалиева, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас сарапшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Әуезхан Шашаев, Өзбекстан жазушысы, шоқантанушы Владимир Фетисов, Ұлыбританиялық журналист, зерттеуші Ник Филдинг, тарих ғылымдарының кандидаты Факия Шамшидинова, сондай-ақ ғалымның ұрпағы Дулат Мәліков қатысты.

Конференция барысында Шоқан Уәлихановтың ғылым мен мәдениеттегі орнын айқындау, оның еңбектерін заманауи тұрғыда зерделеу және мұрасын жас буынға жеткізу бағытында құнды пікірлер мен ғылыми тұжырымдар айтылды.

Шоқан Уәлиханов – халқымыздың біртуар тұлғасы, қысқа ғұмырында ұлтының рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ғалым. Оның мол мұрасы – ұлттың мәңгілік қазынасы.

Ш. Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі – сол мұраны сақтау мен дәріптеудің алтын ордасы. Заман талабына сай жаңартылған бұл мәдени орталық өз миссиясын жалғастырып, жас ұрпақты білімге, отаншылдыққа және ұлт рухын қастерлеуге тәрбиелеп келеді.

# ЖІБЕКTALKS: ӨНЕР МЕН ЖАННЫҢ ДИАЛОГЫ

***Дилорам Тауасарова***
*«Ұлы Дала Елі» орталығы*

«Ұлы Дала Елі» орталығы ұлттық мұра мен заманауи өнердің үндестігі, қазақ қолөнері мен заманауи өнер тоғысқан, нәзіктік пен көркемдіктің көрінісіне айналған «Жібек тоқылған жарық, өрілген ауа» атты көрме есігін айқара ашты. Бұл көрме – көрерменді жібек жіптің символдық әрі физикалық табиғаты арқылы қазақ мәдениетінің терең пласттарын сезінуге жетелейтін ерекше шығармашылық алаң. Көрме арқылы жібек пен оның мәдени феномені туралы түсінікті кеңейту, ұмыт қалған қолөнер элементтерін қайта тірілту және жас буынға ұлттық мұраның эстетикалық маңызын жеткізу көзделген. Сондай-ақ, жібек – символ ретінде табиғат пен адамның нәзік үйлесімін паш етеді. Бұл көрме шынайы мәдени-көркем сипаттама бере отырып, көпшілікті қызықтыруға бағытталған. «Жібек – тоқылған жарық, өрілген ауа» көрмесі қазақтың жібек кесте



өнеріне арналған көркем тынысы.

Қазақ халқының көркемдік мәдениеті терең де бай. Сол көркем дүниенің ішіндегі ең нәзік салалардың бірі – кесте өнері, ал оның шыңы – жібек жіппен тігілген кестелер. «Жібек – тоқылған жарық, өрілген ауа» атты көрме осы өнерге арналған тағылымы терең, эстетикасы ерекше мәдени шара. Жібек – нәзіктіктің символы, ежелден бері шығыс өркениеттерінде асқан бағалы материал ретінде танылған. Оның жеңіл, жылтыр, әрі жұмсақ табиғаты сұлулықтың, тазалықтың, нәзіктіктің белгісі саналады. Қазақ шеберлері жібекті тек сән үшін емес, рәміздік мәні бар материал ретінде де қолданған. Әсіресе, қыз-келіншектердің сәукелесі, шапан-камзолдары мен тұрмыстық бұйымдардағы кестелер жібекпен өрнектелген. Бұл көрме – сол жібек жіптердің шежіресінен үнсіз сыр шертетін орын.

Кесте – қолөнер мен жан әлемінің үндестігі, үлкен өнер. Бір ғана жіппен нәзік гүлді, күрделі оюды немесе символдық бейнені беру аса шеберлік пен сабырлылықты талап етеді. Көрмеде жібекпен тігілген дәстүрлі кесте үлгілерімен қатар, қазіргі заман шеберлерінің авторлық туындылары да қойылған. Жібек жіппен кестеленген әр өрнек – жарыққа толы тыныс пен ауадай нәзік шеберліктің үйлескен көрінісі. Көрмеге қойылған бұйымдар қатарында: сәндік панно мен портреттік кестелер, тұрмыстық заттардағы кестелер (жастық, дастархан, шымылдық), заманауи сәндік композициялар мен инсталляциялар және тарихи құндылыққа ие көне кесте бұйымдарының реконструкциялары бар. Көрмеде бұйымдар шеруі ғана емес, шеберлік сабақтары, шығармашылық кездесулер, жібек кесте тігу техникасының түрлерімен таныстыратын дәрістер мен ашық пікірталастар да ұйымдастырылды. Бұл шаралардың барлығы көрермен мен өнер арасын жақындатуға бағытталған. Кесте тігу – тек қол еңбегі емес, ол сезімнің, ұрпақ жалғастығының және әйел болмысының көркем шежіресі, өнер мен уақыт үндестігі. Осы көрме арқылы сол нәзік үнді естіп, жібектей жұмсақ, жарықтай жарқыраған өнермен қауышуға мүмкіндік болды. «Жібек – тоқылған жарық, өрілген ауа» атауының өзі өнер мен табиғат үндестігін аңғартатын бұл көрме көрерменге тамашалау қуанышын ғана емес, мәдени сабақтастықты сезінудің мүмкіндігін ұсынды.

Жібек – ежелден нәзіктіктің, байлықтың және ерекше еңбекқорлықтың символы. Осы көрме арқылы көрермен жібектің материя ғана емес, қазақ халқының тарихындағы, өнеріндегі, тұрмысындағы рухани әрі мәдени код екенін аңғарды. Атауының өзі – «Жібек тоқылған ауа, өрілген ауа» – көрменің тұжырымдамалық өзегін білдіреді: жібек – бұл жай ғана мата емес, ол – ауадай көрінбейтін, бірақ сезілетін байланыс, нәзік өрілген жіптер арқылы ұрпақтар жалғастығын, рухани сабақтастықты жеткізетін көркем тіл.

Көрмеде тарих пен дәстүр: қазақ жібегінің шежіресі мен Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени алмасулар кеңінен таныстырылды. Оның шеңберінде ұлттық өрнектер, жібек мата тоқу техникасы, табиғи бояу қолдану үрдісі паш етіліп, заманауи инсталляциялар арқылы жібек жіп пен ауа қозғалысы жаңа медиа тілінде бейнеленді. Киім және сән дизайны бөлігінде дәстүрлі мотивтер заманауи киім үлгілерінде ұсынылып, дизайнерлердің туындылары көрсетілді. Интерактивті алаңда келушілер өз қолдарымен жібек жіппен кесте тігіп, жіп тоқу техникасымен таныса алды.

Жібек – адамзат өркениетінде мыңдаған жыл бойы ерекше орын алып келген табиғи материал. Ол тек сән-салтанат емес, өмірдің түрлі саласында кеңінен қолданылып, мәдени, экономикалық, рухани және медициналық мәнге ие болды.

Жібек – сән әлеміндегі ең нәзік әрі бағалы материал. Ұлттық киімдер мен сәндік бұйымдарда жібек кеңінен қолданылатынын білеміз. Бұл жібектің табиғилығы мен адамның әлеуметтік мәртебесіне де байланысты болған.

Сауда мен дипломатияда жібек – тұтас өркениеттерді жалғаған тарихи сауда бағытының символы. Жібек жолы арқылы Қытай, Орталық Азия, Парсы және Еуропа елдері арасында экономикалық және мәдени байланыс дамыды. Билеушілер мен елшілер бір-біріне жібек шапан, мата сыйлаған. Бұл құрметтің, достықтың белгісі болған.

Жібектің табиғи құрылымы оны емдік, сондай-ақ биологиялық тұрғыдан медицина және денсаулық сақтауда бейтарап материал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Хирургияда жібек жіп ежелгі дәуірден бастап, қазіргі медицинада да жараны тігу үшін қолданылып келеді. Себебі ол денеге оңай сіңеді және аллергиялық реакция тудырмайды.

Косметологияда жібек ақуызы – серицин – тері күтіміне арналған өнімдерде қолданылады (ылғалдандырғыш, тері жұмсартқыш қасиеті бар).

Тіпті рухани өмір мен дәстүрлерде жібек арқылы рухани күшке ие болады деген сенім болған. Яғни, жібек – тазалық, нәзіктік, беріктік, байлық пен рухани үйлесімділіктің бейнесі.



Ғылым мен технологияда (заманауи кезеңде) жібек талшықтарын биоматериал ретінде қолданған: ғалымдар оны импланттар, тіс протездері және жасанды тері жасау үшін де, сондай-ақ жібекті жоғары сапалы акустикалық жүйелердің мембраналарында, мысалы, жоғары жиілікті динамиктерде де пайдаланған.

Жоғары беріктігі мен жеңілдігі үшін жібек арнайы парашюттерде және әскери мақсаттағы бұйымдарда да кеңінен қолданылған. Ортағасырлық көшпенді жауынгерлер (XV-XVI ғасырлар) жібек жіптен тігілген арнайы ішкі, яғни терлікті сауыт астына қорғаныш киім ретінде киіп жүрген. Жібек талшықтары жараға оралып, оқ пен жебенің ішкі органдарға өтуін бәсеңдетіп, қан кетуді тоқтатуға көмектескен. Бұл – көшпенділердің табиғи материал мен әскери тәжірибені үйлестіре білген шеберлігінің бір мысалы.

Жібек сән ғана емес, тіршілік технологиясы болған. Теріге оралған дәстүрлі тұмар ішіндегі дұға жібек жіппен ерекше өрнек түрінде кестеленген, сенім мен өнердің бірлігін бейнелеген. Тіпті дихандар «Береке дорбасы» деп атайтын тұқым салатын дорбалары да жібек кестелі болған екен. Бұл шағын дорбаға егін егу кезінде алғашқы дәндер салынған. Дорба бетіне жібек жіппен «Береке», «Ырыс», «Табыс» сөздері немесе рәміздік белгілер кестеленген. Мұндай бұйым иесіне жақсы өнім мен табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас тілейтін символ ретінде берілген.

Жібек – тек материя емес, мәдениет. Ол ғасырлар бойы адамзаттың киімінде, сенімінде, саудасында, өнерінде және ғылымында қатар

жүріп, символдық мәнге ие болып келеді. Оның жұмсақтығы – әлсіздік емес, тіршілікпен үндесетін таңғажайып күш. Жібек кестелер – ұлттық болмысымыздың нәзік әрі берік жібі іспеттес. Сөз соңында ол үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа аманат боп, үзіліссіз өріле берсе екен деген тілегіміз бар.

# МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ҚОНЫСБЕК АҚЖАСАР ЕСІМІН АРДАҚТАҒАН БАЙҚАУ

***Құралай Қонысбекқызы,***
*Ақсуат тарихи-өлкетану музейінің директоры,*
*Абай облысы, Ақсуат ауданы*

Ұлттың рухани қазынасын түгендеп, жоғалғанын жоқтап, барын бағалау - әрбір зиялы, елжанды азаматтың қасиетті борышы. Сол қасиетті борышты өмірінің мәніне айналдырған тұлға - Қонысбек Сләмұлы Ақжасар. Биыл Қонысбек Сләмұлының туғанына 70 жыл толды. Бұл тек бір адамның ғана мерейлі жасы емес, тұтас ұлттың руханиятына өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткердің мұрасын қайта жаңғырту, ұлықтау кезеңі.

Осыған орай, тамыз айының алғашқы күндері Абай облысы, Ақсуат ауданында Қонысбек Сләмұлы Ақжасардың есімін ел есінде жаңғыртып, рухын ардақтаған тағылымды шара өтті. Ел тарихына, мәдениет пен музей ісіне сүбелі үлес қосқан тұлғаның құрметіне арналған республикалық «Үздік экскурсия жүргізушісі» байқауы бұл саланың мәртебесін көтеріп, жаңашыл рухпен жаңғыруына серпін берді. Байқауға қатысушылар шеберлік жарысын ғана емес, Қонысбек Сләмұлының халық жадындағы биік бейнесіне, ұлт алдындағы еңбегіне тағзым етті.

Байқаудың ашылу салтанатында Ақсуат ауданының әкімі Ерсін Ескендіров құттықтау сөз сөйлеп, Қонысбек Сләмұлының өмір жолына тоқталып, оның мәдениеттегі зор рөлін атап өтті. Сонымен қатар Абай облысы мәдениет басқармасының бас маманы Жасұлан Абдуллин мен аудандағы музей директоры Құралай



Қонысбекқызы да қатысушыларға сәттілік тілеп, байқаудың мән-маңызын айқындап берді.

Қонысбек Сләмұлы Ақжасар - 1955 жылы қасиетті шығыстың шырайы Тарбағатайдың төрінде, Барқытбелдің баурайында, Ақсуаттың топырағында дүниеге келіп, өмірінің бар саналы ғұмырын туған өлкенің тарихын түгендеуге арнаған тұлға. Ол Семей мұғалімдер институтын тәмамдаған соң мәдениет майданына біржола бет бұрып, 1980 жылдан бастап мәдениет саласында жемісті қызмет етіп, аудандық мәдениет бөлімі жанындағы көркемсурет шеберханасының жетекшісі болды.

Ал, 1986 жылдан туған жері Ақсуатта аудандық тарихи-өлкетану музейінің негізін қалаушы әрі 30 жыл басқарған тұңғыш директоры болған Қонысбек Сләмұлы ел жадында терең із қалдырды. Оның қолтаңбасымен салынған музей бүгінде еліміздегі танымал тарихи-танымдық орталықтардың біріне айналды. Ол музей жұмысын ұлттық рухпен үйлестіріп, тек жәдігер жинаумен шектелмей, ғылыми-зерттеу бағытында кең көлемді жұмыстар атқарды. Соның арқасында бүгінде Ақсуат музейі жай ғана мекеме емес, тұтас бір ұлттың шежіресін түгендейтін рухани ордаға айналды.

1993 жылдың 18 мамырында, Халықаралық музей күніне орай, Ақсуатта тұңғыш рет тарихи-өлкетану музейі салтанатты түрде ашылды. Бұл күн аудан үшін тарихи сәт болды. Семей облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ақсуат филиалы ашылған тұста оның тізгінін Қонысбек Сләмұлына сеніп тапсырғаны табиғи әрі қанды болды. Ол бұл жауапты істі тек әкімшілік жұмыс ретінде емес, ұлт алдындағы азаматтық борышы ретінде қабылдады.

Музейді ұйымдастыру кезеңі алты жылдан астам уақытты, яғни 1986-1993 жылдар аралығын қамтыды. Музей ашылғанға дейінгі жылдар ауқымды ізденістер мен тынымсыз еңбектің кезеңі болды. Бұл уақытта музейге бөлінген ғимарат қайта жаңғыртылып, шығыстық үлгідегі сәулеттік жобамен абаттандырылды. Ұйымдастырылу кезеңінде тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтау ісі кең көлемде жүргізіліп, музейдің алғышарттары қаланды.

Музей қорын қалыптастыру үшін Қонысбек Сләмұлы Қазақстан мен Ресейдің архивтерінде, сондай-ақ еліміздегі кітапхана мен музей қорларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өлке тарихының көмескі тұстарын зерттеп, зерделеп, жарыққа шығарды, ел жадында жаңғыртты. Өлкенің саяси-әлеуметтік тарихынан бастап, тұрмысы, шаруашылығы, мәдениеті мен өнеріне дейін жүйелі зерттеулер жүргізіп, оларды ғылыми айналымға енгізді.

Өлке тарихына қатысты жинақтаған тың құжаттары Ақсуат музейінің қорын толықтырды. Ғылыми ізденістерінің нәтижесінде өлке тарихының бүгінге дейін белгісіз болып келген тұстары ашылды. Олардың ішінде өңірдің ежелгі тыныс-тіршілігі, басқару жүйесі, тұрмысы, шаруашылығы, мәдениеті мен өнеріне қатысты табылған маңызды деректер аз болмады. Зерттеушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері еліміздегі түрлі басылымдарда жарияланып, ғылыми қорды толықтырды.

Қонысбек Сләмұлы музейдің материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, заманауи сәулеттік жаңғыртудан өткізді. 2009 жылы күмбез орнатып, ғимарат жаңа сипатқа ие болды. 2011 жылы көрме орталығы ашылып, экспозициялық алаңдар кеңейтілді. Музей жұмысын халықаралық стандарттарға сай ұйымдастырып, мәдени-ағартушылық орталық деңгейіне көтерді.

Қазіргі таңда музей аудан халқына ғана емес, жалпы қазақстандықтарға мәдени-ағарту қызметін ұсынатын іргелі рухани ордаға айналды. Астана, Семей, Өскемен қалалары мен ҚР Ұлттық музей қорлары ұйымдастыратын көрмелер – осының дәлелі. Мұндай ауқымды істердің арқасында музей қорындағы тарихи-мәдени құндылықтар ел көлемінде кеңінен насихатталуда.

Қонысбек Сләмұлының ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Мәдениет саласына сіңірген жемісті еңбектері үшін көптеген марапаттарға ие болды. 2004 жылы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің «Мәдениет пен өнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» сыйлығының «Музей ісі» аталымы бойынша лауреаты атанды.

2004 жылы Ақсуат тарихи-өлкетану музейі Мәдениет министрлігінің алқалы жиынында аудандық музейлер арасында республикалық деңгейде үздік деп танылды. Сонымен қатар, музей ұжымы 2004 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің музей ісін дамытуға қосқан елеулі еңбегі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 2005 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен ҚР мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қорының «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен марапатталды.

Қонысбек Сләмұлының өлке тарихына қосқан үлесі тек музеймен шектелмейді. Ол археология, этнография, тарихи ескерткіштерді қорғау, мәдени құндылықтарды жаңғырту бағытында да тың жобаларға мұрындық болды. Өйткені, зерттеп-зерделеуді қажет ететін ұлттың өткені оның болмысының айнасына айналды. Сол тарихты түгендеу, жоғын жоқтау, барын бағалау — рухани жауапкершілігі биік азаматтың маңдайына




жазылған қасиетті міндет болғандай. Оған дәлел, оның ең ірі тарихи-мәдени жобасы Төлегетай баба кесенесінің жаңғыртылуы. Бұл жоба — ұрпақтың өткенге тағзымы ғана емес, бүгінгі рухани жаңғыруының нақты үлгісі болды.

2005-2008 жылдар аралығында Қызылорда облысындағы көне кесене қайта жаңғыртылып, ұлттық сәулет үлгісінде тарихи-сәулеттік кешенге айналды. Бұл Қонысбек Сләмұлының басшылығымен жүргізілген көлемді жобалардың бірі. 2000 жылы Қонысбек Сләмұлы Қызылорда облысындағы Төлегетай бабаның көне кесенесіне ғылыми-зерттеу іс-сапарынан кейін оны қайта жаңғырту мәселесін көтерді. Жеке құрылтайшылығымен «Төлегетай ұрпақтары» қорын құрды.

Ол елдегі ұрпақтарынан зор қолдау тапты. Жоба мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында аудандық музейдің 2005-2008 жылдардағы жылдық жоспарларына енгізіліп, Шығыс Қазақстан облысының Мәдениет басқармасы тарапынан бекітілді. Төлегетай баба кесенесін көне түпнұсқаға сәйкес жаңғырту мақсатында белгілі академик-сәулетші Бек Әнуарбекұлы Ибраевтың жобасы толыққанды жүзеге асып, ұлттық үлгідегі дәстүрлі келбетін айқындаған тарихи-сәулеттік кешенге айналды.

Жоба жетекшісі Қонысбек Сләмұлының ұсынысымен кесене тағаны сегіз сандық үлгіге келтіріліп, қасбетіне сегіз қырлы сегіз сынтас орнатылды. Бұл сәулет өнері нышандары Найман елінің ежелгі сегіз ру елден құралған деген ұғымға негізделген еді. Қайта жаңғырған көне кесене аса шебер қолтаңбамен айшықталып, Найман елінің байырғы тарихын сәулет арқылы сөйлеткен бірегей ескерткішке айналды. Қос күмбезді, төрт мұнаралы, сегіз сынтасты сәулетті кешен ұлттық дәстүрлі үлгіде Сыр бойында қайта жаңғыртылып бой көтерді.

Жалпы, кесенені жаңғырту жобасы үш кезеңде жүзеге асты. 2005-2008 жылдары кесене толық қайта жаңғыртылды. 2011 жылы Астана қаласындағы «Атамекен – Қазақстан картасы» этно кешеніне кесененің макеті қойылды. 2014 жылы Қонысбек Сләмұлының тікелей шығармашылық ұйымдастыруымен тарихи-сәулеттік кешенде музей ашылды. Кесенені тарихи-сәулеттік кешенге айналдырудың маңыздылығы – халқымыздың түп-тамыры болған ұлы бабаларымыздың киелі рухтарын қастерлеу, ұлағаттарына тағзым ету парызындағы игі іс еді. Бұл тек кейіпкеріміздің маңдай тері шыққан еңбегі ғана емес, сонымен

бірге ұлтқа деген сүйіспеншілігінің, ата-баба рухына деген адалдығының нақты үлгісі болды.

Сол себепті ауылдастары Қонысбек Сләмұлы Ақжасарды тарихты сөйлетіп, ұмыт қалған шежірені қайта жаңғыртқан және тұтас бір әулетті осы салаға баулыған бірегей тұлға деп санайды. Оның еңбегі – өшкенді жаққан, жоғалғанды тапқан, болашаққа жол сілтеген парасатты миссия болды. Дей тұрғанмен, музей ісінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан майталманның өмір жолы жас мамандар үшін кәсіби бағдар ғана емес, отандық музейтанудың тарихи белестерін айқындайтын тағылымды дереккөз болып табылады. Оның жинақтаған тәжірибесі, ғылыми-танымдық және мәдени мұраға деген көзқарасы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан емес.

Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаның ғылыми-тәжірибелік мұрасын жаңа қырынан таныту, музей ісі саласындағы жас буынды қолдау және отансүйгіштікке баулу мақсатында Ақсуаттың төрінде республикалық «Үздік экскурсия жүргізушісі» байқауы өткізілді. Шара аясында қатысушылар музей саласына қатысты ғылыми жобалар ұсынып, тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттауға бағытталған бастамаларымен танылды. Бұл байқау үздіктердің есімін анықтап қана қоймай, музейтану ісін зерттеу мен дамытуға арналған заманауи алаңға айналды. Сонымен қатар, музей саласындағы үздік дәстүрлерді сақтау мен жалғастыру жолында маңызы зор мәдени-ғылыми іс-шара ретінде бағаланды.

Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен келген экскурсия жүргізушілер қатысып, өз шеберліктерін үш кезең бойынша сынады. Қатысушылар қатарында Шахтинск, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе және Семей өңірлерінен келген музей қызметкерлері болды.

Олардың қатарында Арайлым Құлжабаева (Шахтинск қаласы Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске сақтау музейі), Дильназ Елеусізова (Қарағанды облысының Тұңғыш Президент музейі тарихи-мәдени орталығы), Сағат Қалиясқаров (Қарағанды облысының Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі), Таңшолпан Мұханбетқал (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі), Әсемгүл Аманкелді (Ақтөбе облысының Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалды музейі), Мадьяр Закимов, Нұргүл Құсаинова (Семей облыстық тарихи-өлкетану музейі), Арайлым Мұратбекова (Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері музейі) сияқты білікті мамандар болды.

Байқаудың алғашқы кезеңі бұған дейін сырттай өткізіліп, «Мен экскурсия жүргізушімін» атты бейнебаянда қатысушылардың өздерін таныстыруына мүмкіндік берді. Бұл бейнебаяндар комиссия мүшелері тарапынан бағаланып, үздік сегіздік іріктеліп, екінші және үшінші кезеңдерге жолдама берілді.

Ал, Ақсуаттың төрінде ұйымдастырылған екінші кезеңде қатысушылар өз музейлерін 10 минут ішінде таныстырып, кәсіби сөйлеу мәдениетін, аудиториямен байланыс орнату қабілетін көрсетті. Ал үшінші, ең қызықты кезең «Жәдігер тарихы» деп аталып, мамандардың ұйымдастырылған экскурсияны жүргізу шеберлігі, білімі, ойлау шапшаңдығы, логикалық құрылым түзу дағдысы сыналып бағаланды. Жеребе арқылы таңдалған жәдігерге қатысты әр қатысушы жедел дайындалып, оның тарихи маңызын, мәдени құндылығын жеткізуге тырысты. Бұл кезең көрермендердің де, қазылардың да ықыласын ерекше аударды.

Нәтижесінде жүлделі бірінші орын Семей облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері Нұргүл Құсаиноваға бұйырды. Екінші орынға Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске сақтау музейінің білікті маманы Арайлым Құлжабаева лайық деп танылды. Ал үшінші орынды бірнеше музей қызметкерлері бөлісті. Атап айтқанда, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мемориалдық музейінің қызметкері Әсемгүл Аманкелді, Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері музейінің өкілі Арайлым Мұратбекова және Қарағанды облысындағы «Тұңғыш Президент музейі» тарихи-мәдени орталығының экскурсия жүргізушісі Дильназ Елеусізова үздіктер қатарынан көрінді.

Бұл байқау жай ғана жарыс емес, музей саласының мәртебесін көтеру, экскурсия жүргізушілер арасындағы шығармашылық бәсекелестікті арттыру, сонымен қатар Қонысбек Сләмұлының еңбегін жаңа ұрпаққа үлгі етудің жарқын мысалы болды. Оның бастаған сара жолын жалғап келе жатқан ұрпағы мен шәкірттері – шын мәніндегі рухани мұрагерлері. Оның есімі мен еңбегі байқауға қатысқан экскурсия жүргізушілерге шабыт беріп, мәдениет майталмандарының жолын жалғайтын ұрпаққа өнеге болып қала беретініне сенім мол.

# МӘДЕНИ МҰРА

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ

***Калипа Кемелова***
*Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы*
*Түркістан обл.*

Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы және қазіргі қоғамдық болмысы этнография мен мәдениеттану саласындағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі күнге жеткен салт-дәстүрлердің заман талабына сай жаңғыртылған негізін салыстырмалы тұрғыда көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Ежелден қалыптасқан қолөнер шеберліктеріне қатысты дәстүрлі ұғым-түсініктер де мәдениеттің маңызды бөлігін құрап, олардың тарихи сабақтастығы мен ерекшеліктері зерттеу өзекті болып отыр.

Қазақ дәстүрінің негізгі сипаттары түркі тілдес халықтардың мәдени тәжірибесімен салыстырмалы түрде қарастырылғанда, ортақ мәдени мұрамыздың қырлары мен ерекшеліктері айқын көрінеді. Қай халықтың болмасын өз дәстүрі мен мәдени мұрасы – рухани байлығының қайнар көзі болып саналады. Ұлттық құндылықтар санаға сіңу арқылы тұрмыс-салт пен әлеуметтік-мәдени дәстүрлердің қалыптасуына ықпал етіп, тарихи сабақтастықты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, қазақтың ұсталық, зергерлік және басқа да дәстүрлі өнерлері қалыптасу тарихында өзіндік ерекшеліктерін сақтап, бүгінге дейін жеткен аңыз-әңгімелер, түсінік-ұғымдар арқылы өміршеңдігін көрсетеді. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың қолөнермен байланысы ұлттық құндылықтарды зерттеуде маңызды бағыт болып табылады.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып – халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениеттің арқауы. Адам баласының жарық дүниеге келген күнінен бастап, оның есейіп, қартайып, бақилық өмірге кеткенге дейінгі өмірімен біте қайнасып жатқан жөн-жоралғылар мен ырым-тыйымдар қазақтың ұлттық салт-дәстүріне ұласып жатады. XIX ғасырда қазақтың салт-дәстүрін зерттеген Семенов Тянь-Шанский: «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлерінің өзі тұнып тұрған білім» деп бекер айтпаған. Сондықтан келер ұрпақ өзінің салт-дәстүрін толық меңгерсе, оның ұлт ретінде болашағы жарқын болары сөзсіз. Ал XXI ғасыр – технологиялар мен ақпараттық құралдар заманы, яғни ұлттық салт-сана ұғымының қоғамдық өмірден шеттетілу қаупі артып тұрған кезең. Қазіргі кезеңде кез келген мемлекет ұстанымы – заман талабына сай өмір сүру.

Сондықтан өскелең ұрпақты «барлық әдет-ғұрып пен дәстүрді жетік біледі немесе ұлттық құндылықтардың мәнін терең түсініп, оларды сақтап қалады» деу жалпылама баға болар еді. Себебі технология дамыған кезеңде адамның ұлттық құндылықтардан алшақтай түсуі белең алып келеді. Этникалық болмысына алаңдайтын ұрпақ санасында «қоғамда ұлттық салт-дәстүрлердің алатын орны қандай?» деген заңды сұрақ туындайды.

Жалпы, «Қазақ кеңес энциклопедиясында»: «Дәстүр дегеніміз ұрпақтан-ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі» [1] делінген. Яғни, әр халықтың өзіне тән әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері болады. Осы ұлттық мәдениет арқылы сол халық өзінің қасиеттерін, мінез-құлқын, тәрбиесі мен құндылықтарын паш ете алады.

Қазақ халқы ұлттық салт-дәстүрлерге бай елдердің біріне жатады. Еліміздегі салт-дәстүрлерді атап өтсек, оның ішінде бала тәрбиесіне қатысты: шілдехана, сүйінші, көрімдік, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, тілашар және т.б., ал әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, ауыл адамдарының бір-біріне деген туыстық қарым-қатынасы, шешендік сөз өнері, ұлттық музыкалық аспаптар, үйлену мен отбасын құруға байланысты салттар, қонақ күту дәстүрі, ұлттық мерекелерді өткізу сияқты шаралар кіреді. Сонымен қатар, қазақ халқында беташар, тыйым, жеті ата, базарлық, тізе бүгу, шашу, тоқымқағар және тағы басқа көптеген ұлттың терең дүниетанымын көрсететін дәстүрлер бар [2]. Алайда, уақыт өте келе біраз салт-дәстүріміз ұмыт қалып, қоғамнан біртіндеп жоғалып бара

жатқаны сезіледі.

Жаңа ғасыр – жаңа технологиялар, жаңа ізденістер ғасыры. Заман талабы өзгерген сайын адамзаттың да ұлттық ой-санаға, дәстүрлерге деген көзқарасы өзгерері сөзсіз. Яғни, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатыр десек те, заман талабына сай өзгеріп, жаңарып отырғандығы байқалады. Қазіргі таңда салт-дәстүрлеріміздің кейбірі өмір ағымына байланысты өзгеріп қана қоймай, жаңадан пайда болып жатқандары да бар. Ал енді қазақ салт-дәстүрінің өзгеріп, қоғамға жаңадан енгізілуі дұрыс па? Ұлттық салт-дәстүрлер заман талабына сай өзгертілуді қажет ете ме? Осы сұрақтарға жауап беру үшін ең алдымен қазақ халқының ұмытылып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріне тоқталып өтсек.

**Айдар.** Бұл баланың төбе шашын ұзын ғып өсіріп, моншақ араластыра өріп қояды. Аталған ғұрып негізінен, тіл-көзден сақтау үшін ер балаларға сүндет тойына дейін жасалады. Мысалы, Кенесарының інісі Наурызбай батырдың ұзын айдары болғаны тарихтан белгілі. Қазіргі таңда бұл атау жастардың арасында да, үлкендер арасында да қолданыстан кетіп бара жатқанын байқауға болады. Себебі бұл ғұрыпты жастарымыз іштей білсе де, оның атауын білуі екіталай.

**Аунату.** Қазақтар үйіне келген, қонған қадірлі, сыйлы қонақтардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері дарысын» деп балаларын аунатып алатын болған. Кіндік қаны тамған туған жеріне елге, ағайынға сыйлы азамат келгенде, халық, туған-туыстары, дос жарандары балаларын сол жердің топырағына аунатып алған.

Мысалы, Түркі әлеміне теңдессіз мұра қалдырған қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың үйіне қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов келгенде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

**Байғазы беру.** Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алған кезде аға, апа, ата- әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал-мүлік немесе құнды бір зат беріп, құтты болсын айтады.

**Жол беру.** Қазақта үлкен адам келе жатқанда алдын кесіп өтпейді, оған жол береді, үйге кіргенде, орнынан тұрып төрге отырғызады. Аң аулағанда да жасы үлкен адам бірінші болып оқ шығарады, олжаның алғашқысын иемденеді. Алыстан келген қонаққа да, қызметі мен шені жоғары адамдарға да құрметпен жол беріледі. Мұның бәрі қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарындағы этикалық жоралғы болып саналады.

**Қонақ кәде айту.** Үй иесі қонағына «қонақ кәде айта отырыңыз», – деп қолқа салатын болған. Ол – өлең айтыңыз, күй тартыңыз, өнер көрсетіңіз деген тілек, қонақтың өнерін, қабілетін сынау, көңілді отыру деген мағынаны білдіреді. Сол себепті қазақтар баласын жастайынан ән айту, күй тарту тәрізді өнерге баулыған. Өйткені қонақ кәде айта алмай қалу – ыңғайсыз жағдай [3].

**Жеті ата.** Жеті атасын білмеген – жетесіз. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жаттатқан. Себебі мұның әлеуметтік мәні зор болған. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғы адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан қалған. Сондықтан әр қазақ баласы үшін өз ата-тегін білу тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн-жосықты білудің бір саласы болып саналған [4].

Соңғы ұмытылып бара жатқан дәстүріміздің қатарында бесік жыры да бар. **Бесік жыры** – бесікте жатқан нәрестеге айтылатын жыр немесе өлең-шумақ. Ерте кездері әжелеріміз бен апаларымыз, аналарымыз жаңа туған нәрестелерге ұйқысы тәтті, тыныш болсын деп бесік жырын айтатын. Қазіргі кезде бесік жырын жатқа айтып, бар ынтасымен әнге қосып жырлайтын аналарды, әжелерімізді кездестіруіміз сирек болып бара жатыр. Сонымен қатар, өз ұлтының салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын толық білмеуі немесе ұстанбауы да өзекті тақырыптардың бірі саналады.

Қазақ жұрты, әсіресе қазақ баласы, өзінің салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарын біліп, міндетті түрде сақтап, оны кейін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе алуы тиіс. Алайда, осы ұлттық құндылықтардың сақталуы не сақталмауы қоғамның және заманның жай-күйіне тікелей байланысты. Келер ұрпақ ұлттық салт-дәстүрдің шынайы мәнін түсінуі үшін қазіргі ұрпақ ұлттық құндылықтарды толық меңгеруі, оны жетілдіруге үлесін қосуы тиіс. Бұл – әрбір

қазақ баласының парызы деп санар едім.

Ата-бабаларымыздың рухани және материалдық мәдени құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру, осы негізде оларға ұлттық рухта тәрбие беру – өзекті педагогикалық мәселелердің бірі. Сондықтан кейінгі жас ұрпақ ұлттық салт-дәстүрге құрметпен қарағаны абзал.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалды ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын сақтау арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал оның түпкі мақсаты – инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар дәуірінде қабілеттілік таныту талабының айқын көрінуі. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда елімізде ұлттың интеллектуалды әлеуеті көңіл көншітерлік жағдайда емес [5].

Ұлттық сана дегеніміздің өзі де әр адамның жеке азаматтық санасы сияқты, әр ұлттың өз тіршілігін өзі бағдарлауы, өзінің барар жерін, шығар биігін өзі белгілеуі, өзінің алдына өзі мақсат қоя білуі деп түсінген жөн. Осыған орай, Ә. Кекілбаев айтқандай, «Дәстүрмен, әдеппен, әдет-ғұрыппен, мың жылдап қалыптасқан дағдымен күресу – есуастық. Бірақ оның бәрін жаңа жағдайға лайықтамай, жаңғыртпай, сол қалпында ұстануға тырысу – өз аяғыңды өзің тұсап, өз қолыңды өзің кісендеумен бара-бар» – деген еді [6]. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген ұранның кесірінен қаншама асыл дәстүрлерді жоғалтып алдық. Қоғамдағы келеңсіздіктердің орын алуы – солардың бәрін реттеп отыратын салт-дәстүрлердің өзгеріске ұшырауынан немесе мүлдем жоғалуынан деп бағалауға болады. Сондықтан ата-бабадан мұра болып келе жатқан ешқандай дәстүрді өзгертудің қажеті жоқ, тек соны заманға лайықтап, бейімдеп қолдануды қолға алу керек. М. Әуезов «…егер, шын мәнінде, ерікті ел боламыз, өзге өркениетті елдермен иық тірестіріп, терезе теңестіреміз десек, халықтық салтымызға, елдік дәстүрімізге мейлінше адал болып, оны барынша қадірлеп, қасиеттеуіміз керек» деген салиқалы ой білдірген болатын [7].

Қазіргі таңда жастарымыздың көпшілігі әлеуметтік желілерде, интернет порталдарда уақыт өткізеді. Сондықтан ұлттық салт-дәстүрлерді ұмытпау, оны сақтау үшін осы платформаларда салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқаратындығы туралы жастарға қызықты әрі оларды оқуға ынталандыра түсетін мақалалар жазылуы қажет.

Жоғарыда айтылғандай, қазақ халқының бірқатар дәстүрі мен әдеп-ғұрыптарының ұмыт болуы олардың қоғамдағы орнының төмендеуіне әкеліп отыр. Аталған салт-дәстүрлердің мән-мағынасын терең түсіндірсек, оның қалай орындалатынын да жақсы білер едік. Кей жағдайда оларды әлі күнге дейін орындап жүргендер де кездеседі, бірақ көп жағдайда атауын білмей жатады.

Сондай-ақ, қайта жаңғыртылмаған дәстүрлер де жоқ емес [8]. Мысалы, «аунату» дәстүрі, бесік жыры. Бүгінде бесік жырын айтатын ана-әжелеріміздің де қатары азайды. Ал бұл салт-дәстүрлердің қазақ қоғамында ұлттық құндылықтарды сақтауда алдыңғы қатарда тұратынын жете біле бермейді. Мысалы, бесік жырын айту үшін алдымен нәрестені бесікке бөлеу қажет. Бұл – жырды айтудағы басты алғышарт, алайда ата-аналардың басым бөлігі мұның мәніне үңіле бермейді. Себебі бесікке бөлеу және бесік жырын айту – халқымыздың екі бөлек, өз алдына мағынасы терең, тәрбиелік мәні зор дәстүрлері.

Жалпы, салт-дәстүр – белгілі бір халықтың белгілі бір жүйеге байланысты, және ұстанатын дініне, тіліне, діліне, мәдениетіне байланысты қалыптасқан, белгілі бір уақытта қайталанып отыратын халықтың ұлттық құндылығы. Ал ұлттық құндылық дегеніміз ұлттың тірегі. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп, еліміздің тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізсек, халық өміріндегі өзгерістер мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің ауысуы үлкен тарихи оқиғалардан кейін, заманның өзгеруіне байланысты орын алатыны байқалады.

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін ең алдымен, оның салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары сақталуы тиіс. Егер заманның өзгергенін желеу етсек, қоғамға енген заманауи өзгерістермен бірге ғұрыптарымыз да қатар насихатталуы тиіс. Техника дамыған заманда өмір сүріп, сол технологияларды пайдалану арқылы болмысымыз бен ұлттық ерекшеліктерімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу

– басты міндеттеріміздің біріне айналғаны жөн.

Қорыта айтқанда, ұлттық салт-дәстүр – ғасырлар бойына қалыптасқан рухани құндылық, сондықтан ол бір күнде жойылып кете алмайды. Дегенмен, ескерусіз қалса, бірте-бірте ұмыт қалуы да ғажап емес. Сол себептен осындай ұлтымыздың бай дәстүрлерін қолдан келгенше дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау – әрбір қазақтың борышы.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Махсутова М. Қазақтың салт-дәстүрлері – ұлттық құндылық. //sabaqtar.kz/shigarmalar/1503-azaty-salt-dstrler-ltty-ndyly.html

2. Ұлттық салт-дәстүрлер түрлері. «Еркетай» порталы. – 2013 ж.

3. Мұстафина А. Ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлері. – 2013 ж.

4. Кенжеахметұлы С. Жеті атаны білуіміз керек. // Ана тілі, 2011, 13 қаңтар.

5. Сизова Л. Қазақстан балалары: әлем әдебиеті жолында. – 2014 ж.

6. Төлеуғалиұлы Б. Ұлттық мәдениет және салт-дәстүр. // Маңғыстау, 2013 ж.

7. Нәби Ә. Салт-дәстүрлерді сақтауымыз қажет. // Ана тілі, 2012 ж.

8. Әбдірасылқызы А. Қазақтың әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері танымдық, тәрбиелік маңызға бай. // e-islam.tarmpi.kz

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ


**ӘБДІҒАЛИҰЛЫ** Берік
**ИБРАЕВА** Ақмарал
**ӘЛІМБАЙ** Нұрсан
**САРОВ Сержан**
**ЖУМАБЕКОВА** Гулайым
**САҒАДИЕВ** Ұлан
**ДҮКЕНБАЕВ** Нұрлан
**САРБАСОВ** Алмас
**БӨРІБАЕВА** Сәуле
**НУРСЕИТОВ** Тілектес
**МЕРГЕНБАЙ** Нұржан
**МУХТАРОВА** Гулмира
**ДӘНДІҚАРАҚЫЗЫ** Бибігүл
**ИСМАТОВ** Бахадир
**ЖАНДОСОВ** Айбек
**ӘБІЛСЕЙІТ** Мұқтар
**ҚАСЫМБЕКОВ** Нұрлан
**МЫРЗАБЕК** Құдайберді
**ДҮЙСЕНҒАЛИ** Мейрам
**КИПИЕВ** Мұхамбетқали
**АБЛАНОВА** Эльвира
**САФУЛЛИН** Жантас
**АЛИАКПАРОВ** Арман
**ІЛИЯС** Сейітжан
**АЯЗБАЕВА** Рысжан
**НҰРМАҒАНБЕТОВ** Ержан
**МЕНДЕКИНОВА** Гүлжан
**КӨЗЕЙБАЕВ** Сапар
**САДЫРБАЕВ** Қайрат
**МҰҚЫШЕВА** Гүлнәр
**ШУБАЕВ** Ерболат
**АЙТЫМБЕТ** Баян
**НУРГАЗИЕВА** Светлана


Қазақстан Республикасының ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ


– Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
– Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
– Т.ғ.к., профессор, музей саласының ардагері
– Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі
– Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының өнер музейі
– Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы
– «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей -қорығы
– «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
– «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
– «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
– «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
– «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
– «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы
– «Ордабасы» Ұлттық тарихи-мәдени қорық музейі
– «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы
– «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
– Ұлытау Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы
– Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Жетісу облысы М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі
– Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі
– С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану музейі
– Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі
– Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

Қазақстан Республикасының
ҰЛТТЫҚ
МҰЗЕЙІ

**Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –**
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат комитетінде
16.08.2024 жылы тіркелген. Куәлік №KZ91VPY00099077

**«*Музей әлемі*» танымдық журналына жазылыңыздар**
**Журнал жылына 4 рет шығады**

***Бір жылға жазылу бағасы* – 21 674,08 тг**
***Алты айға жазылу бағасы* – 10 837,04 тг**
***Үш айға жазылу бағасы* – 5 418,52 тг**
***Бір нөмірдің бағасы* – 5 418,52 тг**



**Журналдың 2026 жылға арналған газеттер мен**
**журналдар каталогіндегі индексі – 76244**
**«Қазпочта» АҚ**